

SCX-4600 Series
SCX-4623 Series

Көп қызметті принтер Пайдаланушы нұсқаулығы

imagine the possibilities

Осы Samsung өнімін сатып алғаныңызға
рахмет.

SAMSUNG

Авторлық құқық

© 2009 Samsung Electronics Co., Ltd. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл нұсқаулық тек ақпарат ретінде берілген. Осындағы барлық мәліметтер ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Samsung Electronics компаниясы осы пайдаланушы нұсқаулығы салдарынан немесе оған қатысты орын алған тікелей немесе жанама зақымдар үшін жауапты болмайды.

- Samsung және Samsung логотипі — Samsung Electronics Co., Ltd компаниясының сауда белгілері.
- Microsoft, Windows, Windows Vista, Windows 7 және Windows 2008 Server R2 — тіркелген немесе Microsoft корпорациясының сауда белгілері.
- TrueType, LaserWriter және Macintosh — Apple Computer, Inc компаниясының сауда белгілері.
- Ал барлық басқа брэнд пен өнім аттары тиісті компаниялар мен ұйымдарының сауда белгілері.

Бастапқы ашық лицензиялық ақпаратты алу үшін, берілген ықшам дискісіндегі «**LICENSE.txt**» файлын қараңыз.

REV. 1.02

Мазмұны

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

2

МАЗМҰНЫ

3

- 9 Қауіпсіздік туралы ақпарат
- 14 Заңдық ақпарат
- 22 Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы ақпарат
- 24 Жаңа өнімнің мүмкіндіктері

КІРІСПЕ

26

- 26 Құрылғыға шолу
- 26 Алдыңғы көрінісі
- 27 Артқы көрінісі
- 28 Басқару тақтасына шолу (SCX-4623 сериясы)
- 29 Басқару тақтасына шолу (SCX-4600 сериясы)
- 30 Состояние жарық диодын түсіну
- 30 Пайдалы түймелерді таныстыру
- 30 Меню түймесі
- 30 Питание түймесі
- 30 Печать экр. түймесі
- 30 Құрылғыны қосу

ЖҰМЫСҚА КІРІСКЕНДЕ

31

- 31 Жабдықты орнату
- 31 Жабдықталған бағдарламалық құрал
- 32 Жүйе талаптары
- 32 Windows
- 33 Macintosh
- 33 Linux
- 33 USB қосылған құрылғы драйверін орнату
- 33 Windows
- 34 Macintosh
- 35 Linux
- 36 Жабдықты жергілікті ортақ пайдалану
- 36 Windows
- 36 Macintosh

ЖЕЛІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

37

- 37 Желі ортасы
- 37 Пайдалы желілік бағдарламалармен танысу
- 37 SyncThru™ Web Service
- 37 SyncThru™ Web Admin Service
- 37 Samsung AnyWeb Print
- 37 SetIP
- 37 Сымды желіні пайдалану
- 38 Желі конфигурациясының есебін басып шығару
- 38 IP мекенжайын орнату
- 39 Желі параметрін орнату
- 39 Өдепкі зауыттық параметрлерді қалпына келтіру
- 40 Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату
- 40 Windows
- 41 Macintosh
- 42 Linux
- 42 IPv6 конфигурациясы
- 42 IPv6 мүмкіндігін іске қосу

НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРДІ ОРНАТУ

44

- 42 IPv6 мекенжайын орнату
- 43 SyncThru™ Web Service бағдарламасын қосу
- 44 **Биіктігін реттеу**
- 44 **Дисплей тілін өзгерту**
- 44 **Күн мен уақытты орнату**
- 45 **Сағат режимін өзгерту**
- 45 **Әдепкі режимді өзгерту**
- 45 **Дыбыстардың параметрлерін орнату**
 - 45 Динамик, қоңырау, перне дыбысы және дабыл дыбысы
 - 45 Динамик дыбысының деңгейі
- 45 **Таңбаларды сандық пернетақта арқылы енгізу**
 - 45 Әріптер мен сандар сияқты таңбаларды енгізу
 - 46 Пернетақтадағы әріптер мен сандар
 - 46 Сандарды немесе аттарды түзету
 - 46 Кідіріс енгізу
- 46 **Сақтау режимдерін пайдалану**
 - 46 Тонерді үнемдеу мүмкіндігін пайдалану
 - 46 Қуат үнемдеу мүмкіндігін пайдалану
- 46 **Әдепкі науаны және қағазды орнату**
 - 46 Басқару тақтасында
 - 47 Компьютерде
- 47 **Тапсырманың орындалу мерзімін орнату**

ДЕРЕК ТАСУШЫЛАР МЕН НАУА

48

- 48 **Түпнұсқалы құжаттарды дайындау**
- 48 **Түпнұсқалы құжаттарды салу**
 - 48 Сканер шынысында
 - 49 Құжат бергіште
- 49 **Басып шығару материалдарын таңдау**
 - 49 Басып шығару материалдарын таңдауға арналған нұсқаулар
 - 49 Әр режимде қолдау көрсетілетін дерек тасушыларының өлшемдері
- 50 **Науа өлшемін өзгерту**
- 50 **Науаға қағаз салу**
 - 50 1-науа
 - 51 Қолмен жүктелетін науа
- 51 **Ерекше дерек тасушыларына басып шығару**
 - 52 Конверт
 - 52 Үлдір
 - 53 Жапсырмалар
 - 53 Карточка бумасы/өлшемі таңдамалы қағаз
 - 53 Ресми баспабет қағазы/ алдын ала басылған қағаз
 - 53 Фотосурет
 - 53 Жылтыр
- 54 **Қағаз түрі мен өлшемін орнату**
 - 54 Қағаз өлшемін орнату
 - 54 Қағаз түрін орнату
 - 54 Қағаз көзін орнату
- 54 **Шығару тірегін қолдану**
 - 54 Қағаздарды берік жинақтау
 - 55 Кіші өлшемді басылымды алу

БАСЫП ШЫҒАРУ

56

- 56 **Принтер драйверінің мүмкіндіктері**
 - 56 Принтер драйвері
- 56 **Басып шығарудың негізгі әрекеттері**
 - 57 Басып шығаруды тоқтату

- 57 **Басып шығару басымдықтарын ашу**
- 57 Таңдаулы параметрді пайдалану
- 58 **Анықтаманы пайдалану**
- 58 **Басып шығарудың арнайы мүмкіндіктерін пайдалану**
- 58 Бір параққа бірнеше бетті басып шығару
- 58 Афишаларды басып шығару
- 59 Кітапшаларды басып шығару (қолмен)
- 59 Қағаздың екі жағына басып шығару (қолмен)
- 59 Құжаттың көлемін өзгертіңіз
- 59 Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне лайықтау
- 60 Сутаңбаларды пайдалану
- 60 Оверлейді пайдалану
- 61 Күрделі опциялар
- 61 **Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту**
- 61 **Құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнату**
- 62 **Файлға басып шығару (PRN)**
- 62 **Macintosh жүйесімен басып шығару**
- 62 Құжатты басып шығару
- 62 Принтер параметрлерін өзгерту
- 63 Бір параққа бірнеше бетті басып шығару
- 63 **Linux жүйесінде басып шығару**
- 63 Қолданбалардан басып шығару
- 64 Файлдарды басып шығару
- 64 Принтер сипаттарының параметрлерін реттеу

КӨШІРМЕ ЖАСАУ

65

- 65 **Көшірме жасаудың негізгі қадамдары**
- 65 **Әр көшірменің параметрлерін өзгерту**
- 65 Ашықтығын өзгерту
- 65 Түпнұсқалардың түрін таңдау
- 65 Көшірме өлшемін кішірейту немесе үлкейту
- 66 **Әдепкі көшірме жасау параметрлерін өзгерту**
- 66 **Арнайы көшірме жасау мүмкіндіктерін пайдалану**
- 66 Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау
- 66 Бір бетке 2 немесе 4 беттің көшірмесін жасау (N-up)
- 67 Постердің көшірмесін жасау
- 67 Клондық көшірме жасау
- 67 Өңдегі кескіндерді өшіру
- 68 **Көшірменің басып шығу түрін іріктеу**
- 68 **Көшірме жасауды бастау уақытын орнату**

СКАНЕРЛЕУ

69

- 69 **Негізгі сканерлеу әдісі**
- 69 **Бастапқы нұсқаларды сканерлеу және компьютерге жіберу (Сканир. на ПК)**
- 69 USB қосылған құрылғы үшін
- 70 Желі қосылған құрылғы үшін
- 70 **Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын пайдалану**
- 70 Настройки сканирования қойындысы
- 71 Изменить порт қойындысы
- 71 **TWAIN қосылған бағдарламалық құралмен сканерлеу**
- 71 **WIA драйверін пайдалану арқылы сканерлеу**
- 71 Windows XP
- 72 Windows Vista
- 72 Windows 7
- 72 **Macintosh сканерлеуі**
- 72 USB -мен сканерлеу

- 72 Желімен сканерлеу
- 73 **Linux сканерлеуі**
- 73 Сканерлеу
- 74 Job Type параметрлерін сақтау
- 74 Image Manager бағдарламасын пайдалану

ФАКСПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

76

- 76 **Факс жіберуге дайындау**
- 76 **Факсті компьютермен пайдалану**
- 76 Факс жіберу
- 77 Факс қабылдау
- 78 **Факсті құрылғыдан жіберу**
- 78 Факстің тақырыбын орнату
- 78 Факс жіберу
- 78 Факсті қолмен жіберу
- 78 Тасымалдауды растау
- 78 Автоматты түрде қайта теру
- 78 Соңғы нөмірді қайта теру
- 79 Факсті бірнеше бағытқа жіберу
- 79 Факстің тасымалдануын кідірту
- 80 Басымдылыққа ие факсті жіберу
- 80 **Факсті құрылғыдан қабылдау**
- 80 Қабылдау режимдерін өзгерту
- 80 Факстерді «Телефон» режимінде қолмен қабылдау
- 80 Жабдыққа/Факске жауап беру режимінде автоматты түрде қабылдау
- 81 Қосымша телефонды пайдаланып, факсті қолмен қабылдау
- 81 Факсті DRPD режимі арқылы қабылдау
- 81 Қауіпсіз қабылдау режимін қабылдау
- 81 Қауіпсіз қабылдау режимін қосу
- 81 Жадтағы факстерді қабылдау
- 82 **Құжат параметрлерін реттеу**
- 82 Разрешение
- 82 Яркость
- 82 **Факсті басқа бағытқа қайта жіберу**
- 82 Жіберілген факсті басқа бағытқа қайта жіберу
- 82 Қабылданған факсті басқа бағытқа қайта жіберу
- 83 **Мекенжай кітапшасын орнату**
- 83 Жылдам теру нөмірлері
- 83 Топтық теру нөмірлері
- 84 Жазбаны Мекенжай кітапшасынан іздеу
- 84 **Факстің жіберілуі туралы есепті автоматты түрде басып шығару**

ҚҰРЫЛҒЫ КҮЙІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША МҮМКІНДІК

85

- 85 **Факс параметрлері**
- 85 Факс параметрлерін өзгерту
- 85 Жіберу
- 86 Қабылдау
- 87 Әдепкі параметрді өзгерту
- 87 Авто есеп
- 87 **Көшірме параметрлерін орнату**
- 87 Көшірме параметрлерін өзгерту
- 87 Әдепкі параметрді өзгерту
- 88 **Есепті басып шығару**
- 88 **Жадты тазалау**
- 89 **Желі**
- 89 **Мәзірді шолу**

Мазмұны

БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ

91

- 91 Пайдалы басқару құралдарымен танысу
- 91 **SyncThru™ Web Service қызметін пайдалану**
 - 91 SyncThru™ Web Service қызметіне кіру:
 - 91 SyncThru™ Web Service қызметіне шолу
 - 91 Контакт мәліметтерін орнату
- 92 **Smart Panel бағдарламасын пайдалану**
 - 92 Smart Panel бағдарламасын түсіну
 - 92 Smart Panel бағдарламасының параметрлерін өзгерту
- 93 **Smarthru**
 - 93 SmarThru бағдарламасын іске қосу
 - 93 SmarThru қолданбасын пайдалану
- 94 **SetIP бағдарламасын пайдалану**
 - 94 Windows
 - 94 Macintosh
 - 94 Linux
- 95 **Linux жүйесінің Unified Driver Configurator қолданбасын пайдалану**
 - 95 Unified Driver Configurator қолданбасын ашу
 - 95 Printers configuration
 - 96 Scanners configuration
 - 96 Ports configuration

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

97

- 97 Құрылғы туралы есепті басып шығару
- 97 Жабдықтардың жұмыс мерзімін бақылау
- 97 «Тонер деңгейі төмен» ескертуін пайдалану
- 97 Сериялық нөмірді табу
- 97 **Құрылғыны тазалау**
 - 98 Құрылғының сыртын тазалау
 - 98 Құрылғының ішін тазалау
 - 98 Сканерлеу блогын тазалау
- 99 **Тонер картриджін сақтау**
 - 99 Қолдану нұсқаулары
 - 99 Samsung компаниясы өндірімеген және қайта толтырылған картриждерді қолдану
 - 99 Картридждің болжанған жұмыс мерзімі
- 99 **Құрылғыны тасымалдау және сақтау кеңестері**

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

100

- 100 Тонерді қайта тарату
- 100 Түпнұсқалы құжат кептелулерін жою
- 101 Қағаздың иілуіне жол бермеуге арналған кеңестер
- 102 Қағаздың кептеліп қалуына жол бермеуге арналған кеңестер
- 102 **Қағаз кептелулерін жою**
 - 102 1-науада
 - 102 Қолмен беру науасында
 - 103 Құрылғы ішінде
 - 103 Шығару аумағында
- 104 **Қате туралы хабарламаларды түсіну**
 - 104 Экран хабарламаларын тексеру
- 107 **Басқа мәселелерді шешу**
 - 107 Қуатқа байланысты мәселелер
 - 108 Қағаз беру мәселелері
 - 109 Басып шығару мәселелері
 - 111 Басып шығару сапасына байланысты мәселелер
 - 114 Көшіру мәселелері
 - 114 Сканерлеу мәселелері
 - 115 Факс мәселелері

Мазмұны

- 115 Диспетчер сканирования Samsung мәселесі
- 115 Windows жүйесінде жиі кездесетін мәселелер
- 116 Linux жүйесінде жиі кездесетін мәселелер
- 117 Macintosh жүйесінде жиі кездесетін мәселелер

ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚОСАЛҚЫ ҚҰРАЛДАР

118

- 118 Сатып алу жолы
- 118 Алуға болатын жабдықтар
- 118 Алуға болатын техникалық қызмет көрсету бөлшектері
- 119 Тонер картриджін ауыстыру
- 120 Алмастыру бөлшектерінің жұмыс мерзімін тексеру

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

121

- 121 Аппараттық құралдың сипаттамалары
- 122 Қоршаған орта талаптары
- 122 Электр жабдықтарының техникалық сипаттамалары
- 123 Басып шығару материалының сипаттамалары

CONTACT SAMSUNG WORLDWIDE

124

ГЛОССАРИЙ

126

ИНДЕКС

132

Қауіпсіздік туралы ақпарат










Бұл ескертулер мен алдын ала сақтандырулар сіздің немесе басқалардың жарақаттануына және құрылғыңызға қандай да бір зақым келуіне жол бермеу үшін беріледі. Құрылғыны пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыңыз.

Қандай да бір электр құрылғысымен жұмыс істеу және құрылғыны қашан болмасын пайдалану кезінде саналылық танытыңыз. Сонымен қатар, құрылғы мен барлық ілеспе әдебиеттерде белгіленген барлық ескертулер мен нұсқауларды қадағалаңыз. Бұл бөлімді оқып шыққаннан кейін келешекте пайдалану үшін оны сенімді жерде сақтаңыз.

Маңызды қауіпсіздік таңбалары

Бұл бөлім барлық пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық белгішелер мен белгілердің мәнін түсіндіреді. Бұл қауіпсіздік таңбалары қауіп деңгейіне сәйкес тәртіппен беріледі.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық белгішелер мен белгілердің түсіндірмесі:

	Ескерту	Ауыр дене жарақаты немесе өлімге әкелетін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.
	Абайлаңыз	Жеңіл дене жарақаты немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.
		Істеуге болмайды.
		Бөлшектеуге болмайды.
		Ұстамаңыз.
		Қуат шнурын қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
		Электр тогы соғуының алдын алу үшін құрылғының жерге дұрыс орнатылғанына кез жеткізіңіз.
		Көмек алу үшін қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
		Нұсқауларды мұқият орындаңыз.

Ескерту




Қуат сымы зақымданған немесе штепсельдік розетка жерге орнатылмаған болса, пайдалануға болмайды.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз (су, кішкентай металл немесе ауыр нәрселер, шамдар, тұтанған темекі, т.б.).

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Егер құрылғы қызып кетсе, одан түтін шығарып, түсініксіз дыбыстар беріп немесе оғаш иіс шығарады, қосқышты дереу өшіріп, құрылғыны желіден суырыңыз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Майыстырмаңыз немесе қуат сымына ауыр нәрселер қоймаңыз.


► Қуат сымын таптау немесе оны ауыр нәрселермен мыжылуы электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Ашаны сымнан тартып суыруға болмайды, ашаны дымқыл қолмен ұстауға болмайды.


► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Абайлаңыз




Электр дауылы кезінде немесе жұмыс істемейтін кезде ашаны электр розеткасынан ажыратыңыз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Мұқият болыңыз, қағаз шығатын бөлік ыстық болады.

► Күйіп қалуыңыз мүмкін.




Егер құрылғыны құлатып алсаңыз немесе корпусына зақым келсе, оны барлық интерфейстік қосылымдардан ажыратып, білікті қызметкерлерден көмек сұраңыз.

► Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Егер құрылғының жұмысында кенеттен және айқын өзгеріс орын алса, құрылғыны барлық интерфейстік қосылымдардан ажыратып, білікті қызметкерлерден көмек сұраңыз.

► Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Егер қосқыш электр розеткасына оңай енбесе, оны күштеп кіргізбеңіз.

► Электр розеткасын өзгерту үшін электрик маманды шақырыңыз немесе бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Үй жануарларының айнымалы ток, телефон немесе дербес компьютер интерфейсі сымын тістеуіне жол бермеңіз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке және/немесе үй жануарының жарақаттануына әкелуі мүмкін.



Егер нұсқаулар қадағаланғаннан кейін құрылғы тиісті түрде жұмыс істемесе, құрылғыны барлық қосылымдардан ажыратып, білікті қызметкерлерден көмек сұраңыз.

► Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Абайлаңыз



Басып шығару кезінде қағазды күшпен тартып алуға болмайды.

▶ Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.



Қолыңыз құрылғы мен қағаз науа арасында қыстырылып қалмауына сақ болыңыз.

▶ Жарақаттануыңыз мүмкін.



Желдету саңылауын бітемеңіз немесе оған нәрселерді тастамаңыз.

▶ Бұл құрамдастарын қыздырып, зақымдалуға немесе өртке әкелуі мүмкін.




Қағазды ауыстыру немесе кептелген қағазды алып тастау кезінде мұқият болыңыз.

▶ Жаңа қағаздың шеттері өткір және жырып кетуі мүмкін.



Үлкен көлемде басып шығару кезінде қағаз шығатын бөліктің асты қызып кетуі мүмкін. Балалардың ұстауына жол бермеңіз.

▶ Күйіп қалуыңыз мүмкін.



Кептелген қазады алған кезде қысқыш немесе үшкір метал нәрселерді пайдалануға болмайды.

▶ Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.



Қағаз шығатын бөлікте тым көп қағаздың жиналып қалуына жол бермеңіз.

▶ Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.



Бұл құрылғының қуатты ұстау құрылғысы қуат сымы болып табылады.

▶ Қуатты өшіру үшін қуат сымын электр розеткасынан алып тастаңыз.


Ескерту



Құрылғыны шаңды, ылғал немесе су ағатын орындарға орналастырмаңыз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Абайлаңыз



Құрылғыны жылжыту алдында қуатты өшірі, барлық сымдарды ажыратыңыз.

Одан кейін құрылғыны көтеріңіз:

- Егер құрылғы 20 кг-ға жетпесе, 1 адаммен көтеріңіз.
- Егер құрылғы салмағы 20 кг - 40 кг болса, 2 адаммен көтеріңіз.
- Егер құрылғы 40 кг-нан астам болса, 4 немесе одан да көп адаммен көтеріңіз.

► Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.

- ❗ Құрылғыны тұрақсыз бетке қоймаңыз.
 - Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.
- ⚙️ Құрылғы белгіде көрсетілген қуат деңгейімен қосылуы тиіс.
 - Егер сенімсіз болсаңыз және қуат деңгейін тексергіңіз келсе, электр жабдықтары компаниясына хабарласыңыз.
- ❗ Тек № 26 AWG пайдаланыңыз^a немесе қажет болса, үлкенірек телефон желісінің сымы.
 - Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

- ⊘ Құрылғының үстіне жабын жаппаңыз немесе шкаф сияқты ауасы тар орынға орналастырмаңыз.
 - Егер құрылғы желдетілмесе, бұл өртке әкелуі мүмкін.

- ❗ Қуат сымын жерге орнатылған электр розеткасына қосыңыз.
 - Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
- ⊘ Қабырға розеткалары мен ұзартқыш шнурларға шамадан көп жүктеме түсірмеңіз.
 - Бұл өнімділікті азайтып, электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
- ❗ Қауіпсіз жұмыс істеу үшін құрылғыңызбен бірге берілетін қуат сымын пайдаланыңыз. Егер 140 В құрылғыға сым 2 метрден асатын сым пайдаланылатын болса, калибр 16 AWG немесе үлкенірек болуы керек.
 - Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіріп, электр тогының соғуына немесе өртке әкеп соқтыруы мүмкін.

a. AWG: Америкалық сымдық калибр

Абайлаңыз



Құрылғының ішкі бөлігін тазалаудан бұрын өнімді қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғыны бензинмен тазалауға, еріткішпен немесе спиртпен бояуға **болмайды**; құрылғыға суды тікелей бүрікпеңіз.

- ▶ Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Керек-жарақтарды ауыстыру немесе ішін тазалау сияқты құрылғының ішкі бөлігімен жұмыс істеу барысында құрылғыны іске қоспаңыз.

- ▶ Жарақаттануыңыз мүмкін.



Қуат кабелі мен қосқыштың контакт бетін шаң немесе судан таза ұстаңыз.

- ▶ Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Бұраңдалармен бекітілген қандай да бір жабынды немесе қаптаманы алып тастауға болмайды.

- ▶ Құрылғыны Samsung техникалық қызметкері ғана жөндеуі керек.



Тазартқыш керек-жарақтарды балалардан аулақ ұстаңыз.

- ▶ Балалар жарақаттануы мүмкін.



Құрылғыны өз бетіңізше бөлшектеуге, жөндеуге немесе қалпына келтіруге болмайды.

- ▶ Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін. Құрылғыны жөндеу қажет болса, білікті техникалық маманға хабарлаңыз.



Құрылғыны тазалау және жұмыс істеу үшін құрылғымен бірге берілетін пайдаланушы нұсқаулығын қатаң қадағалаңыз.

- ▶ Әйтпесе құрылғыға зиян келтіруіңіз мүмкін.

Керек-жарақтарды пайдалану

Абайлаңыз



Тонер картриджді бөлшектеуге болмайды.

- ▶ Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.



Тонер картриджі немесе сақтандырғыш құрылғысы сияқты керек-жарақтарды өртеуге болмайды.

- ▶ Бұл жарылысқа немесе сөндіру қиын өртке әкелуі мүмкін.



Тонер картриджі сияқты керек-жарақтарды сақтау кезінде оларды балалардан аулақ ұстаңыз.

- ▶ Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.



Тонер сияқты керек-жарақтарды қайта пайдаға жарату құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

- ▶ Қайта пайдаға жаратылған керек-жарақтарға байланысты зақымданған жағдайда қызметтік төлем алынады.

e



Тонер картриджді өзгерту немесе кептелген қағазды алып тастау кезінде тонер шаңының денеңізге немесе киімдеріңізге жұқпауына сақ болыңыз.

- ▶ Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.



Тонер киімге жұққан кезде оны ыстық сумен жумаңыз.

- ▶ Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді. Салқын суды пайдаланыңыз.

Заңдық ақпарат

Бұл жабдық бірнеше нормативті мәлімдемелермен куәландырылған.

Лазерлік құрылғыларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы

Бұл принтердің DHHS 21 CFR ережесінің 1-тарау, J-параграфындағы I(1)-класты лазерлік өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкес келетіні АҚШ-та куәландырылған. Ал басқа елдерде IEC 825 талаптарына сәйкес келетін I-класты өнім ретінде куәландырылған. I-класты лазерлік өнімдер қауіпті болып есептелмейді. Лазер жүйесі және принтер қалыпты жұмыс барысында, техникалық қызмет көрсету кезінде немесе орнатылған жұмыс жағдайында адамның лазерлік сәуле алу мөлшері I-классына сәйкес келетін деңгейден аспайтындай етіп жасалған.

АБАЙЛАҢЫЗ!

Лазер/сканер бөлігінен қорғауыш қақпақ алынған болса, принтерді пайдаланбаңыз немесе жөндемеңіз. Шағылысқан сәуле көрінбегенмен, көзіңізді зақымдауы мүмкін.

Өнімді қолданған кезде өрт шығу, электр тогының соғуы және адамдардың жарақат алу қаупін азайту үшін, әрқашан мына негізгі қауіпсіздік шараларын қадағалау керек:



CAUTION - CLASS 3B LASER RADIATION WHEN OPEN
AVOID EXPOSURE TO THE BEAM.

DANGER - LASER RADIATION AVOID DIRECT
EXPOSURE TO BEAM.

DANGER - RADIATIONS INVISIBLES DU LASER EN CAS
D'OUVERTURE. EVITER TOUTE EXPOSITION
DIRECTE AU FAISCEAU.

VORSICHT - UNSICHTBARE LASERSTRAHLUNG, WENN
ABDECKUNG GEÖFFNET.
NICHT DEM STRAHL AUSSETZEN.

ATTENZIONE - RADIAZIONE LASER INVISIBILE IN CASO DI
APERTURA. EVITARE L'ESPOSIZIONE AL FASCIO.

PRECAUCIÓN - RADIACIÓN LASER INVISIBLE CUANDO SE ABRE.
EVITAR EXPONERSE AL RAYO.

PERIGO - RADIAÇÃO LASER INVISÍVEL AO ABRIR. EVITE
EXPOSIÇÃO DIRECTA AO FEIXE.

GEVAAR - ONZICHTBARE LASERSTRALEN BIJ GEOPENDE
KLEP. DEZE KLEP NIET OPENEN.

ADVARSEL - USYNLIG LASERSTRÅLNING VED ÅBNING.
UNNGÅ UDSAETTELSE FOR STRÅLNING.

ADVARSEL - USYNLIG LASERSTRÅLNING NÅR DEKSEL
ÅPNES. UNNGÅ EKSPONERING FOR STRÅLEN.

VARNING - OSYNLIG LASERSTRÅLNING NÅR DENNA DEL
ÄR ÖPPEN. STRÅLEN ÄR FARLIG.

VAROITUS - NÄKYMÄTÖNTÄ LASERSATEILYÄ AVATTAESSA.
VARO SUORAA ALTISTUMISTA SÄTEELLE.

注意 - 严禁揭开此盖, 以免激光泄露灼伤

주의 - 이 덮개를 열면 레이저광에 노출될 수 있으므로
주의하십시오.

Озон қауіпсіздігі



Қалыпты жұмыс барысында бұл жабдық озон шығарады. Өндірілген озон оператор үшін қауіпті емес. Алайда, жабдықты жақсы желдетілетін бөлмеде пайдаланған жөн.

Егер озон туралы қосымша ақпарат керек болса, жақын орналасқан Samsung дилеріне хабарласыңыз.

ПЕРХЛОРАТ ЖӨНІНДЕ ЕСКЕРТУ

Перхлорат жөніндегі ескерту тек АҚШ-тың Калифорния штатында сатылған немесе таратылған өнімдердің ішіндегі негізгі CR (Manganese Dioxide) Lithium тиын тәрізді батареяларына ғана қолданылады.

Перхлорат материалы арнайы қолдану ережелерін ұстануды керек етуі мүмкін.

www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate веб-торабын қараңыз. (тек АҚШ-та)

Қуатты үнемдеу



Осы принтердің күту режимінде тұрған кезде қуаттың тұтынылуын азайтатын жетілдірілген қуатты үнемдеу технологиясы бар. Егер принтерге ұзақ уақыт бойы деректер жіберілмесе, қуаттың тұтынылуы автоматты түрде қысқарады. ENERGY STAR және ENERGY STAR белгілері АҚШ-та тіркелген белгілер болып табылады. ENERGY STAR бағдарламасы туралы қосымша ақпаратты <http://www.energystar.gov> веб-торабынан қараңыз.

Қайта өңдеу



Осы өнімнің қаптамасын қоршаған ортаға қауіпсіз жолмен тастаңыз немесе қайта өңдеңіз.

Тек Қытай үшін

回收和再循环

为了保护环境，我们公司已经为废弃的产品建立了回收和再循环系统。我们会为您无偿提供回收同类废旧产品的服务。当您要废弃您正在使用的产品时，请您及时与工厂取得联系，我们会及时为您提供服务。

Осы өнімді дұрыс тастау (электр және электрондық жабдықтардың қоқыстары жөніндегі директива)



(Жекелеген жинақтау жүйелерін қолдайтын Еуропа Одағы мен басқа Еуропа елдеріне қатысты)

Өнімдегі, қосымша жабдықтардағы немесе әдебиеттегі осы белгі өнімді және оның электрондық қосымша жабдықтарының (мысалы, зарядтағыш, құлақспап, USB кабелі) қызмет істеу мерзімі аяқталғаннан кейін үйдің қалдықтарымен бірге тасталмауы керектігін білдіреді. Қалдықтардың бақылаусыз тасталу себебінен қоршаған ортаның ластануын және адамдардың жарақат алуын болдырмау үшін, осы бұйымдарды өзге қалдықтардан бөлектеп, материалдық ресурстардың қайта пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, оларды қайта өңдеуге жіберіңіз.

Жеке тұлғалар өнімді қоршаған ортаға зақым келтірмей жою туралы толық ақпарат алу үшін және кімге, қайда хабарласуы қажеттігін білу үшін, өнімді сатқан сатушыға немесе жергілікті билік органына хабарласуы тиіс.

Заңды тұлғалар сатушысына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарын тексергені жөн. Осы өнім мен оның электрондық қосымша жабдықтары тасталатын өзге коммерциялық қалдықтармен араласпауы қажет.

Осы өнімдегі батареяларды дұрыс тастау

(Батареяларды қайтарудың жекелеген жүйелерін қолдайтын Еуропа Одағы мен басқа Еуропа елдеріне қатысты)



Батареяда, нұсқаулықта немесе қаптамада көрсетілген белгі осы өнімдегі батареялар қызметі аяқталғаннан кейін өзге үй қалдықтарымен бірге тасталмауы тиістігін көрсетеді. Hg, Cd немесе Pb химиялық элементтерінің белгілері көрсетілсе, батареяда сынап, кадмий және қорғасын деңгейлері 2006/66 ЕО стандарттарының бақылау деңгейлерінен жоғары екенін білдіреді. Егер батареялар дұрыс тасталмаса, олардың ішіндегі заттар адамға және қоршаған ортаға зақым келтіруі мүмкін. Табиғи ресурстарды қорғау және материалдардың қайта пайдалануын ынталандыру үшін, батареяларды өзге қалдықтардан бөлектеп, жергілікті батареяларды тегін қайтару жүйесі арқылы қайта өңдеңіз.

Тек Тайвань үшін

警告

本電池如果更換不正確會有爆炸的危險
請依製造商說明書處理用過之電池

Радио толқындарының шығарылуы

Байланыс құрылғылары бойынша федералды комиссияның нормалары

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15-тарауындағы талаптарына сәйкес келеді. Төмендегі екі шарт орындалған жағдайда, жабдық жұмыс істейді:

- Құрылғы зиянды кедергілер жасамайды және.
- Бұл құрылғы пайда болған кез келген кедергіні, соның ішінде жұмыс істеу ақаулығын тудыратын кедергілерді де қабылдауы керек.

Бұл құрылғы сынақтан өткізіліп, FCC ережесінің 15-тарауындағы В-класты сандық құрылғыларына қойылатын шектеулеріне сәйкес келетіні орнатылды. Бұл шектеулер мүмкін деңгейде тұрғылықта орталардағы зиянды кедергілерден қорғау үшін жасалған. Бұл жабдық радио толқындарын шығарады, пайдаланады және сәулелендіре алады. Сондықтан, жабдық нұсқауларға сай орнатылып, пайдаланылмаған жағдайда радио байланысына зияны кедергілер жасауы мүмкін. Дегенмен, нұсқауларды орындап орнатқан жағдайда да кедергілердің болмауына кепілдік берілмейді. Егер бұл жабдық радио немесе теледидар сигналдарының қабылдануына кедергі келтірсе (бұны жабдықты өшіріп, қайта қосып тексеруге болады), пайдаланушыға төмендегі әдістердің біреуімен кедергілерді жою ұсынылады:

- Қабылдаушы антеннаның бағытын өзгертіңіз немесе басқа жерге орнатыңыз.
- Жабдық пен ресивердің арасындағы қашықтықты үлкейтіңіз.
- Жабдықты ресивер қосылған розеткадан басқа розеткаға жалғаңыз.
- Диллерден немесе тәжірибелі радио, теледидар шеберінен көмек алыңыз.



Өндіруші мақұлдамаған өзгертулер мен жетілдірулер жасау, пайдаланушының жабдықты қолдану құқынан айыруы мүмкін.

Радио кедергілерге қатысты Канаданың нормалары

Осы сандық аппарат Канаданың Өндіріс және Ғылым министрлігі шығарған «Сандық аппараттар» (ICES-003) стандартымен бекітілген В-класты сандық құрылғылардан шығарылатын радио шулар шектеуінен аспайды.

Cet appareil numérique respecte les limites de bruits radioélectriques applicables aux appareils numériques de Classe B prescrites dans la norme sur le matériel brouilleur: « Appareils Numériques », ICES-003 édictée par l'Industrie et Sciences Canada.

Тек Ресей үшін

AB57



Минсвязи России



Тек Германия үшін

Das Gerät ist nicht für die Benutzung am Bildschirmarbeitsplatz gemäß BildschirmV vorgesehen.

Факс арқылы жіберілетін хабарлардың белгіленуі

1991 жылы қабылданған Телефон желісінің абоненттерін қорғау актісіне сәйкес факс хабарларын компьютер немесе басқа электрондық құрылғылар арқылы жіберу, әр жіберілетін беттің жоғарғы немесе төменгі жағында немесе бірінші бетінде келесі мәліметтері болмаса, заңсыз әрекет болып саналады:

1. Жіберу күні мен уақыты.
2. Жіберуші кәсібінің түрі, мекеменің аты немесе жеке тұлғаның есімі.
3. Жіберілген аппараттың, мекеменің немесе адамның телефон нөмірі.


Телефон компаниясы қалыпты жұмыс істеу үшін қажет болса және FCC ережесінің 68-тарауындағы шарттар мен талаптарға қарсы келмесе, байланыс құралдарына және жабдықтың жұмыс істеу режиміне өзгерістер жасауы мүмкін. Егер осындай өзгертулер пайдаланушы жабдығының телефон компаниясының байланыс құралдарымен сәйкес келмеуіне әкелетін, жабдығын жетілдіруді талап ететін немесе басқалай пайдаланушы жұмысына әсер ететін болса, пайдаланушы жұмысында үзіліс болдырмау үшін, жазбаша ескертілуі керек.

Қоңырау сигналының эквиваленттік саны

Осы жабдықтың қоңырау сигналының эквиваленттік санын және FCC тіркеу нөмірін жабдықтың төменгі немесе артқы жағындағы жапсырмадан табуға болады. Кейбір жағдайларда осы нөмірлерді телефон компаниясына беру керек болуы мүмкін.

Қоңырау сигналының эквиваленттік саны (REN) телефон желісінің жүктелу мүмкіндігін анықтайды және желінің шамадан тыс жүктелуін болдырмауға көмектеседі. Бір телефон желісінде жабдықтың бірнеше түрін орнату, әсіресе телефон желісі бос емес болмаса, телефон қоңырауларын жасау немесе қабылдау ақаулықтарын туғызуы мүмкін. Телефон компаниясы ұсынатын қызметтің сапасы жақсы болу үшін, бір желіге орнатылған жабдықтың қоңырау сигналының эквиваленттік саны бестен аз болуы керек. Кейбір жағдайларда, эквиваленттік сан беске тең болса, желі дұрыс істемеуі мүмкін. Егер телефон жабдығының кез келген бөлігі дұрыс істемесе, оны дереу телефон желісінен ажырату керек. Әйтпесе, желі зақымдалуы мүмкін.

Бұл жабдық АСТА (Контрафакцияға қарсы сауда келісімі) қабылдаған FCC ережесінің 68-тарауындағы шарттар мен талаптарға сәйкес келеді. Жабдықтың артқы жағындағы жапсырмада басқа ақпаратпен қоса, «US:AAAEQ##TXXXX» пішімінде өнім идентификаторы жазылған. Сұралған жағдайда, осы нөмірді телефон компаниясына беру керек.

 FCC ережелері бойынша жабдыққа өндіруші мақұлдамаған өзгертулер мен жетілдірулер жасау, пайдаланушыны жабдықты қолдану құқынан айыруы мүмкін. Егер терминалды жабдық телефон желісін зақымдаса, телефон компаниясы тұтынушыны қызметтің үзілу мүмкіндігі жөнінде ескертуі керек. Дегенмен, алдын ала хабарландыруға мүмкіндік болмаған жағдайда, компания байланысты ажыратуына болады. Бірақ төмендегі шарттарды орындауы керек:

- Тұтынушыны бірден ескерту.
- Тұтынушыға жабдықтың ақаулықтарын жоюға мүмкіндік беру.
- Тұтынушының FCC ережелері және талаптарының 68-тарау, «Е» параграфындағы процедураларға сәйкес Байланыс құрылғылары бойынша федералды комиссияға шағым жасау құқы бар екенін айту.

Сондай-ақ, мынаны білу керек:

- Бұл жабдық сандық PBX жүйесімен пайдалануға арнап жасалмаған.
- Жабдығыңызбен бір желіде компьютер немесе факс модемін пайдалансаңыз, бүкіл жабдықта жіберу және қабылдау ақаулықтары пайда болуы мүмкін. Жабдығыңызбен бір желіде қалыпты телефоннан басқа құрылғылар болмағаны жөн.
- Егер орналасқан аймағыңызда найзағай соғу немесе кернеудің кенет ауысу қауіпі жоғары болса, ток және телефон желісіне кернеудің ауысып тұруынан қорғау құралын орнатуды ұсынамыз. Кернеудің ауысып тұруынан қорғау құралын өзіңіздің дилеріңізден немесе телефон және электрондық жабдықтар сатылатын дүкеннен табуға болады.
- Егер төтенше жағдайларда қоңырау шалу нөмірлерін енгізіп, оларға сынақ қоңырауын жасап көретін болсаңыз, қалыпты нөмір арқылы сәйкес қызметті ескертуді ұмытпаңыз. Сол қызмет диспетчері сынақ қоңырауын жасау нұсқауларын береді.
- Бұл жабдықты таксафон қызметінде немесе қауымдық пайдалану желілерінде қолдануға болмайды.
- Бұл жабдық есту құралдарын индуктивті қатынаспен қамтамасыз етеді.

Осы жабдықты телефонның желісіне USOC RJ-11C қалыпты модульді ұясы арқылы қосуға болады.


Штепсельдік ұшты ауыстыру (тек Ұлыбритания үшін)

Маңызды

Осы жабдықтың қуат сымна 13 А кірістірілген ерігіш тежегіші бар 13 А ток көзіне арналған қалыпты (BS 1363) штепсельдік ұш орнатылған. Тежегішті ауыстырғанда немесе тексергенде, сәйкес 13 А ерігіш тежегішін қолдану керек. Содан соң тежегіш қақпағын орнына салу керек. Тежегіштің қақпағын жоғалтқан болсаңыз, оның бетін басқа қақпақпен жапқанша, штепсельдік ұшты қоспаңыз.

Ол үшін, жабдықты сатып алған сатушыға хабарласыңыз.

13 А штепсельдік ұш Ұлыбританияда ең жиі қолданылатын түр болғандықтан сәйкес келуі керек. Дегенмен, кейбір ғимараттарда (негізінде ескілерінде) стандартты 13 А штепсельдік ұш қосылатын розетка жоқ. Сәйкес келетін штепсельдік ұш адаптерін сатып алу керек. Сымнан алынбайтын штепсельдік ұшты шығармаңыз.

 Егер алынбайтын штепсельдік ұш кесіліп кеткен болса, оны дереу лақтырыңыз. Штепсельдік ұшты қайта орап қоюға болмайды, әйтпесе оны розеткаға қосқан кезде электр тоғы соғуы мүмкін.

Маңызды ескерту:



Бұл жабдықты жерге тұйықтау керек.

Қуат сымның ішіндегі сымдар төмендегідей түстермен кодталған:

- **Жасыл және сары:** Жер.
- **Көк:** Бейтарап.
- **Қоңыр:** Тоққа қосылған.

Егер қуат сымның ішіндегі сымдар розеткада белгіленген түстерден өзгеше болса, төмендегі әрекеттерді орындаңыз.

Жасыл және сары сымды «E» әрпі, «Жерге тұйықтау» белгісі бар немесе жасыл-сары немесе жасыл түспен боялған істікшеге қосу керек.

Көк түсті сымды «N» әрпімен белгіленген немесе қара түске боялған істікшеге қосу керек.

Қоңыр түсті сымды «L» әрпімен белгіленген немесе қызыл түске боялған істікшеге қосу керек.

Розеткада, адаптерде немесе ұзартқышта 13 А ерігіш тежегіш болуы керек.

Талаптарға сәйкес келу мәлімдемесі (Еуропа мемлекеттері)

Мақұлдаулар және куәландырулар



Осы жабдықтағы CE белгісі Samsung Electronics Co., Ltd компаниясының төменде көрсетілген күндерде шығарылған Еуропалық Одақтың 93/68/EEC директиваларының талаптарына сәйкес келу мәлімдемесін білдіреді:

Осы құжат арқылы, Samsung Electronics компаниясы осы жабдық төмендегі директивалардың негізгі талаптарына және басқа да тиісті шарттарына сәйкес келетінін мәлімдейді:

SCX-4600 Series: Төмен кернеу директивасы (2006/95/EC), Электромагниттік үйлесімділік директивасы (2004/108/EC).

SCX-4623 Series: Радио және телекоммуникациялық терминалды жабдық (R&TTE) директивасы (1999/5/EC).

Сәйкестік мәлімдемесін www.samsung.com/printer торабына кіріп, Support > Download center тармағына өтіп, «EuDoC» құжатын іздеу үшін принтеріңіздің (көп функционалды принтер) атын енгізіңіз.

1 қаңтар, 1995 ж.: Одаққа мүше елдердің төмен кернеуде жұмыс істейтін жабдықтарға қатысты заңдарды сәйкестендіру туралы 2006/95/EC Кеңес директивасы.

1 қаңтар, 1996 ж.: Одаққа мүше елдердің электромагниттік үйлесімділікке қатысты заңдарды сәйкестендіру туралы 2004/108/EC (92/31/EEC) Кеңес директивасы.

9 наурыз, 1999 ж.: Радиотехникалық жабдық, байланыс терминалдары және олардың талаптарға сәйкестігі туралы өзара мақұлдануы жөніндегі 1999/5/EC Кеңес директивасы. Мәлімдеменің толық нұсқасын, сәйкес директиваларды және анықтамалық стандарттарды Samsung Electronics Co., Ltd. компаниясының өкілінен алуға болады.

Еуропалық Одақ куәландыруы

Радиотехникалық жабдық, байланыс терминалдары жабдықтары туралы (Факс) 1999/5/EC директивасының талаптарына сәйкес келу туралы куәландыру.

Осы Samsung өнімі Samsung компаниясымен 1999/5/EC директивасына сәйкес Еуропалық бірыңғай терминал арқылы ортақ пайдаланылатын телефон желісіне (PSTN) қосылу үшін куәландырылған. Осы өнім ортақ пайдаланылатын ұлттық желілерде жұмыс істеу үшін жасалған және Еуропа елдерінің жеке телефон жүйелерімен үйлесімді болып табылады:

Қиындық туындаған жағдайда, ең алдымен Samsung Electronics Co., Ltd. компаниясының Еуропадағы сапаны қамтамасыз ету лабораториясына хабарласыңыз.

Бұл өнім TBR21 нормаларына сәйкес келуін анықтау мақсатында сынақтан өткізілді. Осы стандарттарға сәйкес келетін терминалды жабдықты пайдалануды ыңғайлы ету үшін, Телекоммуникация стандарттары бойынша Еуропалық институт (ETSI) TBR21 терминалдарының желілік сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша кеңестер мен қосымша талаптары бар ақпараттық кітапша (EG 201 121) шығарды. Бұл өнім осы құжатта берілген барлық ұсыныстарды ескере отырып жасалған және оларға толығымен сәйкес келеді.

OpenSSL лицензиясы

Copyright (c) 1998-2001 OpenSSL Project. Барлық құқықтары қорғалған.

Бағдарламалық құралды және бастапқы кодты өзгертіп немесе өзгертусіз пайдалануға және таратуға төмендегі талаптар орындалса ғана рұқсат беріледі:

1. Бастапқы кодтың таратылатын нұсқаларында жоғарыда көрсетілген авторлық құқық туралы хабарлама, осы шарттар тізімі және төмендегі кепілдіктен бас тарту мәлімдемесі болуы керек.
2. Екілік кодын қайта таратқан кезде, жоғарыда көрсетілген авторлық құқық туралы хабарлама, осы шарттар тізімі және төмендегі кепілдіктен бас тарту мәлімдемесі таратылыммен берілетін құжаттамада және/немесе басқа материалдарда болуы керек.
3. Осы бағдарламалық құралдың мүмкіндіктерін немесе пайдаланылуын жарнамалайтын барлық материалдарда мынадай хабарлама болуы керек: «Бұл өнімнің OpenSSL Project шығарған, OpenSSL Toolkit өнімімен пайдаланылатын бағдарламалық құралы бар. (<http://www.openssl.org/>)».
4. «OpenSSL Toolkit» және «OpenSSL Project» атауларын алдын ала берілген жазбаша рұқсатсыз.
5. осы бағдарламалық құрал арқылы жасалған өнімдерді тарату немесе жарнамалау үшін пайдалануға болмайды. Жазбаша рұқсат алу үшін, «openssl-core@openssl.org» мекенжайы бойынша хабарласыңыз.
6. Осы бағдарламалық құрал арқылы жасалған өнімдерге OpenSSL Project жазбаша рұқсат бермегенше, «OpenSSL» деген ат беруге немесе атына «OpenSSL» сөзін қосуға болмайды.
7. Кез келген әдіспен жасалған таратылым құрамында мынадай хабарлама болуы керек: «Бұл өнімнің OpenSSL Project шығарған, OpenSSL Toolkit өнімімен пайдаланылатын бағдарламалық құралы бар. (<http://www.openssl.org/>)»

БҰЛ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ OPENSSL PROJECT ЖЕТІЛДІРУШІЛЕРІ «ОСЫ КҮЙІНДЕ» ҰСЫНАДЫ ЖӘНЕ САТУҒА ЖАРАМДЫҒЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ МАҚСАТҚА СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕРМЕН БІРГЕ, БІРАҚ ОЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, ЕШҚАНДАЙ ТҰСПАЛДАНАТЫН НЕМЕСЕ АЙТЫЛАТЫН КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ. OPENSSL PROJECT ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА КЕЛІСІМ, АЗАМАТТАРДЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ МІНДЕТТЕМЕСІ НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ (СОНЫҢ ІШІНДЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУ ЖӘНЕ Т.Б.) ТӘРІЗДІ ҚАНДАЙ ДА БІР КЕПІЛДІК ТЕОРИЯЛАРЫНДА АЙТЫЛҒАН БОЛСА ДА, ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНҒАНДЫҚТАН НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНБАУ СЕБЕБІНЕН БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, КЕЗДЕЙСОҚ, ӨДЕЙІЛЕП ЖАСАЛҒАН, НӘТИЖЕСІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН (СОНЫҢ ІШІНДЕ, БІРАҚ ОНЫМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫ, МАТЕРИАЛДЫҚ ШЫҒЫН НЕМЕСЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЫҒЫН) ЗАҚЫМДАУЛАР ҮШІН ЖАУАП БЕРМЕЙДІ.

Бұл өнімнің ішіне Эрик Янг жасаған криптографиялық бағдарламалық құрал кіреді (Eric Young, eay@cryptsoft.com). Бұл өнімнің ішіне Тим Хадсон жазған бағдарламалық құрал кіреді (Tim Hudson, tjh@cryptsoft.com).

SSLеay лицензиясы

Copyright (C) 1995-1998 Эрик Янг (eay@cryptsoft.com) Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл өнім Эрик Янг шығарған қауіпсіз деректер тасымалдауға арналған SSL бағдарламасы болып табылады (Eric Young, eay@cryptsoft.com). Бұл бағдарлама Netscapes SSL протоколымен үйлесімді.

Бұл кітапхананы коммерциялық және коммерциялық емес мақсатта төмендегідей шарттар орындалған жағдайда, тегін қолдануға болады. Төмендегі шарттар осы таратылымдағы тек SSL емес, барлық кодтарға (RC4, RSA, lhash, DES және т.б.) қолданылады. Осы өніммен берілетін SSL құжаттамасына дәл осы лицензиялық келісімнің шарттары қолданылады. Бірақ авторлық құқық иесі Тим Хадсон болып табылады (Tim Hudson, tjh@cryptsoft.com). Авторлық құқық иесі Эрик Янг. Авторлық құқық туралы ешқандай хабарламаны кодтан өшіруге болмайды. Осы өнімді басқа бағдарламалық құралда пайдаланған кезде, пайдаланылған өнім элементтерінің және кітапхананың авторы Эрик Янг екенін хабарлау керек. Хабарлама бағдарлама ашылған кезде мәтін түріндегі ескерту ретінде көрсетілуі немесе өніммен берілетін құжаттамаға (онлайн немесе мәтіндік) енгізілуі мүмкін.

Бағдарламалық құралды және бастапқы кодты өзгертіп немесе өзгертусіз пайдалануға және таратуға төмендегі талаптар орындалса ғана рұқсат беріледі:

1. Бастапқы кодтың таратылатын нұсқаларында авторлық құқық туралы хабарлама, осы шарттар тізімі және төмендегі кепілдіктен бас тарту мәлімдемесі болуы керек.
2. Екілік кодын қайта таратқан кезде, жоғарыда көрсетілген авторлық құқық туралы хабарлама, осы шарттар тізімі және төмендегі кепілдіктен бас тарту мәлімдемесі таратылыммен берілетін құжаттамада және/немесе басқа материалдарда болуы керек.
3. Осы бағдарламалық құралдың мүмкіндіктерін немесе пайдаланылуын жарнамалайтын барлық материалдарда мынадай хабарлама болуы керек: «Бұл өнімнің ішіне Эрик Янг жасаған криптографиялық бағдарламалық құрал кіреді (Eric Young, eay@cryptsoft.com)». Егер пайдаланылатын кітапхананың элементтері криптографиялық болмаса, «криптографиялық» сөзін жазбауға болады:-).
4. apps қалтасынан (қолданбалар коды) кез келген арнайы Windows коды (немесе код туындысы) пайдаланылса, мынадай

хабарламаны қосу керек: «Бұл өнімнің ішіне Тим Хадсон жазған бағдарламалық құрал кіреді (Tim Hudson, tjh@cryptsoft.com)»
 БҰЛ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ЭРИК ЯНГ «ОСЫ КҮЙІНДЕ» ҰСЫНАДЫ ЖӘНЕ САТУҒА ЖАРАМДЫҒЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ МАҚСАТҚА СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕРМЕН БІРГЕ, БІРАҚ ОЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, ЕШҚАНДАЙ ТҰСПАЛДАНАТЫН НЕМЕСЕ АЙТЫЛАТЫН КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ. ЭРИК ЯНГ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА КЕЛІСІМ, АЗАМАТТАРДЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ МІНДЕТТЕМЕСІ НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ (СОНЫҢ ІШІНДЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУ ЖӘНЕ Т.Б.) ТӘРІЗДІ ҚАНДАЙ ДА БІР КЕПІЛДІК ТЕОРИЯЛАРЫНДА АЙТЫЛҒАН БОЛСА ДА, ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНҒАНДЫҚТАН НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНБАУ СЕБЕБІНЕН БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, КЕЗДЕЙСОҚ, ӨДЕЙІЛЕП ЖАСАЛҒАН, НӘТИЖЕСІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН (СОНЫҢ ІШІНДЕ, БІРАҚ ОНЫМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫ, МАТЕРИАЛДЫ ШЫҒЫН НЕМЕСЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЫҒЫН) ЗАҚЫМДАУЛАР ҮШІН ЖАУАП БЕРМЕЙДІ.

Осы кодтың немесе оның туындысының кез келген жалпыға ортақ нұсқаларының лицензиялық келісімін және тарату шарттарын өзгертуге болмайды. Яғни, бұл кодты жәй көшіріп, басқа лицензиялық келісіммен (GNU Public License лицензиясын қоса) таратуға болмайды.

Тек Қытай үшін

产品中有毒有害物质或元素的名称及含量

部件名称	有毒有害物质或元素					
	铅 (Pb)	汞 (Hg)	镉 (Cd)	六价铬 (Cr ⁶⁺)	多溴联苯 (PBB)	多溴联苯醚 (PBDE)
塑料	○	○	○	○	○	○
金属 (机箱)	×	○	○	○	○	○
印刷电路部件 (PCA)	×	○	○	○	○	○
电缆 / 连接器	×	○	○	○	○	○
电源设备	×	○	○	○	○	○
电源线	×	○	○	○	○	○
机械部件	×	○	○	○	○	○
卡盒部件	×	○	○	○	○	○
定影部件	×	○	○	○	○	○
扫描仪部件 - CCD (如果有)	×	×	○	○	○	○
扫描仪部件 - 其它 (如果有)	×	○	○	○	○	○
印刷电路板部件 (PBA)	×	○	○	○	○	○
墨粉	○	○	○	○	○	○
滚筒	○	○	○	○	○	○

○：表示该有毒有害物质在该部件所有均质材料中的含量均在 SJ/T 11363-2006 标准规定的限量要求以下。

×：表示该有毒有害物质至少在该部件的某一均质材料中的含量超出 SJ/T 11363-2006 标准规定的限量要求。

以上表为目前本产品含有有毒有害物质的信息。本信息由本公司的配套厂家提供，经本公司审核后而做成，本产品的部分部件含有有毒有害物质，这些部件是在现有科学技术水平下暂时无可替代物质，但三星电子将会一直为满足 SJ/T 11363-2006 标准而做不懈的努力。

Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы ақпарат

Осы пайдаланушы нұсқаулығы құрылғыны қолдану туралы ақпарат береді. Құрылғыны орнату барысында жаңа пайдаланушылар да, кәсіпқой пайдаланушылар керекті ақпаратты осы нұсқаулықтан таба алады.



- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, қауіпсіздік ақпаратын оқыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында мәселе орын алса, ақаулықтарды жою тарауын қараңыз (100-беттегі "Ақаулықтарды жою" қараңыз).
- Осы пайдаланушы нұсқаулығында қолданған терминдер глоссарий тарауында түсіндірілген (126-беттегі "Глоссарий" қараңыз).
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық суреттер құрылғының опциялары мен үлгісіне қарай өзгеше болуы мүмкін.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы процедуралар негізінде Windows XP амалдық жүйесінде орындалады.

Шартты белгі

Осы нұсқаулықтағы кейбір терминдер, төменде көрсетілгендей, бір-бірінің орнына қолданылады:




- Құжат түпнұсқа мағынасында қолданылады.
- Қағаз дерек тасушы немесе баспа дерегінің тасушысы мағынасында қолданылады.
- Құрылғы принтер немесе көп функциялы принтер мағынасында қолданылады.

Келесі кесте осы нұсқаулықтағы шартты белгілерді береді.

Шартты белгі	Сипаттамасы	Мысал
Жуан әріптер	Дисплейдегі мәтіндер немесе құрылғыдағы түймелер атауларына арналған.	Пуск
Ескертпе	Құрылғының функциясы және мүмкіндігі туралы толық техникалық сипат немесе қосымша ақпарат береді.	 Күн пішімі елге қарай әртүрлі болуы мүмкін.
Ескерту	Құрылғыны ықтимал механикалық зақымнан қорғау немесе бұзылуына жол бермеу туралы пайдаланушыларға ақпарат береді.	 Тонер картриджінің астыңғы жағындағы жасыл бөлігіне тиімеңіз.
Сілтеме	Кейбір сөздер немесе сөз тіркестері туралы қосымша, толығырақ ақпарат береді.	а. минутына басылатын бет саны
(«Тоғыспалы сілтеме»)	Пайдаланушыларды қосымша, толық ақпарат беретін сілтеме бетіне апарды.	(Қосымша ақпарат табу қараңыз).

Қосымша ақпарат табу

Құрылғыны пайдалану және оның параметрлерін орнату туралы ақпаратты (экран бетінде немесе басылып шыққан түрде) келесі ресурстардан табуға болады.

Материалдың атауы	Сипаттамасы
Орнату жөніндегі қысқаша нұсқаулық 	Бұл нұсқаулық құрылғының параметрлерін орнату туралы негізгі ақпаратты қамтамасыз етеді.
Пайдаланушы нұсқаулығы 	Бұл нұсқаулық пайдаланушы құрылғының толық мүмкіндіктерін пайдалануы мақсатында нұсқаулар береді, сондай-ақ құрылғыға техникалық қызмет көрсету, ақаулықтарды жою және жабдықтарды алмастыру туралы ақпаратты қамтиды.
Құрылғы драйверінің анықтамасы 	Бұл анықтама принтер драйвері туралы анықтамалық ақпарат және баспа опцияларын орнату жайында нұсқауларды береді (58-беттегі "Анықтаманы пайдалану" қараңыз).
Samsung веб-сайты	Интернет байланысы болса, анықтамалық ақпаратты, қолдауды, құрылғы драйверлерін, нұсқаулықтарды және тапсырыс ақпаратын Samsung веб-сайтынан www.samsung.com/printer мекенжайы бойынша алуға болады.
Жүктелетін бағдарламалық құрал	Samsung веб-сайтынан пайдалы бағдарламалық құралдарды жүктеп алуға болады. <ul style="list-style-type: none">• SyncThru™ Web Admin Service: бір уақытта бірнеше құрылғыны басқаруды қажет ететін желі әкімшілері үшін ыңғайлы. Бұл бағдарлама тек желі үлгісіне арналған. (http://solution.samsungprinter.com)• Samsung AnyWeb Print: жеке пайдаланушыларға Windows Internet Explorer ішінде веб-сайт экранын суретке оңай түсіруге көмектеседі. (http://solution.samsungprinter.com/personal/anywebprint)

Жаңа өнімнің мүмкіндіктері

Сіздің жаңа құрылғыңыз басып шығарылатын құжаттардың сапасын жақсартатын бірнеше арнайы мүмкіндіктерге ие


Арнайы мүмкіндіктер

Үздік сапамен және жылдамдықпен басып шығару




- Ажыратымдылығы 1200 x 1200 нүкте/дюйм болатын жоғары сапамен басып шығару мүмкіндігі бар.
- Құрылғы А4 өлшемі парақты 22 бет/минут жылдамдықпен, ал 21,59 x 27,94 см өлшемді парақты минутына 23 бет/минут жылдамдықпен басып шығарады.

Басып шығарылатын материалдардың көптеген түрлерін қолдану




- Қолмен енгізу астаушасы әртүрлі өлшемдердегі кәдімгі қағазбен, фирмалық бланкпен, конверттермен, жапсырмалармен, әдеттегі өлшемді қағаз пішімдерімен, ашықхаттармен және қалың қағазбен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- 250 парақты астауша кәдімгі қағазды қолдайды.

Кәсіби құжаттарды жасау



- Сутаңбаларды басып шығару. Құжаттарға «Құпиялы» сияқты сөздерді басып шығаруға болады (60-беттегі "Сутаңбаларды пайдалану" қараңыз).
- Афишаларды басып шығару. Құжаттың әр бетіндегі мәтін мен суреттер қағаз беттеріне ұлғайтылған түрде басылады. Одан кейін афишаны жасау үшін, осы беттер біріктіріледі (58-беттегі "Афишаларды басып шығару" қараңыз).
- Кәдімгі қағазбен алдын ала басып шығарылған пішіндерді пайдалануға болады (60-беттегі "Оверлейді пайдалану" бөлімін қараңыз).

Уақыт пен ақшаны үнемдеңіз




- Қағазды үнемдеу мақсатымен бірнеше бетті бір параққа басып шығаруға болады (58-беттегі "Бір параққа бірнеше бетті басып шығару" қараңыз).
- Қолданылмаған уақытта бұл құрылғы қуат шығынын азайтып, автоматты түрде электр тоғын үнемдейді.
- Қағазды үнемдеу мақсатымен қағаздың екі бетіне де басып шығаруға болады (қолмен) (59-беттегі "Қағаздың екі жағына басып шығару (қолмен)" қараңыз).

Түрлі орталарда басып шығару




- Windows, Linux және Macintosh жүйелері сияқты әртүрлі амалдық жүйелердің көмегімен басып шығаруға болады (32-беттегі "Жүйе талаптары" қараңыз).
- Құрылғыда USB интерфейсі және желілік интерфейсі бар.

Түпнұсқалы құжаттарды бірнеше пішімде көшіру




- Құрылғы түпнұсқалы құжаттағы суреттің бірнеше көшірмесін бір бетке көшіре алады (66-беттегі "Бір бетке 2 немесе 4 беттің көшірмесін жасау (N-up)" қараңыз).
- Басып шығару сапасы мен сурет өлшемін бір уақытта реттеуге және жақсартуға болады.

Түпнұсқалы құжатты сканерлеу және дереу жіберу



- Түрлі түсті сканерлеп, JPEG, TIFF және PDF пішімдерінің дәл қысуларды пайдалану.
- Желілерді сканерлеу мүмкіндігін пайдаланып, файлдарды жылдам сканерлеңіз және бірнеше жерге жіберіңіз (70-беттегі "Желі қосылған құрылғы үшін" қараңыз).

Факс жіберілетін арнайы уақытты орнату



- Факс жіберілетін арнайы уақытты белгілеуге және факсты сақталған бірнеше жерге жіберуге болады.
- Жіберген соң, құрылғы орнатылған параметрге сәйкес факс есебін шығарып бере алады.

IPv6



Бұл құрылғы IPv6 протоколын қолдайды.

Үлгілер бойынша мүмкіндіктер

Құрылғы құжаттармен жұмыс істегенде басып шығару мен көшіруден бастап бизнеске қажетті күрделі желілік шешімдерге дейін қойылатын барлық талаптарға сәйкес болатындай жасалған.

Кейбір мүмкіндіктер мен қосалқы құралдар үлгіге және елге қарай болмауы мүмкін.

Үлгілер бойынша мүмкіндіктерге мыналар кіреді:

МҮМКІНДІКТЕР	SCX-4600(K) SCX-4605K SCX-4610K	SCX-4623F(K)	SCX-4623FN	SCX-4623FH
Басып шығару	•	•	•	•
2 жағына басып шығару (қолмен)	•	•	•	•
Көшіру	•	•	•	•
Факс		•	•	•
Желілік компьютерден факс жіберу		•	•	•
Компьютерге факс жіберу (Samsung Scan & Fax Manager)		•	•	•
Телефон тұтқасы орнында тұрғанда теру		•	•	•
Телефон тұтқасы				•
USB 2.0	•	•	•	•
Желілік интерфейс: Ethernet 10/100 Base TX, сымды жергілікті желі			•	
IPv6			•	
SyncThru™ Web Service			•	
Экранды басып шығару	•	•		•
Құжат бергіш		•	•	•

(•: бар, ○: қосымша алынады, бос ұяшық: жоқ)

Кіріспе



Бұл тарауда құрылғыға шолу жасалынады.

Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Құрылғыға шолу
- Басқару тақтасына шолу (SCX-4623 сериясы)
- Басқару тақтасына шолу (SCX-4600 сериясы)
- Состояние жарық диодын түсіну
- Пайдалы түймелерді таныстыру
- Құрылғыны қосу

Құрылғыға шолу

Алдыңғы көрінісі



Құрылғы үлгісіне қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін.


1 Құжат бергіштің қақпағы ^a	6 Алдыңғы есіктің тұтқасы	11 Құжат шығатын науа	16 Сканерлеу әйнегі
2 Құжат бергіштегі қағаз енінің реттегіші ^a	7 Тұтқа	12 Басқару тақтасы	17 Телефон тұтқасы ^b
3 Құжат бергіштің кіріс науасы ^a	8 1-науа	13 Тонер картриджі	18 Сканерлеу бөлігі
4 Құжат бергіштің шығыс науасы ^a	9 Қолмен жүктелетін науа	14 Қолмен жүктелетін науаның қағаз енін өлшеуіші	19 Сканерлеу бөлігін жабу түймесі ^c
5 Шығыс қағазының тірегі	10 Алдыңғы есік	15 Сканер қақпағы	

a. SCX-4623F(K), SCX-4623FN, SCX-4623FH.

b. SCX-4623FH.

c. Бұл түйме сканерлеу бөлігін жабу үшін пайдаланылады.

Артқы көрінісі



Құрылғы үлгісіне қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін.


1 Желі порты ^а	5 Қуат сымын қосу ұясы
2 USB порты	6 Артқы есік
3 Телефон желісінің ұясы ^б	7 Артқы есік тұтқасы
4 Қосымша телефон ұясы (EXT) ^б	

а. SCX-4623FN.

б. SCX-4623F(K), SCX-4623FN, SCX-4623FH.

Басқару тақтасына шолу (SCX-4623 сериясы)


Құрылғы үлгісіне қарай бұл басқару тақтасы өзгеше болуы мүмкін.



1	Копия удостов.	Жүргізуші куәлігі тәрізді жеке бас куәлігінің екі жағын бір параққа басып шығаруға болады (66-беттегі "Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау" қараңыз).
2	Печать экр.	Мониторда көрсетілген белсенді экранды басып шығарады (30-беттегі "Печать экр. түймесі" қараңыз). (Тек SCX-4623F(K), SCX-4623FH үлгілерінде.)
	Уменьшить/Увеличить	Түпнұсқа өлшемінен кішірек немесе үлкенірек көшірме жасайды. (тек SCX-4623FN үлгісінде)
3	Дисплей	Ағымдағы күйді көрсетіп, жұмыс кезінде ұсыныстар жасайды.
4	Состояние	Құрылғының күйін көрсетеді (30-беттегі "Состояние жарық диодын түсіну" қараңыз).
5	(Факс)	Факс режимін қосады.
6	(Көшіру)	Көшірме жасау режимін қосады.
7	(Сканерлеу)	Сканерлеу режимін қосады.
8	Көрсеткі	Таңдалған мәзірдің ішіндегі қол жетімді опциялардың ішінде жылжытып, мәндерді үлкейтеді немесе азайтады.
9	Меню	Мәзір режимін қосып, қол жетімді мәзірлердің ішінде жылжытады (85-беттегі "Құрылғы күйі және қосымша мүмкіндік" қараңыз).
10	ОК	Экрандағы таңдауды растайды.
11	Назад	Алдыңғы мәзір деңгейіне қайтарады.
12	Санды пернетақта	Факс нөмірлерін тереді, құжат көшірмелері және басқа опциялар үшін санды мәндерді енгізеді.
13	Адресная книга	Жиі қолданылатын факс нөмірлерін сақтауға және сол сақталған нөмірлерді іздеуге мүмкіндік береді.
14	Повторный набор/Пауза	Күту режимінде соңғы терілген нөмірге қайтадан қоңырау соғады. Сондай-ақ, өңдеу режимінде, факс нөміріне кідіріс енгізеді.
15	Набор без снятия трубки	Телефон тұтқасы орнында тұрғанда теруге мүмкіндік береді.
16	Старт	Тапсырманы бастайды.
17	Стоп/Сброс	Жұмысты кез келген уақытта тоқтатады. Экранда пайдаланушы тоқтата алатын немесе жалғастыра алатын ағымдағы тапсырманы көрсететін қалқымалы терезе шығады.
18	Питание	Қуатты қосуға немесе өшіруге болады (30-беттегі "Питание түймесі" қараңыз).

Басқару тақтасына шолу (SCX-4600 сериясы)

Құрылғы үлгісіне қарай бұл басқару тақтасы өзгеше болуы мүмкін.




1	Дисплей	Ағымдағы күйді көрсетіп, жұмыс кезінде ұсыныстар жасайды.
2	Состояние	Құрылғының күйін көрсетеді (30-беттегі "Состояние жарық диодын түсіну" қараңыз).
3	Көрсеткі	Таңдалған мәзірдің ішіндегі қол жетімді опциялардың ішінде жылжытып, мәндерді үлкейтеді немесе азайтады.
4	Меню	Мәзір режимін қосып, қол жетімді мәзірлердің ішінде жылжытады (85-беттегі "Құрылғы күйі және қосымша мүмкіндік" қараңыз).
5	ОК	Экрандағы таңдауды растайды.
6	Назад	Алдыңғы мәзір деңгейіне қайтарады.
7	Копия удостов.	Жүргізуші куәлігі тәрізді жеке бас куәлігінің екі жағын бір параққа басып шығаруға болады (66-беттегі "Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау" қараңыз).
8	Сканировать	Сканерленген деректерді жібереді (69-беттегі "Бастапқы нұсқаларды сканерлеу және компьютерге жіберу (Сканир. на ПК)" қараңыз).
9	Печать экр.	Мониторда көрсетілген белсенді экранды басып шығарады (30-беттегі "Печать экр. түймесі" қараңыз).
10	Стоп/Сброс	Жұмысты кез келген уақытта тоқтатады. Экранда пайдаланушы тоқтата алатын немесе жалғастыра алатын ағымдағы тапсырманы көрсететін қалқымалы терезе шығады.
11	Старт	Тапсырманы бастайды.
12	Питание	Қуатты қосуға немесе өшіруге болады (30-беттегі "Питание түймесі" қараңыз).


Состояние жарық диодын түсіну


Жарық диоды күйінің түсі құрылғының ағымдағы күйін көрсетеді.

Күйі		Сипаттамасы
Өшірулі		<ul style="list-style-type: none">Құрылғы өшірулі.Құрылғы қуатты үнемдеу режимінде. Деректер қабылданған немесе кез келген түйме басылған кезде, құрылғы автоматты түрде қосулы режиміне ауысады.
Жасыл	Жыпылық тау	<ul style="list-style-type: none">Артқы шам жайлап жыпылықтап тұрса, құрылғы компьютерден деректер қабылдап жатқаны.Егер артқы шам жылдам жыпылықтап тұрса, құрылғы деректерді басып шығарып жатқаны.
	Қосулы	Құрылғы қосулы және пайдалануға дайын.
Қызыл	Жыпылық тау	<ul style="list-style-type: none">Маңызды емес қате пайда болды және құрылғы қатенің жойылғанын күтуде. Дисплейдегі хабарды тексеріңіз. Ақаулық жойылғаннан кейін, құрылғы жұмысын жалғастырады.Картриджде тонер деңгейі аз. Картридждің жарамдылық мерзімі^а аяқталуға жақын. Аустыру үшін жаңа картридж дайындаңыз. Басып шығару сапасын тонерді қайтадан бөлу арқылы уақытша жақсартуға болады. (100-беттегі "Тонерді қайта тарату" қараңыз.)
	Қосулы	<ul style="list-style-type: none">Картридждегі тонер таусылуға жақындады^а. Картридждің тонерін ауыстыру ұсынылады (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).Қағаз кептеліп қалды (102-беттегі "Қағаз кептелулерін жою" қараңыз).Қақпақ ашық. Қақпақты жабыңыз.Науада қағаз жоқ. Науға қағаз салыңыз.Ақаулық пайда болғандықтан құрылғы жұмысы тоқтады. Дисплейдегі хабарды тексеріңіз (104-беттегі "Қате туралы хабарламаларды түсіну" қараңыз).

а. Картридждің жарамдылық мерзімі дегеніміз - ISO/IEC 19752 директивасына сәйкес орнатылатын орташа басып шығару мүмкіндігін білдіретін тонер картриджінің шамаланған немесе анықталған жету мерзімі. Басып шығарылатын беттер саны жұмыс істеу ортасына, басып шығару аралығына, мультимедиа түріне және өлшеміне байланысты өзгеруі мүмкін. Дисплейде **Срок служ. истек Замен. картридж** хабары көрсетіліп, принтер басып шығаруды тоқтатқанымен, картриджде шамалы тонер қалуы мүмкін. (Қазіргі деректерді www.samsung.com/printer торабынан қараңыз.)

 Samsung компаниясы қайта толтырылған немесе қайта өндірілген тәрізді шын Samsung компаниясы шығармаған тонер картриждерін пайдалануды ұсынбайды. Samsung компаниясы осындай шынайы емес тонер картриджінің сапасына кепілдік бермейді. Осындай Samsung тонер картриджін пайдалану нәтижесінде қажет болатын қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары құрылғы кепілдігіне кірмейді.

 Дисплейдегі хабарды тексеріңіз. Хабардағы нұсқауларды орындаңыз немесе ақаулықтарды жою тарауын қараңыз (104-беттегі "Қате туралы хабарламаларды түсіну" қараңыз). Егер ақаулық жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

 Барлық басып шығару қателері Smart Panel бағдарламасының терезесінде көрсетіледі. Егер ақаулық жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пайдалы түймелерді таныстыру

Меню түймесі


Егер құрылғының күйін білу керек болса немесе құрылғының қосымша функциясын орнату үшін **Меню** түймесін басыңыз (85-беттегі "Құрылғы күйі және қосымша мүмкіндік" бөлімін қараңыз).

Питание түймесі

Қуатты өшіру үшін осы түймені **Выключение** хабары көрсетілгенше басып тұрыңыз. Қуатты өшіру үшін **Да** тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ бұл түймені құрылғыны қосу үшін пайдалануға болады.


Күйі	Сипаттамасы
Выкл.	<ul style="list-style-type: none">Құрылғы дайын режимінде тұр.Құрылғының қуаты өшірілген.
Вкл.	Құрылғы қуатты үнемдеу режимінде тұр.

Печать экр. түймесі

 Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Құрылғы үлгісінің атын тексеріңіз. (25-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Печать экр. түймесін басыңыз.


Хабар	Сипаттамасы
Активный	Құрылғы монитордағы белсенді экранды басып шығарады.
Заполнено	Құрылғы монитордағы экранды толығымен басып шығарады.



- Бет А4 тәрізді әдепкі бет өлшемінде басып шығарылады.
- Бұл функцияны тек USB арқылы қосылған құрылғыда пайдалануға болады.
- Печать экр.** түймесін тек Windows және Mac амалдық жүйелерінде пайдалануға болады.
- Бұл функцияны тек құрылғы драйверін орнатып пайдалануға болады.

Құрылғыны қосу

Құрылғыны қосу үшін, қуат сымын жалғаңыз.


 Қуатты ажырату үшін, **Питание** түймесін **Выключение** көрсетілгенше басып тұрыңыз.

Жұмысқа кіріскенде

Бұл тарауда USB қосылған құрылғы мен бағдарламалық құралды орнатуға арналған қадамдық нұсқаулар беріледі.

Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Жабдықты орнату
- Жабдықталған бағдарламалық құрал
- Жүйе талаптары

 Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Құрылғы үлгісінің атын тексеріңіз.
(25-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" қараңыз).


Жабдықты орнату

«Жылдам орнату» нұсқаулығында түсіндірілгендей бұл бөлім жабдықты орнатуға арналған қадамдарды көрсетеді. Алдымен «Жылдам орнату» нұсқаулығын міндетті түрде оқып алып, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Тұрақты бір орынды таңдаңыз.

Деңгей, ауа айналымына қажетті бос орны бар тұрақты орын таңдаңыз. Қақпақтар мен науаларды ашу үшін, қосымша бос орын қалдырыңыз.


Аймақ жақсы желдетілген және тура күн көзінен немесе ыстық, суық және ылғалдылық көздерінен алшақ болуы қажет. Құрылғыны үстелдің шетіне жақын қоймаңыз.



Басып шығару 1 000 м-ден төмен биіктіктерге лайықты. Принтерді оңтайландыру үшін биіктік параметріне қараңыз (44-беттегі "Биіктігін реттеу" қараңыз).

Құрылғыны көлбеулігі 2 мм-ден жоғары болмайтын жазық, тұрақты бетке қойыңыз. Әйтпесе, басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін.

- USB қосылған құрылғы драйверін орнату
- Жабдықты жергілікті ортақ пайдалану



2. Құрылғыны қорабынан шығарып, барлық қатысты құралдарын тексеріңіз.
3. Барлық таспаларды алып тастаңыз.
4. Тонер картриджді орнатыңыз.
5. Қағаз салыңыз (50-беттегі "Науаға қағаз салу" қараңыз).
6. Барлық кабельдер құрылғыға жалғанғанын тексеріңіз.
7. Құрылғыны қосыңыз.



Бұл жабдық тоқпен жабдықтау қуаты қосылмағанда істемейді.

Жабдықталған бағдарламалық құрал

Құрылғыны орнатып, компьютерге қосқаннан соң. Құрылғының бағдарламалық құралын орнатуыңыз керек. Windows, Macintosh амалдық жүйесін пайдалансаңыз, берілген бағдарламалық құралды ықшам дискіден орнатыңыз, ал Linux амалдық жүйесін пайдалансаңыз, бағдарламалық құралды Samsung веб-торабынан (www.samsung.com/printer) жүктеп алып, орнатыңыз.



Құрылғы бағдарламалық құралы кейде жаңа амалдық жүйенің шығарылымына және т.с.с. қарай жаңартылып тұрады. Қажет болса, соңғы нұсқасын Samsung веб-торабынан (www.samsung.com/printer) жүктеп алыңыз.

Амалдық жүйе	Мазмұны
Windows	<ul style="list-style-type: none"> • Принтер драйвері: Бұл драйверді құрылғы мүмкіндіктерінің артықшылықтарын пайдалану үшін пайдаланыңыз. • Сканер драйвері: TWAIN және Windows (WIA) кескін алу қызметінің драйверлерін құжаттарды құрылғыда сканерлеуге қолдануға болады. • Smart Panel: Бұл бағдарлама құрылғы күйін бақылауға мүмкіндік беріп, басып шығару кезінде қате пайда болса, ескертеді. • SmartThru^a: Бұл бағдарлама көп функционалдық құрылғыға арналған Windows жүйесіне негізделген бағдарламалық құралмен бірге жүреді. • Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung: Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями бағдарламасы туралы мәліметті және орнатылған сканер драйверінің жағдайы туралы білуге болады. • SetIP: Бұл бағдарламаны құрылғының TCP/IP мекенжайларын орнату үшін пайдаланыңыз.
Macintosh	<ul style="list-style-type: none"> • Принтер драйвері: Бұл драйверді құрылғы мүмкіндіктерінің артықшылықтарын пайдалану үшін пайдаланыңыз. • Сканер драйвері: TWAIN драйвері құжаттарды сканерлеру үшін қол жетімді. • Smart Panel: Бұл бағдарлама құрылғы күйін бақылауға мүмкіндік беріп, басып шығару кезінде қате пайда болса, ескертеді. • Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung: Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями бағдарламасы туралы мәліметті және орнатылған сканер драйверінің жағдайы туралы білуге болады. • SetIP: Бұл бағдарламаны құрылғының TCP/IP мекенжайларын орнату үшін пайдаланыңыз.
Linux	<ul style="list-style-type: none"> • Unified Linux Driver: Бұл драйверді құрылғы мүмкіндіктерінің артықшылықтарын пайдалану үшін пайдаланыңыз. • SANE: Осы драйверді құжаттарды сканерлеу үшін пайдаланыңыз. • Smart Panel: Бұл бағдарлама құрылғы күйін бақылауға мүмкіндік беріп, басып шығару кезінде қате пайда болса, ескертеді. • SetIP: Бұл бағдарламаны құрылғының TCP/IP мекенжайларын орнату үшін пайдаланыңыз.

а. Сканерленген суретті қуатты сурет өңдегішін пайдалану арқылы түрлі жолмен өңдеп, суретті электрондық пошта арқылы жіберуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, SmartThru жүйесінен Adobe Photoshop бағдарламасы секілді басқа да сурет өңдегіш бағдарламасын ашуға болады. Мәліметтерді SmartThru бағдарламасында берілген экран анықтамасынан қараңыз. (93-беттегі "Smarthru" қараңыз).

Жүйе талаптары

Бастаудан бұрын, жүйе келесі талаптарға сай келетініне көз жеткізіңіз:

Windows

Құрылғы келесі Windows амалдық жүйесін қолдайды.

АМАЛДЫҚ ЖҮЙЕ	Талап (ұсынылады)		
	Орталық процессор	ЖЖҚ	Қатты дискідегі бос орын
Windows 2000	Pentium II 400 МГц (Pentium III 933 МГц)	64 Мбайт (128 Мбайт)	600 Мбайт
Windows XP	Pentium III 933 МГц (Pentium IV 1 ГГц)	128 Мбайт (256 Мбайт)	1,5 Гбайт
Windows Server 2003	Pentium III 933 МГц (Pentium IV 1 ГГц)	128 Мбайт (512 Мбайт)	1,25 Гбайттан 2 Гбайтқа дейін
Windows Server 2008	Pentium IV 1 ГГц (Pentium IV 2 ГГц)	512 Мбайт (2048 Мбайт)	10 Гбайт
Windows Vista	Pentium IV 3 ГГц	512 Мбайт (1024 Мбайт)	15 Гбайт
Windows 7	Pentium IV 1 GHz 32 биттік немесе 64 биттік процессоры немесе одан жоғары	1 Гбайт (2 Гбайт)	16 Гбайт
		<ul style="list-style-type: none"> • DirectX 9 сызбыларына 128 Мбайт жадпен қолдау (Aero тақырыбын қос үшін). • DVD-R/W драйвері 	
Windows Server 2008 R2	Pentium IV 1 ГГц (x86) немесе 1,4 ГГц (x64) процессорлары (2 ГГц немесе жылдамырақ)	512 Мбайт (2048 Мбайт)	10 Гбайт




- Internet Explorer 5.5 жүйесі немесе одан да жоғары нұсқасы барлық Windows амалдық жүйелеріне ең төменгі талап болып табылады.
- Бағдарламалық құралды әкімші құқығы бар пайдаланушылар орната алады.
- **Windows Terminal Services** қызметтері бұл құрылғымен сыйысымды.

Macintosh

АМАЛДЫҚ ЖҮЙЕ	Талаптар (ұсынылады)		
	Орталық процессор	ЖЖҚ	Қатты дискідегі бос орын
Mac OS X 10.3-10.4	<ul style="list-style-type: none">Intel процессорларыPowerPC G4/G5	<ul style="list-style-type: none">128 Мбайт PowerPC негізделген Mac (512 Мбайт) жүйесі үшін512 Мбайт Intel негізделген Mac (1 Гбайт)	1 Гбайт
Mac OS X 10.5	<ul style="list-style-type: none">Intel процессорлары867 МГц немесе жылдамырақ Power PC G4/G5	512 Мбайт (1 Гбайт)	1 Гбайт
Mac OS X 10.6	<ul style="list-style-type: none">Intel процессорлары	1 Гбайт (2 Гбайт)	1 Гбайт

Linux

Элемент	Талаптар
Амалдық жүйе	RedHat Enterprise Linux WS 4, 5 (32/64 бит) Fedora Core 2-10 (32/64 бит) SuSE Linux 9.1 (32 бит) OpenSuSE 9.2, 9.3, 10.0, 10.1, 10.2, 10.3, 11.0, 11.1 (32/64 бит) Mandrake 10.0, 10.1 (32/64 бит) Mandriva 2005, 2006, 2007, 2008, 2009 (32/64 бит) Ubuntu 6.06, 6.10, 7.04, 7.10, 8.04, 8.10 (32/64 бит) SuSE Linux Enterprise Desktop 9, 10 (32/64 бит) Debian 3.1, 4.0, 5.0 (32/64 бит)
Орталық процессор	Pentium IV 2,4ГГц (IntelCore2)
ЖЖҚ	512 Мбайт (1024 Мбайт)
Қатты дискідегі бос орын	1 Гбайт (2 Гбайт)

-  Үлкен сканерленген суреттермен жұмыс істеу үшін 300 Мбайт немесе одан үлкенірек алмасу бөлімін талап ету қажет.
- Linux сканер драйвері ең үлкен оптикалық ажыратылымдылықты қолдайды.

USB қосылған құрылғы драйверін орнату

Жергілікті орнатылған құрылғы USB кабелін пайдалану арқылы компьютерге тікелей жалғанған құрылғы болып табылады. Егер құрылғы желіге жалғанған болса, төмендегі қадамдарды елемей, құрылғы драйверіне қосылған орнату желісіне өтіңіз (40-беттегі "Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).



- Выборочная установка** тармағын таңдау бағдарламаларды орнату үшін таңдауға мүмкіндік береді.
- 3 м ұзын емес USB кабелін ғана пайдаланыңыз.

Windows

Құрылғының бағдарламалық құралын әдеттегі немесе таңдамалы әдіспен орнатуға болады.

Келесі қадамдар компьютерге тікелей қосылған құрылғыны пайдаланатын көптеген пайдаланушыларға ұсынылады. Құрылғының жұмысына керекті барлық құрамдас бөліктер орнатылады.

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.




Жаңа аппараттық құралдарды табу шебері терезесі орнатым іс рәсімі кезінде пайда болса, **Болдырмау** түймесін терезені жабу үшін басыңыз.

2. Диск жетегіне берілген бағдарламалық құрал ықшам дискісін салыңыз.

- Бағдарламалық құрал дискісі автоматты түрде іске қосылып, орнату терезесі пайда болады.
- Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау**, одан кейін **Іске қосу** пәрменін таңдаңыз. X:\Setup.exe тергенде «X» орнына диск жетегін білдіретін әріпті теріңіз. **Жарайды** түймесін басыңыз.
- Windows Vista, Windows 7 және Windows 2008 Server R2 амалдық жүйелерін пайдаланған жағдайда, **Бастау > Барлық бағдарламалар > Стандартты > Іске қосу** тармағын таңдаңыз. X:\Setup.exe тергенде «X» орнына диск жетегін білдіретін әріпті теріп, **ОК** түймесін басыңыз.
- Windows Vista амалдық жүйесінде **Автоматты түрде ойнату** терезесі көрсетілсе, **Бағдарламаны орнату немесе іске қосу** жолында **Setup.exe Іске қосу** тармағын таңдап, **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезесіндегі **Жалғастыру** пәрменін таңдаңыз.
- Windows 7 және Windows 2008 Server R2 амалдық жүйелерінде **Автоматты түрде ойнату** терезесі көрсетілсе, **Бағдарламаны орнату немесе іске қосу** жолында **Setup.exe Іске қосу** тармағын таңдап, **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезесіндегі **Иә** жауабын таңдаңыз.


3. Установить сейчас пәрменін таңдаңыз.




Қажет болса, ашылмалы тізімнен тілді таңдаңыз.

4. Лицензионное соглашение тармағын оқып, **Я принимаю условия лицензионного соглашения** ұясына құсбелгі қойыңыз. Одан кейін, **Далее** түймесін басыңыз.

Бағдарлама құрылғыны іздейді.



 Егер құрылғы компьютерге қосылмаса, қателер туралы хабар пайда болады.

- Құрылғыны қосқаннан соң, **Далее** түймесін басыңыз.
 - Құрылғыны бұл жолы қосқыңыз келмесе, **Убедитесь в том, что необходимо установить программное обеспечение без подключения к сетевому или локальному принтеру.** параметрінің жанындағы ұяға құсбелгі қойыңыз. Мұндай жағдайда, сынап бетін басып шығарыңыз, терезе өтіп, орнатым аяқталады.
 - Осы Пайдаланушы нұсқаулығы тармағындағы орнатым терезесі қолданыстағы құрылғы мен интерфейске байланысты түрлі болуы мүмкін.
5. Принтер байланысын растайтын терезе пайда болғанда, принтер атауын тексеріп, **Далее** түймесін басыңыз.
6. Орнату аяқталған соң, сынақ бетін басып шығаруды ұсынатын терезе көрсетіледі. Егер сынақ бетін таңдасаңыз, түймені басып, **Далее** түймесін басыңыз.
7. Егер сынақ бетінде барлығы дұрыс болса, **Да** жауабын таңдаңыз. Егер дұрыс болмаса, оны қайтадан басып шығару үшін, **Нет** жауабын таңдаңыз.
8. Samsung орталығынан ақпарат алып отыру мақсатында, құрылғы пайдаланушысы ретінде тіркелу үшін, **Регистрация через Интернет** тармағын таңдаңыз.
9. **Готово** тармағын таңдаңыз.
-  Егер принтер дұрыс істемесе, драйверді жөндеу немесе қайта орнату үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.
- a) Құрылғының сіздің құрылғыға жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
 - b) **Бастау** мәзіріндегі **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар** тармағы ішінен **Samsung Printers > принтер атын > Обслуживание** тармағын таңдаңыз.
 - c) Қалауыңызша параметрді таңдап, терезедегі нұсқауды орындаңыз.

Macintosh

Құрылғымен бірге келген бағдарламалық құрал дискісі Macintosh компьютерінде басып шығаруға CUPS драйверін немесе PostScript драйверін (PostScript драйверін қолдайтын құрылғыны пайдаланғанда ғана қолдануға болады) пайдалануға мүмкіндік беретін драйвер файлдарымен қамтамасыз етеді.


Сонымен қатар, Macintosh компьютерінде сканерлеу үшін TWAIN драйверімен жабдықтайды.

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Диск жетегіне берілген бағдарламалық құрал ықшам дискісін салыңыз.
3. Macintosh жұмыс үстелінде көрсетілетін ықшам диск белгішесін екі рет басыңыз.
4. **MAC_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
5. **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
6. Кілтсөзді енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
7. Samsung орнату бағдарламасының терезесі көрсетіледі. **Continue** түймесін басыңыз.
8. Лицензиялық келісімді оқып, **Continue** түймесін басыңыз.
9. Лицензиялық келісімнің шарттарын қабылдаған жағдайда, **Agree** тармағын таңдаңыз.
10. **Easy Install** тармағын таңдап, **Install** түймесін басыңыз. **Easy Install** пайдаланушылардың көбіне ұсынылады. Құрылғының жұмысына керекті барлық құрамдас бөліктер орнатылады.
Custom Install тармағы таңдалса, орнатылатын жеке құрамдас бөліктерді таңдауға болады.
11. Компьютердегі барлық қолданбалардың жабылатынын ескертетін хабар көрсетілгенде **Continue** түймесін басыңыз.
 Егер терезе пайда болатын орнату түрін таңдауды сұраса, **Typical installation for a local printer** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
12. Орнату аяқталған соң, **Quit** тармағын таңдаңыз.
 Егер сканерлеу драйвері орнатылған болса, **Restart** пәрменін таңдаңыз.
13. **Applications** қалтасын > **Utilities > Print Setup Utility** тармағын ашыңыз.
 - Mac OS X 10.5-10.6 жүйелерінде **Applications** қалтасын > **System Preferences** тармағын таңдап, **Print & Fax** пәрменін таңдаңыз.
14. **Printer List** ішінде **Add** пәрменін таңдаңыз.
 - Mac OS X 10.5-10.6 жүйелерінде «+» белгішесі басылғанда көрсететін терезе пайда болады.
15. Mac OS X 10.3 нұсқасында **USB** қойындысын таңдаңыз.
 - Mac OS X 10.4 нұсқасында **Default Browser** параметрін таңдап, USB қосылымын табыңыз.
 - Mac OS X 10.5-10.6 нұсқаларында **Default** параметрін таңдап, USB қосылымын табыңыз.
16. Mac OS X 10.3 жүйесінде Auto Select функциясы дұрыс істемесе, **Printer Model** ішінен **Samsung** атын, ал **Model Name** жолағынан құрылғының атын таңдаңыз.
 - Mac OS X 10.4 жүйесінде Auto Select функциясы дұрыс істемесе, **Print Using** ішінен **Samsung** атауын, ал **Model** жолағынан құрылғының атын таңдаңыз.

- Mac OS X 10.5-10.6 нұсқаларында автотаңдау функциясы дұрыс істемесе, **Select a driver to use...** тармағын және **Print Using** жолағынан құрылғының атын таңдаңыз.

Құрылғы **Printer List** тармағында пайда болады және әдепкі құрылғы ретінде орнатылады.

17. Add тармағын таңдаңыз.

 Егер принтер драйвері дұрыс жұмыс істемесе, драйверді жойып, қайта орнатыңыз.

Драйверді Macintosh компьютерінен жою үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
- Диск жетегіне берілген бағдарламалық құрал ықшам дискісін салыңыз.
- Macintosh жұмыс үстелінде көрсетілетін ықшам диск белгішесін екі рет басыңыз.
- MAC_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
- Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
- Кілтсөзді енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
- Samsung орнату бағдарламасының терезесі көрсетіледі. **Continue** түймесін басыңыз.
- Uninstall** тармағының **Uninstall** түймесін басыңыз.
- Компьютердегі барлық қолданбалардың жабылатынын ескертетін хабар көрсетілгенде **Continue** түймесін басыңыз.
- Жойылған соң, **Quit** пәрменін таңдаңыз.


Linux


Принтер бағдарламалық құралын орнату үшін, Linux бағдарламалық құрал бумаларын Samsung веб-торабынан жүктеп алу қажет.


Бағдарламалық құралды орнату үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Бірегей Linux драйверін орнату

- Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
- Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** жолағында түбірді теріп, желі кілтсөзін енгізіңіз.

 Құрылғы бағдарламалық құралын орнату үшін, тәжірибелі пайдаланушы (root) ретінде кіру керек. Егер озық пайдаланушы болмасаңыз, желі әкімшісінен сұраңыз.

- Samsung веб-торабынан «Бірегей Linux драйвері» бумасын жүктеп алып, компьютерде ашыңыз.
- Жұмыс үстелінің төменгі жағындағы  тармақты таңдаңыз. Terminal экраны пайда болғанда, оған мынаны енгізіңіз:
[root@localhost root]#tar xzf [Файл жолы]/UnifiedLinuxDriver.tar.gz[root@localhost root]#cd [Файл жолы]/cdroot/Linux[root@localhost Linux]#./install.sh

 Егер сызбалық интерфейс пайдаланылмаса және бағдарламалық құралды орнату орындалмаса, драйверді мәтіндік күйде пайдалану қажет. 3-4 қадамдарды орындап, терминал экранындағы нұсқауларды орындаңыз.


- Сәлемдесу экраны пайда болғанда, **Next** түймесін басыңыз.

6. Орнату аяқталғанда **Finish** пәрменін таңдаңыз.


Орнату бағдарламасы Unified Driver Configurator жұмыс үстел белгішесін және «Бірегей драйвер» тобын ыңғайлық үшін желі мәзіріне қосты. Қандай да бір қиыншылықтар бар болса, жүйе мәзірі арқылы ашуға болатын экран анықтамасын қараңыз немесе **Unified Driver Configurator** немесе **Image Manager** секілді драйвер бумасының Windows бағдарламаларынан шақыруға болады.

SmartPanel бағдарламасын орнату


- Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
- Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** жолағында түбірді теріп, желі кілтсөзін енгізіңіз.

 Құрылғы бағдарламалық құралын орнату үшін, тәжірибелі пайдаланушы (root) ретінде кіру керек. Егер озық пайдаланушы болмасаңыз, желі әкімшісінен сұраңыз.

- Samsung веб-торабынан Smart Panel бумасын жүктеп алып, компьютерде ашыңыз.


- Жұмыс үстелінің төменгі жағындағы  тармақты таңдаңыз. Terminal экраны пайда болғанда, оған мынаны енгізіңіз:

```
[root@localhost root]#tar xzf [Файл жолы]/SmartPanel.tar.gz[root@localhost root]#cd [Файл жолы]/cdroot/Linux/smartpanel[root@localhost smartpanel]#./install.sh
```


 Егер сызбалық интерфейс пайдаланылмаса және бағдарламалық құралды орнату орындалмаса, драйверді мәтіндік күйде пайдалану қажет. 3-4 қадамдарды орындап, терминал экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер параметрлерін орнату утилитасын орнату


- Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
- Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** жолағында түбірді теріп, желі кілтсөзін енгізіңіз.


 Құрылғы бағдарламалық құралын орнату үшін, тәжірибелі пайдаланушы (root) ретінде кіру керек. Егер озық пайдаланушы болмасаңыз, желі әкімшісінен сұраңыз.

- Samsung веб-торабынан Принтер параметрлерін орнату утилитасы бумасын жүктеп алып, компьютерде ашыңыз.

- Жұмыс үстелінің төменгі жағындағы  тармақты таңдаңыз. Terminal экраны пайда болғанда, оған мынаны енгізіңіз:

```
[root@localhost root]#tar xzf [Файл жолы]/PSU.tar.gz[root@localhost root]#cd [Файл жолы]/cdroot/Linux/psu[root@localhost psu]#./install.sh
```

 Егер сызбалық интерфейс пайдаланылмаса және бағдарламалық құралды орнату орындалмаса, драйверді мәтіндік күйде пайдалану қажет. 3-4 қадамдарды орындап, терминал экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

 Егер принтер драйвері дұрыс жұмыс істемесе, драйверді жойып, қайта орнатыңыз.

Linux арналған драйверді жою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.

- Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** өрісінде «root» деп теріп, желі құпия сөзін енгізіңіз.


Құрылғы бағдарламалық құралын жою үшін, тәжірибелі пайдаланушы (root) ретінде кіру керек. Егер озық пайдаланушы болмасаңыз, желі әкімшісінен сұраңыз.

- c) Жұмыс үстелінің төменгі жағындағы белгішені басыңыз. Терминал экраны пайда болғанда келесіні теріңіз:
[root@localhost root]#cd /opt/Samsung/mfp/uninstall/
[root@localhost uninstall]#./uninstall.sh
- d) **Uninstall** пәрменін таңдаңыз.
- e) **Next** түймесін басыңыз.
- f) **Finish** тармағын таңдаңыз.

Жабдықты жергілікті ортақ пайдалану

Жабдықты жергілікті ортақ пайдалануға компьютерді орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Егер басты компьютер жабдықта USB кабелі арқылы тікелей қосылған және сонымен қатар, жергілікті желілік ортаға қосылған болса, жергілікті желіге қосылған клиент компьютері басып шығару үшін ортақ жабдықты басты компьютер арқылы пайдалана алады.



1	Басты компьютер	Құрылғыға USB кабелі арқылы тікелей қосылған компьютер.
2	Клиенттер компьютерлері	Басты компьютер арқылы ортақ пайдаланылған құрылғыны пайдаланатын компьютерлер.

Windows

Басты компьютерді орнату

1. Принтер драйверін орнатыңыз (33-беттегі "USB қосылған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).
2. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірін ашыңыз.
3. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 жүйесінде **Басып шығарғыштар мен факстер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 7 жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
4. Принтер белгішесін тінтуірдің оң түймесімен басыңыз.
5. Windows XP/2003/2008/Vista жүйесі үшін **Сипаттар** пәрменін таңдаңыз.

Windows 7 және Windows Server 2008 R2 жүйелері үшін мәтінмен мәзірлерінен **Басып шығарғыш сипаттары** параметрін таңдаңыз.

Егер **Басып шығарғыш сипаттары** элементінде ► белгісі бар болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.

6. **Ортақ пайдалану** қойындысын таңдаңыз.
7. **Ортақ пайдалану параметрлерін өзгерту** параметрін тексеріңіз.
8. **Осы басып шығарғышты ортақ пайдалану** пәрменін тексеріңіз.
9. **Ортақ атау** өрісін толтырыңыз. **Жарайды** түймесін басыңыз.

Клиенттің компьютерін орнату

1. Принтер драйверін орнатыңыз (33-беттегі "USB қосылған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).
2. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірін ашыңыз.
3. **Барлық бағдарламалар** мәзірінің **Стандартты** қалтасынан **Windows жетектеушісі** тармағын таңдаңыз.
4. Басты компьютердің IP мекенжайын енгізіп, пернетақтадағы Enter пернесін басыңыз.



Басты компьютер **Пайдаланушы аты** мен **Құпия сөз** талап еткен жағдайда, пайдаланушы коды мен басты компьютер тіркелгісінің құпия сөзін енгізіңіз.

5. Ортақ пайдаланатын принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Қосылу** пәрменін таңдаңыз.
6. Егер орнату аяқталғаны жайында хабар пайда болса, **Жарайды** түймесін басыңыз.
7. Басып шығаратын файлды ашып, басып шығаруды бастаңыз.

Macintosh

Келесі қадамдар Mac X 10.5-10.6 амалдық жүйелеріне арналған. Басқа амалдық жүйе нұсқаларын Mac анықтамасынан қараңыз.

Басты компьютерді орнату

1. Принтер драйверін орнатыңыз (34-беттегі "Macintosh" қараңыз).
2. **Applications, System Preferences** қалтасын ашып, **Print & Fax** параметрін таңдаңыз.
3. Принтерді **Printers list** ішінде ортақ пайдалану үшін таңдаңыз.
4. **Share this printer** пәрменін таңдаңыз.

Клиенттің компьютерін орнату


1. Принтер драйверін орнатыңыз (34-беттегі "Macintosh" қараңыз).
2. **Applications, System Preferences** қалтасын ашып, **Print & Fax** параметрін таңдаңыз.
3. «+» белгішесін басыңыз.
Ортақ принтердің атын көрсететін терезе пайда болады.
4. Жабдықты таңдап, **Add** пәрменін таңдаңыз.

Желі параметрлерін орнату

Бұл тарауда желіге жалғанған жабдықты және бағдарламалық құралды орнатудың қадамдары берілген.

Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Желі ортасы
- Пайдалы желілік бағдарламалармен танысу
- Сымды желіні пайдалану

 Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Құрылғы үлгісінің атын тексеріңіз.
(25-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" қараңыз).

Желі ортасы


Желі құрылғысы ретінде қолдану үшін, құрылғыда желілік протоколдарды орнату керек. Негізгі желі параметрлерін жабдықтың басқару тақтасы арқылы орнатуға болады.

Төмендегі кестеде құрылғы қолдайтын желі орталары көрсетілген:

Элемент	Талаптар
Желілік интерфейс	<ul style="list-style-type: none">• Ethernet 10/100 Base-TX
Желілік амалдық жүйе	<ul style="list-style-type: none">• Windows 2000/XP/2003/2008/Vista/7/2008 Server R2• Linux амалдық жүйесінің түрлі нұсқалары• Mac OS X 10.3-10.6
Желілік протоколдар	<ul style="list-style-type: none">• TCP/IPv4• DHCP, BOOTP• DNS, WINS, Bonjour, SLP, UPnP• Standard TCP/IP Printing(RAW), LPR, IPP• SNMPv 1/2/3, HTTP(S), IPSec• TCP/IPv6 (DHCP, DNS, RAW, LPR, SNMPv 1/2/3, HTTP(S), IPSec) (42-беттегі "IPv6 конфигурациясы" қараңыз).

Пайдалы желілік бағдарламалармен танысу

Желі ортасында желі параметрлерін оңай орнатуға мүмкіндік беретін бірнеше бағдарлама бар. Әсіресе желі әкімшісіне желіде бірнеше құрылғыны басқаруға мүмкіндік бар.

 Төмендегі бағдарламаларды пайдаланбас бұрын, IP мекенжайын орнатып алу керек.

- Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату
- IPv6 конфигурациясы

SyncThru™ Web Service

Төмендегідей әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін желідегі құрылғының ішіне орнатылған веб-сервер:

- Құрылғыны түрлі желі орталарына жалғауға керекті желі параметрлерін реттеу;
- Құрылғы параметрлерін жеке қалау бойынша реттеу.
(91-беттегі "SyncThru™ Web Service қызметін пайдалану" қараңыз).

SyncThru™ Web Admin Service

Желі әкімшілеріне арналған құрылғыны Интернет арқылы басқару мүмкіндігі. SyncThru™ Web Admin Service — желідегі құрылғыларды тиімді басқаруға, желілік жабдықтарды ортақ интернет байланысы бар кез келген сайт арқылы қашықтан бақылап, ақаулықтарын жоюға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны <http://solution.samsungprinter.com> веб-торабынан жүктеп алуға болады.

Samsung AnyWeb Print

Қарапайым бағдарламамен салыстырғанда, бұл құрал экранды суретке түсіруге, алдын ала көруге, қиып алуға және Windows Internet Explorer экранын оңай басып шығаруға мүмкіндік береді. Құралды жүктеп алуға болатын веб-торапқа өту үшін, **Бастау > Барлық бағдарламалар > Samsung Printers > Samsung AnyWeb Print > Download the latest version** тармағын таңдаңыз. Бұл құрал тек Windows амалдық жүйелерінде бар.

SetIP


Бұл утилиталық бағдарлама желілік интерфейсін таңдап, TCP/IP протоколымен пайдаланылатын IP мекенжайын қолмен реттеуге мүмкіндік береді (38-беттегі "SetIP бағдарламасы (Windows) арқылы IP мекенжайын орнату" немесе 39-беттегі "SetIP бағдарламасы (Macintosh) арқылы IP мекенжайын орнату" қараңыз).

 Бұл бағдарлама TCP/IPv6 протоколын қолдамайды.

Сымды желіні пайдалану

Желіде пайдалану үшін, жабдықта желілік протоколдарды орнату керек. Бұл тарауда осыны орындаудың оңай жолы көрсетіледі.

Желі кабелін құрылғының тиісті портына жалғағаннан кейін желіні пайдалануға болады.



Желі конфигурациясының есебін басып шығару

Құрылғының ағымдағы желі параметрлерін көрсететін **Желі конфигурациясының есебін** құрылғының басқару тақтасынан басып шығаруға болады. Бұл желіні орнатып, ақаулықтарды жоюға көмектеседі.

1. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
2. **Сеть** параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. **Информ. о сети** параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жоқ/оң жақ көрсеткіні **Да** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.

Осы **желі конфигурациясының есебін** пайдаланып, құрылғының MAC және IP мекенжайларын табуға болады.

Мысалы:

- MAC мекенжайы: 00:15:99:41:A2:78
- IP мекенжайы: 192.0.0.192

IP мекенжайын орнату

Біріншіден, желі арқылы басып шығару және басқару үшін, IP мекенжайын орнату керек. Көбінесе, желіде орналасқан DHCP (басты құрылғының динамикалық конфигурация протоколы) сервері автоматты түрде жаңа IP мекенжайын тағайындайды.

Кейбір жағдайларда, IP мекенжайын қолмен орнату керек болуы мүмкін. Бұл статикалық IP мекенжайы деп аталады және қауіпсіздік мақсатында ортақ Интернет желілерінде талап етіледі.

- **DHCP IP мекенжайын тағайындау:** Құрылғыны желіге жалғап, DHCP сервері жабдық үшін IP мекенжайын тағайындағанша бірнеше минут күтіңіз. Одан кейін, жоғарыда сипатталғандай **желі конфигурациясының есебін** басып шығарыңыз. Есепте IP мекенжайы өзгертілді деп көрсетілсе, тағайындау сәтті орындалды. Есепте жаңа IP мекенжайы көрсетіледі.
- **Статикалық IP мекенжайын тағайындау:** IP мекенжайын компьютер арқылы өзгерту үшін, SetIP бағдарламасын пайдаланыңыз. Егер құрылғыда басқару тақтасы бар болса, IP мекенжайын сол жерден өзгертуге болады.

Кеңседе болғанда, бұл мекенжайды орнату үшін, желі әкімшісіне хабарласуды ұсынамыз.

IP мекенжайын басқару тақтасы арқылы орнату

1. Құрылғыны желіге желі кабелі арқылы жалғаңыз.
2. Құрылғыны қосыңыз.
3. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
4. **Сеть** параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жоқ/оң жақ көрсеткіні **TCP/IP (IPv4)** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жоқ/оң жақ көрсеткіні **Статический** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Сол жоқ/оң жақ көрсеткіні **IP-адрес** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
8. IP мекенжайын санды пернетақта көмегімен енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.



0 және 255 арасындағы байттық көрсеткішті санды пернетақтаның көмегімен енгізіңіз, ал сол жоқ/оң жақ көрсеткі түймелері арқылы байттар арасында жылжыңыз. Мекенжайды 1-байттан 4-байтқа дейін аяқтау үшін, осы қадамды қайталаңыз.

9. Көрсетілген **Маска подсети** және **Шлюз** тәрізді басқа параметрлерді енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
 10. Барлық параметрлерді енгізіп болғаннан кейін, дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.
- 40-беттегі "Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" өтіңіз.

SetIP бағдарламасы (Windows) арқылы IP мекенжайын орнату

Бұл бағдарлама құрылғымен байланыс құру мақсатында MAC мекенжайын пайдаланып, құрылғы желісінің IP мекенжайын қолмен орнатуға арналған. MAC мекенжайы дегеніміз желілік интерфейстің аппараттық құрал сериялық нөмірі және оны **желі конфигурациясының есебі** ішінен табуға болады.


SetIP бағдарламасын пайдалану үшін, жалғастырмас бұрын, келесі қадамдарды орындап, компьютердің қорғау жүйесін ажыратыңыз.


1. **Басқару тақтасы** мәзірін ашыңыз.
2. **Қауіпсіздік орталығы** белгішесін екі рет басыңыз.
3. **Windows желіаралық қорғау жүйесі** түймесін басыңыз.
4. Брандмауэрды ажыратыңыз.

Бағдарламаны орнату

1. Құрылғымен бірге берілген принтердің бағдарламалық құрал ықшам дискісін салыңыз. Драйвер ықшам дискісі автоматты түрде ашылғанда, сол терезені жабыңыз.
2. Windows Explorer браузерін ашып, X дискісін қосыңыз (X — ықшам дискіні білдіреді).
3. **Application > SetIP** түймесін екі рет басыңыз.
4. Осы бағдарламаны орнату үшін, **Setup.exe** файлын екі рет басыңыз.
5. Тілді таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.
6. Терезедегі нұсқауларды орындап, орнатуды аяқтаңыз.

Бағдарламаны іске қосу

1. Құрылғыны желіге желі кабелі арқылы жалғаңыз.
2. Құрылғыны қосыңыз.
3. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірінен **Барлық бағдарламалар > Samsung Printers > SetIP > SetIP** тармағын таңдаңыз.
4. TCP/IP конфигурациялық терезесін ашу үшін, SetIP терезесіндегі  белгішесін (сол жақтан үшінші) басыңыз.
5. Құрылғының жаңа апаратын конфигурация терезесіне төмендегі жолмен енгізіңіз. Ортақ Интернет желісінде, жалғастырмас бұрын, бұл апаратты желі менеджері тағайындауы керек болуы мүмкін.



- **Мас-адрес:** MAC мекенжайын **желі конфигурациясының есебі** ішінен тауып, қос нүктесіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түрінде енгізіледі.
 - **IP-адрес:** Принтердің IP мекенжайын енгізіңіз. Мысалы, компьютердің IP мекенжайы 192.168.1.150 болса, оны 192.168.1.X (X — компьютердің мекенжайынан тыс 1 және 254 арасындағы сан) түрінде енгізіңіз.
 - **Маска подсети:** Ішкі желі маскасы мәнін енгізіңіз.
 - **Шлюз по умолчанию:** Әдепкі шлюз мәнін енгізіңіз.
6. **Применить** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Жабдық автоматты түрде **желі конфигурациясының есебін** басып шығарады. Барлық параметрлердің дұрыс екенін растаңыз.
 7. SetIP бағдарламасын жабу үшін, **Выход** пәрменін таңдаңыз.
 8. Қажет болса, компьютердің қорғау жүйесін қайтадан іске қосыңыз.


SetIP бағдарламасы (Macintosh) арқылы IP мекенжайын орнату

SetIP бағдарламасын пайдалану үшін, жалғастырмас бұрын, келесі қадамдарды орындап, компьютердің қорғау жүйесін ажыратыңыз.

1. **System Preferences** терезесін ашыңыз.
2. **Security** пәрменін таңдаңыз.
3. **Firewall** мәзірін ашыңыз.
4. Қорғау жүйесін өшіріңіз.

 Төмендегі нұсқаулар құрылғы үлгісіне қарай өзгеше болуы мүмкін.

1. Құрылғыны желіге желі кабелі арқылы жалғаңыз.
2. Орнату ықшам дискісін салып, диск терезесін ашыңыз да, **MAC_Installer > MAC_Printer > SetIP > SetIPApplet.html** тармағын таңдаңыз.
3. Файлды екі рет басыңыз, **Safari** автоматты түрде ашылған кезде **Trust** тармағын таңдаңыз. Браузер принтердің аты мен IP мекенжайы ақпаратын көрсететін **SetIPApplet.html** бетін ашады.
4. Принтер ақпараты жолын белгілеп, қолданба мәзірі жолағындағы сол жақтан екінші **Setup** белгішесін басыңыз. TCP/IP конфигурация терезесі көрсетіледі.

 Егер принтер ақпараттар жолында көрсетілмесе, TCP/IP конфигурация терезесін ашу үшін, қолмен орнату белгішесін (сол жақтан үшінші) басыңыз.


5. Құрылғының жаңа ақпаратын конфигурация терезесіне төмендегі жолмен енгізіңіз. Ортақ Интернет желісінде, жалғастырмас бұрын, бұл ақпаратты желі менеджері тағайындауы керек болуы мүмкін.
 - **Мас-адрес:** MAC мекенжайын **желі конфигурациясының есебі** ішінен тауып, қос нүктесіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түрінде енгізіледі.
 - **IP-адрес:** Принтердің IP мекенжайын енгізіңіз. Мысалы, компьютердің IP мекенжайы 192.168.1.150 болса, оны 192.168.1.X (X — компьютердің мекенжайынан тыс 1 және 254 арасындағы сан) түрінде енгізіңіз.
 - **Маска подсети:** Ішкі желі маскасы мәнін енгізіңіз.
 - **Шлюз по умолчанию:** Әдепкі шлюз мәнін енгізіңіз.

6. **Apply** пәрменін таңдап, одан кейін **ОК** және қайтадан **ОК** түймесін басыңыз. Принтер автоматты түрде конфигурация есебін басып шығарады. Барлық параметрлердің дұрыс екенін растаңыз. **Safari браузерінен шығу.** Орнату ықшам дискісін жауып, шығаруға болады. Қажет болса, компьютердің қорғау жүйесін қайтадан іске қосыңыз. IP мекенжайы, ішкі желі маскасы және шлюз өзгертілді.

IP мекенжайын SetIP бағдарламасын пайдаланып (Linux) орнату

Принтер драйверін орнату барысында, SetIP бағдарламасы автоматты түрде орнатылуы тиіс.

1. Құрылғының MAC мекенжайын табу үшін, құрылғының желі конфигурациясы есебін басып шығарыңыз.
2. **/opt/Samsung/mfp/share/utils/** тармағын ашыңыз.
3. **SetIPApplet.html** файлын екі рет басыңыз.
4. TCP/IP конфигурация терезесін ашу үшін, басыңыз.
5. Желі картасының MAC мекенжайын, IP мекенжайын, ішкі желі маскасын, әдепкі шлюзді енгізіп, **Apply** пәрменін таңдаңыз.

 MAC мекенжайын енгізген кезде, қос нүкте (:) қоймаңыз.

6. Құрылғы желі ақпаратын басып шығарады. Барлық параметрлердің дұрыс екенін растаңыз.
7. SetIP бағдарламасын жабыңыз.

Желі параметрін орнату

Түрлі желі параметрлерін **SyncThru™ Web Admin Service** және **SyncThru™ Web Service** тәрізді желілік әкімші бағдарламалары арқылы орнатуға болады.

Әдепкі зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

Қолданыстағы құрылғы жаңа желі ортасына жалғанған кезде, оны әдепкі зауыттық параметрлеріне келтіру қажет болуы мүмкін.


Әдепкі зауыттық параметрлерді басқару тақтасынан қалпына келтіру

1. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
2. **Сеть** параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткіні **Сброс настр.** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Параметрлерді қолдану үшін, құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.

Әдепкі зауыттық параметрлерді SyncThru™ Web Service бағдарламасы арқылы қалпына келтіру


1. Internet Explorer, Safari немесе Firefox тәрізді веб-браузерді қосып, браузер терезесінде құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.

Мысалы,

 <http://192.168.1.133/>

2. **SyncThru™ Web Service** терезесі ашылған кезде, **Параметры сети** тармағын таңдаңыз.

3. Сброс тармағын таңдаңыз. Одан кейін, желі үшін Очистить түймесін басыңыз.



4. Параметрлерді қолдану үшін, құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.


Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату

Windows

Құрылғы драйверін төмендегі қадамдарды орындап орнатуға болады. Бұл пайдаланушылардың көбіне ұсынылады. Құрылғының жұмысына керекті барлық құрамдас бөліктер орнатылады.

1. Құрылғының желіге немесе USB кабеліне жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Диск жетегіне берілген бағдарламалық құрал ықшам дискісін салыңыз.
 - Бағдарламалық құрал ықшам дискісі автоматты түрде қосылып, орнату терезесі көрсетіледі.
 - Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау**, одан кейін **Іске қосу** пәрменін таңдаңыз. X:\Setup.exe тергенде «X» орнына диск жетегін білдіретін әріпті теріңіз. **Жарайды** түймесін басыңыз.
 - Windows Vista, Windows 7 және Windows 2008 Server R2 амалдық жүйелерін пайдаланған жағдайда, **Бастау** > **Барлық бағдарламалар** > **Стандартты** > **Іске қосу** тармағын таңдаңыз. X:\Setup.exe тергенде «X» орнына диск жетегін білдіретін әріпті теріп, **ОК** түймесін басыңыз.
 - Windows Vista амалдық жүйесінде **Автоматты түрде ойнату** терезесі көрсетілсе, **Бағдарламаны орнату немесе іске қосу** жолында **Setup.exe Іске қосу** тармағын таңдап, **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезесіндегі **Жалғастыру** пәрменін таңдаңыз.
 - Windows 7 және Windows 2008 Server R2 амалдық жүйелерінде **Автоматты түрде ойнату** терезесі көрсетілсе, **Бағдарламаны орнату немесе іске қосу** жолында **Setup.exe Іске қосу** тармағын таңдап, **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезесіндегі **Иә** жауабын таңдаңыз.

3. Установить сейчас пәрменін таңдаңыз.



Қажет болса, ашылмалы тізімнен тілді таңдаңыз.



Расширенная установка параметрінің екі опциясы бар: **Выборочная установка** және **Установить только программное обеспечение**. «Выборочная установка» құрылғының байланыс түрін және орнатылатын жеке құрамдас бөліктерді таңдауға мүмкіндік береді. Install Software Only Smart Panel тәрізді берілген бағдарламалық құралды орнатуға мүмкіндік береді. Терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

4. **Лицензионное соглашение** тармағын оқып, **Я принимаю условия лицензионного соглашения** ұясына құсбелгі қойыңыз. Одан кейін, **Далее** түймесін басыңыз.

Бағдарлама құрылғыны іздейді.



Егер құрылғы желіде немесе жергілікті орында табылмаса, қате туралы хабар көрсетіледі.

- **Убедитесь в том, что необходимо установить программное обеспечение без подключения к сетевому или локальному принтеру.**
 - Құрылғыны жалғамастан бағдарламаны орнату үшін осы опцияны тексеріңіз. Бұл жағдайда, сынақ бетін басып шығару терезесі көрсетілмей, орнату аяқталады.
- **Повторить поиск**

Осы түйме басылғанда, қорғау жүйесінің ескерту терезесі көрсетіледі;

 - Қорғау жүйесін ажыратып, **Повторить поиск** функциясын пайдаланыңыз. Windows амалдық жүйесінде **Бастау** > **Басқару тақтасы** > **Windows желіаралық қорғау жүйесі** тармағын таңдап, осы параметрді ажыратыңыз.
 - Амалдық жүйеден басқа қорғау жүйесін үшінші тараптың бағдарламасынан да өшіріңіз. Жеке бағдарламалардың нұсқаулығын қараңыз.
- **Ввести вручную**

Ввести вручную — желіде белгілі бір құрылғыны іздеуге мүмкіндік береді.

 - **Поиск по IP-адресу:** IP мекенжайын немесе хост атын енгізіңіз. Одан кейін, **Далее** түймесін басыңыз. Құрылғының IP мекенжайын тексеру үшін, желі конфигурациясының есебін басып шығарыңыз (38-беттегі "Желі конфигурациясының есебін басып шығару" қараңыз).
 - Желі жолы арқылы іздеу: Ортақ құрылғыны табу үшін (UNC жолы), ортақ атауды қолмен енгізіңіз немесе **Обзор** түймесін басып, ортақ принтерді іздеңіз. Одан кейін, **Далее** түймесін басыңыз.

- **Справка**


Егер құрылғы компьютерге немесе желіге жалғанбаған болса, осы анықтама құрылғыны жалғау туралы толық ақпарат береді.

- **Задать IP-адрес**

Егер белгілі бір желі құрылғысында арнайы IP мекенжайын орнату керек болса, **Задать IP-адрес** түймесін басыңыз. **Задать IP-адрес** терезесі көрсетіледі. Төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- а) Тізімнің ішінен арнайы IP мекенжайымен орнатылатын құрылғыны таңдаңыз.
- б) Құрылғының IP мекенжайын, ішкі желі маскасы мен шлюз параметрлерін қолмен реттеп, желідегі жабдыққа арнайы IP мекенжайын орнату үшін **Применить** түймесін басыңыз.
- с) **Далее** түймесін басыңыз.

5. Изделген құрылғы экранда көрсетіледі. Қолданылатын құрылғыны таңдаңыз.

 Егер драйвер тек бір принтер іздеген болса, растау терезесі көрсетіледі.

Бағдарлама орнатуды бастайды.


6. Орнату аяқталған соң, сынақ бетін басып шығаруды ұсынатын терезе көрсетіледі. Егер сынақ бетін басып шығару керек болса, **Печать тестовой страницы** түймесін басыңыз.

Әйтпесе, **Далее** түймесін басып, 8-қадамға өтіңіз.

7. Егер сынақ бетінде барлығы дұрыс болса, **Да** жауабын таңдаңыз. Егер дұрыс болмаса, оны қайтадан басып шығару үшін, **Нет** жауабын таңдаңыз.

8. Samsung орталығынан ақпарат алып отыру мақсатында, құрылғы пайдаланушысы ретінде тіркелу үшін, **Регистрация через Интернет** тармағын таңдаңыз.

9. **Готово** тармағын таңдаңыз.

-  • Драйвер параметрлері орнатылып болған соң, қорғау жүйесін қайта қосуға болады.
- Орнату аяқталған соң, принтердің драйвері дұрыс жұмыс істемесе, жөндеңіз немесе қайта орнатыңыз (40-беттегі "Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).

Macintosh

1. Құрылғының желіге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз. Сондай-ақ, құрылғының IP мекенжайы орнатылған болуы керек.
2. Диск жетегіне берілген бағдарламалық құрал ықшам дискісін салыңыз.
3. Macintosh жұмыс үстелінде көрсетілетін ықшам диск белгішесін екі рет басыңыз.
4. **MAC_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
5. **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
6. Кілтсөзді енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
7. Samsung орнату бағдарламасының терезесі көрсетіледі. **Continue** түймесін басыңыз.
8. Лицензиялық келісімді оқып, **Continue** түймесін басыңыз.
9. Лицензиялық келісімнің шарттарын қабылдаған жағдайда, **Agree** тармағын таңдаңыз.
10. **Easy Install** тармағын таңдап, **Install** түймесін басыңыз. **Easy Install** пайдаланушылардың көбіне ұсынылады. Құрылғының жұмысына керекті барлық құрамдас бөліктер орнатылады.

Custom Install тармағы таңдалса, орнатылатын жеке құрамдас бөліктерді таңдауға болады.

11. Компьютердегі барлық қолданбалардың жабылатынын ескертетін хабар көрсетіледі. **Continue** түймесін басыңыз.



- Орнату түрін таңдауды ұсынатын терезесі көрсетілсе, **Typical installation for a network printer** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- Егер **Typical installation for a network printer** тармағы таңдалса, SetIP бағдарламасы автоматты түрде қосылады. Егер құрылғы желі ақпаратының параметрлерін реттеп қойған болса, SetIP бағдарламасын жабыңыз. Келесі қадамды орындаңыз.

12. Орнату аяқталған соң, **Quit** тармағын таңдаңыз.

13. **Applications** қалтасын > **Utilities** > **Print Setup Utility** тармағын ашыңыз.

- Mac OS X 10.5-10.6 жүйелерінде **Applications** қалтасын > **System Preferences** тармағын таңдап, **Print & Fax** пәрменін таңдаңыз.

14. **Printer List** ішінде **Add** пәрменін таңдаңыз.

- Mac OS X 10.5-10.6 жүйелерінде «+» белгішесі басылғанда көрсететін терезе пайда болады.

15. Mac OS X 10.3 жүйесінде **IP Printing** қойындысын таңдаңыз.

- Mac OS X 10.4 жүйесінде **IP Printer** тармағын таңдаңыз.
- Mac OS X 10.5-10.6 жүйелерінде **IP** тармағын таңдаңыз.

16. **Printer Type** ішінен **Socket/HP Jet Direct** тармағын таңдаңыз.

Басып шығарылатын құжаттың беттері көп болса, **Printer Type** опциясы ретінде Socket параметрін таңдап, басып шығару жұмысын жақсартуға болады.

17. **Printer Address** жолына құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.

Негізгі басып шығару параметрлері, соның ішінде көшірме саны және басып шығару ауқымы **Басып шығару** терезесінде таңдалады.

 Принтер драйверінің басып шығару мүмкіндіктерін пайдаланып, басып шығару параметрін өзгерту үшін, қолданбаның **Басып шығару** терезесінен **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** тармағын таңдаңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).


4. Басып шығаруды бастау үшін, **Басып шығару** терезесіндегі **Жарайды** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

 Windows Internet Explorer браузерін пайдаланған жағдайда, **Samsung AnyWeb Print** бағдарламасы да экраннан түсірілген суреттерді немесе жалпы суреттерді басып шығару кезінде уақытты үнемдейді. Құралды жүктеп алуға болатын веб-торапқа өту үшін, **Бастау** > **Барлық бағдарламалар** > **Samsung Printers** > **Samsung AnyWeb Print** > **Download the latest version** тармағын таңдаңыз.



Басып шығаруды тоқтату

Егер басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе спулерде күтіп тұрса, оны мына қадамдарды орындап тоқтатыңыз:

1. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер** > **Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 жүйесінде **Басып шығарғыштар мен факстер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista жүйесінде **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** > **Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 7 жүйесінде **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** > **Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар** > **Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
3. Windows 2000, XP, 2003 және Vista жүйесінде құрылғыны екі рет басыңыз.
Windows 7 және Windows Server 2008 R2 жүйесінде принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, > мәтінмәндік мәзірлер > **Басып шығару кезегін қарап шығу** тармағын таңдаңыз.

 Егер **Басып шығару кезегін қарап шығу** элементінің ► таңбасы болса, таңдалған принтерге жалғанған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.

4. **Құжат** мәзірінде **Болдырмау** пәрменін таңдаңыз.


 Сондай-ақ, бұл терезеге Windows тапсырмалар жолағындағы құрылғының белгішесін () екі рет басу арқылы кіруге болады.

Ағымдағы тапсырманы басқару тақтасындағы **Стоп/Сброс** пәрменін басып тоқтатуға болады.

Басып шығару басымдықтарын ашу

Таңдаған параметрлерді **Басып шығару теңшелімдері** терезесінің жоғарғы оң жағынан көруге болады.


1. Басып шығарылатын құжатты ашыңыз.
2. «Файл» мәзірінің ішінен **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі көрсетіледі.
3. **Басып шығарғышты таңдау** мәзірінен керекті құрылғыны таңдаңыз.
4. **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** тармағын таңдаңыз.



Таңдаулы параметрді пайдалану

Samsung қойындысынан тыс әр басымдықтар қойындысында көрсетілетін **Предустановки** опциясы ағымдағы басымдықтар параметрлерін болашақта қолдану үшін сақтап қоюға мүмкіндік береді. **Предустановки** элементін сақтау:

1. Өр қойындыдағы параметрлерді керекті түрде өзгертіңіз.
2. **Предустановки** енгізу жолағына элементтің атын енгізіңіз.



3. **Добавить** тармағын таңдаңыз. **Предустановки** элементін сақтаған кезде ағымдағы барлық драйвер параметрлері сақталады.

Егер **Добавить** тармағын таңдалса, **Добавить** түймесі **Обновить** түймесі болып өзгереді. Қосымша опцияларды таңдап, **Обновить** түймесін басыңыз. Параметрлер жасалған **Предустановки** ішіне қосылады.


Сақталған параметрді пайдалану үшін, оны **Предустановки** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. Құрылғы таңдалған параметрде басып шығаратын етіп орнатылған.

Сақталған параметрді жою үшін, оны **Предустановки** ашылмалы тізімінен таңдап, **Удалить** түймесін басыңыз.

Сондай-ақ, принтер драйверінің өдепкі параметрлерін **Предустановки** ашылмалы тізімінен **По умолчанию** тармағын таңдау арқылы қалпына келтіруге болады.

Анықтаманы пайдалану

Терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы сұрақ белгісін басып, мәлімет алынатын кез келген параметрдің үстін басыңыз. Драйвер қамтамасыз ететін опцияның мүмкіндігі туралы ақпараты бар қалқымалы терезе көрсетіледі.



Ақпаратты сөз арқылы іздеу үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесінен **Samsung** қойындысын ашып, **Справка** опциясының енгізу жолына сөзді енгізіңіз. Жабдықтар, драйвер жаңартуы немесе тіркеу, т.б. туралы ақпарат алу үшін, тиісті түймелерді басыңыз.

Басып шығарудың арнайы мүмкіндіктерін пайдалану

Басып шығарудың арнайы мүмкіндіктеріне мыналар жатады:

- 58-беттегі "Бір параққа бірнеше бетті басып шығару".
- 58-беттегі "Афишаларды басып шығару".
- *** 'Кітапшаларды басып шығару (қолмен)' on page 59 ***.
- 59-беттегі "Қағаздың екі жағына басып шығару (қолмен)".
- 59-беттегі "Құжаттың көлемін өзгертіңіз".
- 59-беттегі "Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне лайықтау".
- 60-беттегі "Сутаңбаларды пайдалану".
- 60-беттегі "Оверлейді пайдалану".
- 61-беттегі "Күрделі опциялар".


Бір параққа бірнеше бетті басып шығару

Бір парақ бетке басылып шығатын бет санын таңдауға болады. Бір параққа бірнеше бетті басып шығарғанда, беттердің өлшемі кішірейтіліп, сіз белгілеген ретте орналастырылады. Бір параққа ең көбі 16 бет басып шығаруға болады.


1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Основные** қойындысын ашып, **Тип** ашылмалы тізімінен **Несколько страниц на стороне** тармағын таңдаңыз.
3. **Страниц**: ашылмалы тізімінен бір парақта басып шығарылатын бет санын (2, 4, 6, 9 немесе 16) таңдаңыз.
4. Қажет болса, **Порядок страниц** ашылмалы тізімінен беттердің ретін таңдаңыз.
5. Парақта әр беттің шетіне жиек жасау үшін, **Печатать границы страниц** ұясына құсбелгі қойыңыз.
6. **Бумага** қойындысын ашып, **Размер**, **Источник** және **Тип** тармақтарын таңдаңыз.
7. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Афишаларды басып шығару

Бұл параметр бір беттік құжатты кейін парақтарды біріктіріп, афиша өлшеміндегі құжат жасау үшін 4, 9 немесе 16 бөлшектеп басып шығаруға мүмкіндік береді.




1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Основные** қойындысын ашып, **Тип** ашылмалы тізімінен **Плакат** тармағын таңдаңыз.
3. Беттің керекті пішінін таңдаңыз.
Бет пішінінің сипаттары:
 - **Плакат 2 x 2**: Құжат үлкейтіліп, 4 бетке бөлініп басылады.
 - **Плакат 3 x 3**: Құжат үлкейтіліп, 9 бетке бөлініп басылады.
 - **Плакат 4 x 4**: Құжат үлкейтіліп, 16 бетке бөлініп басылады.
4. **Перекрытие частей плаката** мәнін таңдаңыз. Парақтарды оңай біріктіру үшін, **Основные** қойындысының жоғарғы оң жағындағы селективті түймені басып, **Перекрытие частей плаката** мәнін миллиметрде немесе дюймде көрсетіңіз.



5. **Бумага** қойындысын ашып, **Размер**, **Источник** және **Тип** тармақтарын таңдаңыз.
6. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
7. Парақтарды біріктіріп қою арқылы афишаны құрастыруға болады.




Кітапшаларды басып шығару (қолмен)

Бұл функция құжатты парақтың екі жағына басып шығарып, басып шығарғаннан кейін бетті бүктеп, кітапша жасауға мүмкіндік береді.

 Кітапша жасау керек болса, Letter, Legal, A4, Us Folio немесе Oficio қағаз түрлерін қолданыңыз.




1. Бағдарламалық құралдың ішінде баспа параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Основные** қойындысын ашып, **Тип** ашылмалы тізімінен **Брошюра** тармағын таңдаңыз.
3. **Бумага** қойындысын ашып, **Размер, Источник** және **Тип** тармақтарын таңдаңыз.

 **Брошюра** опциясы қағаз өлшемдерінің барлық түрлері үшін қолданыла бермейді. Осы мүмкіндік қолдайтын қағаз өлшемдерін көру үшін, **Бумага** қойындысындағы **Размер** опциясынан қолдауы бар қағаз өлшемдерін таңдаңыз. Егер қолдауы жоқ қағаз өлшемі таңдалса, бұл опция автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін. Тек қолдауы бар қағаздарды ( немесе  таңбасы жоқ) таңдаңыз.


4. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
5. Басып шығарғаннан кейін, беттерді бүктеп, қапсырмалармен бекітіңіз.

Қағаздың екі жағына басып шығару (қолмен)


Қағаздың екі жағына да басып шығаруға болады. Басып шығаруды бастамас бұрын, құжаттың бағытталу үлгісін таңдаңыз. Бұл мүмкіндікті Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio пішімдеріндегі қағазда пайдалануға болады (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз).

 Жапсырмалар, конверттер немесе қалың қағаз тәрізді арнайы қағаздардың екі бетіне де басып шығармаған жөн. Бұл қағаздың кептеліп қалуына немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.


1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын ашыңыз.
3. **Двусторонняя печать в ручном режиме** бөлімінен керекті біріктіру опциясын таңдаңыз.
 - **Нет**
 - **Длинная кромка:** Бұл опция кітаптар тысталғанда әдеттегі пішін болып табылады.



- **Короткая кромка:** Бұл опция күнтізбелерді жасағанда әдеттегі пішін болып табылады.




4. **Бумага** қойындысын ашып, **Размер, Источник** және **Тип** тармақтарын таңдаңыз.
5. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

 Егер құрылғының екі жақты басып шығару бөлігі болмаса, басып шығару тапсырмасын қолмен аяқтау керек. Құрылғы алдымен қағаздың бетіне құжаттың әр келесі бетін басып шығарады. Бұдан кейін, компьютерде хабар көрсетіледі. Баспа тапсырмасын аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Құжаттың көлемін өзгертіңіз


Басып шығарылатын бетте үлкенірек немесе кішірек көрсетілуі үшін, керекті көлемді енгізіп, құжаттың өлшемін өзгертуге болады.



1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Бумага** қойындысын ашыңыз.
3. **Проценты** енгізу жолағына масштабтау мәнін енгізіңіз. Масштабтау мәнін енгізу үшін, жоғары/төмен көрсеткі түймелерін басуға болады.
4. **Параметры бумаги** ішінен қағаздың **Размер Источник** және **Тип** тармақтарын таңдаңыз.
5. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне лайықтау

Принтердің осы мүмкіндігі баспа тапсырмасын құжаттың өлшеміне қарамастан, барлық таңдалған қағаз өлшеміне лайықтауға жол береді. Бұл шағын құжаттың кішкентай бөлшектерін көру үшін пайдалы болады.



1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Бумага** қойындысын ашыңыз.
3. **По размеру страницы** ішінен керекті қағаз өлшемін таңдаңыз.
4. **Параметры бумаги** ішінен қағаздың **Размер Источник** және **Тип** тармақтарын таңдаңыз.
5. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Сутаңбаларды пайдалану

Сутаңба опциясы мәтінді ағымдағы құжаттың үстіне басып шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, құжаттың бірінші немесе барлық беттерінде үлкен сұр түсті әріптермен «ЖОБА» немесе «ҚҰПИЯЛЫ АҚПАРАТ» деп қиғашынан жазғанда пайдалануға болады.



Құрылғының бағдарламалық құралында алдын ала орнатылған бірнеше сутаңба бар. Оларды өзгертуге немесе тізімге жаңаларын қосуға болады.

Бар сутаңбаны пайдалану

1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын ашып, **Водяной знак** ашылмалы тізімінен керекті сутаңбаны таңдаңыз. Алдын ала қарау суретінен таңдалған сутаңба көрсетіледі.
3. Басып шығару терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Сутаңба жасау

1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын ашып, **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Правка** түймесін басыңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі көрсетіледі.

3. **Текст водяного знака** жолағында мәтін енгізіңіз. Ең көбі 256 таңба енгізуге болады. Хабар алдын ала қарау терезесінде көрсетіледі.

Только на первой странице ұясына құсбелгі қойылғанда, сутаңба тек бірінші бетке басылады.

4. Сутаңба опцияларын таңдаңыз.

Параметры шрифта бөлімінен қаріптің атын, үлгісін, өлшемін және реңкін таңдауға, сондай-ақ **Наклон текста** бөлімінен сутаңбаның бұрышын орнатуға болады.

5. **Текущие водяные знаки** тізіміне жаңа сутаңба қосу үшін, **Добавить** түймесін басыңыз.
6. Басып шығару аяқталғаннан кейін, **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Сутаңбаларды басып шығаруды тоқтату үшін, **Водяной знак** ашылмалы тізімінен **Нет** тармағын таңдаңыз.

Сутаңбаны өңдеу

1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын ашып, **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Правка** түймесін басыңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі көрсетіледі.
3. **Текущие водяные знаки** тізімінен өңделетін сутаңбаны таңдап, сутаңба хабарын және опцияларын өзгертіңіз.
4. Өзгертулерді сақтау үшін, **Обновить** түймесін басыңыз.


5. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Сутаңба жою

1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Дополнительно** қойындысын ашып, **Водяной знак** ашылмалы тізімінде **Правка** түймесін басыңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі көрсетіледі.
3. **Текущие водяные знаки** тізімінен жойылатын сутаңбаны таңдап, **Удалить** түймесін басыңыз.
4. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Оверлейді пайдалану

Оверлей — компьютердің қатты дискісінде (HDD) арнайы файл пішімі түрінде сақталатын және кез келген құжатта басылып шығатын мәтін және/немесе сурет. Оверлейлер әдетте дайын бланк қағазының орнына қолданылады. Алдын ала басылған бланкты пайдаланудың орнына, сол бланктағы ақпаратты қамтитын оверлей жасауға болады. Компанияның бланкы бар хатты басып шығару үшін, алдын ала басып шығарылған бланкты құрылғының ішіне салудың қажеті жоқ. Бланк оверлейін құжатқа басып шығару жеткілікті.



Жаңа бет оверлейін жасау

Бет оверлейін пайдалану үшін, логотипті немесе суретті қамтитын жаңа бет оверлейін жасау керек.

1. Жаңа бет оверлейінде қолданылатын мәтін немесе суреті бар құжатты ашыңыз немесе жасаңыз. Мәтін мен суретті оверлей ретінде басылғанда көрсетілуі тиіс түрде орналастырыңыз.
2. Құжатты оверлей ретінде сақтау үшін **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
3. **Дополнительно** қойындысын ашып, **Текст** ашылмалы тізімінде **Правка** түймесін басыңыз. **Правка наложения** терезесі ашылады.
4. **Правка наложения** терезесінде **Создать** түймесін басыңыз.
5. **Басқаша сақтау** терезесінде **Файл атауы** жолағына ең көбі 8 таңбадан тұратын атау енгізіңіз. Қажет болса, файл жолын көрсетіңіз (Әдепкі жолы: C:\Formover).
6. **Сохранить** түймесін басыңыз. Атау **Список наложений** ішінде көрсетіледі.
7. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
8. Файл басылып шықпайды. Оның орнына, компьютердің қатты дискіне сақталады.




Оверлей құжатының өлшемі оверлеймен басылатын құжаттың өлшемімен бірдей болуы керек. Оверлейді сутаңбасымен бірге жасамаңыз.

Бет оверлейін пайдалану

Оверлей жасалғаннан кейін, құжатпен басып шығаруға дайын болады. Оверлейді құжатпен бірге басып шығару:

1. Басып шығарылатын құжатты жасаңыз немесе ашыңыз.
2. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
3. **Дополнительно** қойындысын ашыңыз.
4. **Текст** ашылмалы тізімінен керекті оверлейді таңдаңыз.
5. Егер керекті оверлей файлы **Текст** ашылмалы тізімінде болмаса, тізімнің **Правка** тармағын таңдап, **Загрузить** түймесін басыңыз. Қолданылатын оверлей файлын таңдаңыз. Қолданылатын оверлей файлы сыртқы құрылғыда сақталған болса, **Ашу** терезесіне кіргенде оны жүктеуге болады. Файлды таңдағаннан кейін, **Ашу** түймесін басыңыз. Файл **Список наложений** ұясында көрсетіліп, басып шығаруға дайын болады. **Список наложений** ұясынан оверлей файлын таңдаңыз.
6. Қажет болса, **Подтверждать наложение при печати** ұясына құсбелгі қойыңыз. Егер ұяға құсбелгі қойылса, құжатты басып шығаруға жіберген сайын, оверлейді растау сұралатын хабар терезесі көрсетіледі. Құсбелгі қойылып, оверлей таңдалмаған болса, оверлей автоматты түрде құжатпен бірге басылып шығады.
7. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз. Таңдалған оверлей құжатпен бірге басылып шығады.

 Оверлей құжатының ажыратымдылығы сонымен бірге басылып шығатын құжаттың ажыратымдылығымен бірдей болуы керек.


Бет оверлейін жою

Енді қолданылмайтын оверлейді жоюға болады.

1. **Басып шығару теңшелімдері** терезесінің **Дополнительно** қойындысын ашыңыз.
2. **Наложение** ашылмалы тізімінен **Правка** тармағын таңдаңыз.
3. **Список наложений** терезесінен жойылатын оверлей файлын таңдаңыз.
4. **Удалить** түймесін басыңыз.
5. Растау терезесінде **Да** жауабын таңдаңыз.
6. **Печать** терезесін жаппай тұрып, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Күрделі опциялар

Арнайы басып шығару талаптары үшін баспа сапасын реттеу мақсатында келесі графика опцияларын пайдаланыңыз.

 Егер параметр көмескіленген немесе көрсетілмеген болса, бұл опция қолданыстағы принтер тілімен қолданылмайды.



1. Бағдарламалық құралдың ішінде басып шығару параметрлерін өзгерту үшін, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін ашыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
2. **Графика** қойындысын ашыңыз.

 **Басып шығару теңшелімдері** мәзірінде бар әр опция туралы ақпаратты онлайн анықтамадан қараңыз.

- **Шрифт и текст:** Мәтін түсін қалыпты құжат түсінен күңгірттеу ету үшін, **Затемнить текст** тармағын таңдаңыз. Экранда көрсетілетін түске қарамастан, қою қара түсте басып шығару үшін, **Печатать весь текст черным** параметрін таңдаңыз.

- **Графический контроллер:** **Четкие края** параметрі мәтіннің жиектерін және ұсақ жолдарын бөлектеуге және оқылуын жақсартуға мүмкіндік береді.
 - **Экономия тонера:** Осы опция таңдалғанда, тонер картриджінің жұмыс мерзімі ұзарып, басып шығару сапасына үлкен өзгеріс жасамастан, басып шығарылатын бір беттің шығыны азаяды.
 - **Вкл.:** Әр бетке жұмсалатын тонердің мөлшерін азайту үшін, осы опцияны таңдаңыз.
 - **Выкл.:** Құжатты басып шығару кезінде тонерді үнемдеудің қажеті болмаса, осы опцияны таңдаңыз.
3. **Басып шығару** терезесін жаппай тұрып, **Жарайды** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.


Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту

1. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 жүйесінде **Басып шығарғыштар мен факстер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 7 жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
3. Құрылғы белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.
4. Windows XP/2003/2008/Vista жүйелерінде **Басып шығару теңшелімдері** тармағын таңдаңыз. Windows 7 және Windows Server 2008 R2 жүйелерінде мәтінмәндік мәзірлерден **Басып шығару теңшелімдері** тармағын таңдаңыз.
 -  Егер **Басып шығару теңшелімдері** элементінің ► таңбасы болса, таңдалған принтерге жалғанған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.
5. Әр қойындыдағы параметрлерді өзгертіңіз.
6. **Жарайды** түймесін басыңыз.
 -  Параметрлерді әр басып шығару тапсырмасы үшін өзгерту керек болса, **Басып шығару теңшелімдері** терезесін пайдаланыңыз.

Құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнату

1. Windows жүйесінің **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 жүйесінде **Параметрлер > Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 жүйесінде **Басып шығарғыштар мен факстер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 7 жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.


3. Құрылғыны таңдаңыз.
4. Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Әдепкі басып шығарғыш ретінде орнату** пәрменін таңдаңыз.

 Windows 7 және Windows Server 2008 R2 жүйелерінде **Әдепкі басып шығарғыш ретінде орнату** элементінің ► таңбасы болса, таңдалған принтерге жалғанған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.


Файлға басып шығару (PRN)

Кейде деректерді файл ретінде басып шығару керек болады. Файлды жасау үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. **Печать** терезесіндегі **Файлға басып шығару** ұясына құсбелгі қойыңыз.



2. **Печать** түймесін басыңыз.
3. Файлдың жолын және атын енгізіп, **OK** түймесін басыңыз. Мысалы, **c:\Temp\file name**.

 Тек файл атын енгізгенде, ол автоматты түрде **Менің құжаттарым** қалтасына сақталады.

Macintosh жүйесімен басып шығару

Осы тарауда Macintosh көмегімен басып шығару әдісі түсіндіріледі. Басып шығаруды бастамас бұрын, басып шығару ортасын таңдаңыз.


- USB арқылы жалғанған (34-беттері "Macintosh" қараңыз).
- Желі арқылы жалғанған (41-беттері "Macintosh" қараңыз).

Құжатты басып шығару

Macintosh көмегімен басып шығарған кезде, пайдаланылатын әр қолданбадағы принтер драйверінің параметрлерін тексеру керек. Macintosh жүйесі арқылы басып шығару үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басып шығарылатын құжатты ашыңыз.
2. **File** мәзірін ашып, **Page Setup** түймесін басыңыз.

3. Беттің өлшемін, бағытын, масштабын және басқа опцияларын таңдап, құрылғының таңдалғанын тексеріңіз. **OK** түймесін басыңыз.




4. **File** мәзірін ашып, **Print** түймесін басыңыз.
5. Басылып шығатын бет санын және беттерді көрсетіңіз.
6. **Print** түймесін басыңыз.


Принтер параметрлерін өзгерту

Құрылғы қамтамасыз ететін күрделі баспа мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Қолданбаны ашып, **File** мәзірінің ішінен **Print** пәрменін таңдаңыз. Принтер сипаттары тақтасында көрсетілетін құрылғы аты қолданыстағы құрылғыға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Атынан басқа, принтер сипаттары тақтасының құрамы төмендегімен бірдей болады.

-  Параметрлердің опциялары принтерлерге және Mac амалдық жүйесінің нұсқасына байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Келесі тақта амалдық жүйеге немесе қолданыстағы қолданбаға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Төмендегі тақта принтер сипаттары тақтасын ашқан кезде бірінші болып көрсетіледі. Басқа күрделі мүмкіндіктерді ашылмалы тізімнен таңдаңыз.



Layout

Layout қойындысында құжаттың басылып шығу пішінін реттеуге болады. Бір параққа бірнеше бетті басып шығаруға болады. Келесі мүмкіндіктерді пайдалану үшін, **Orientation** мәзіріндегі ашылмалы тізімнің **Layout** тармағын таңдаңыз.

- **Pages per Sheet:** Бұл параметр бір параққа басылып шығатын бет санын анықтайды (63-беттегі "Бір параққа бірнеше бетті басып шығару" қараңыз).
- **Layout Direction:** Бұл опция пайдаланушы интерфейсындағы мысалдарға ұқсас, парақта басылу бағытын анықтайды.

- **Border:** Бұл опция парақта әр беттің шетіне жиек басып шығаруға мүмкіндік береді.
- **Reverse Page Orientation:** Бұл опция бетті 180 градусқа бұруға мүмкіндік береді.

Graphics

Graphics қойындысының ішінен **Resolution** параметрін таңдауға болады. Графика параметрінің мүмкіндіктерін пайдалану үшін, **Orientation** мәзіріндегі ашылмалы тізімнің **Graphics** тармағын таңдаңыз.

- **Resolution (Quality):** Бұл опция басып шығару ажыратымдылығын таңдауға мүмкіндік береді. Параметр неғұрлым жоғары мәнде болса, басылып шыққан таңбалар мен сызбалардың айқындығы соғұрлым жоғары болады. Сондай-ақ, жоғары мәнге орнатылған параметр құжатты басып шығару уақыты да ұзаруы мүмкін.

Paper

Баспа жасалатын принтердің науасына салынған қағазға сәйкес келетін қағаз түрін **Paper Type** тармағынан таңдаңыз. Бұл басып шығару сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Егер басып шығару материалының басқа түрі таңдалса, тиісті қағаз түрін таңдаңыз.

Printer Settings


Printer Settings қойындысында **Toner Save Mode** опциялары бар. Келесі мүмкіндіктерді пайдалану үшін, **Orientation** мәзіріндегі ашылмалы тізімнің **Printer Settings** тармағын таңдаңыз:

- **Toner Save Mode:** Осы опция таңдалғанда, тонер картриджінің жұмыс мерзімі ұзарып, басып шығару сапасына үлкен өзгеріс жасамастан, басып шығарылатын бір беттің шығыны азаяды.
 - **On:** Әр бетке жұмсалатын тонердің мөлшерін азайту үшін, осы опцияны таңдаңыз.
 - **Off:** Құжатты басып шығару кезінде тонерді үнемдеудің қажеті болмаса, осы опцияны таңдаңыз.

Бір параққа бірнеше бетті басып шығару

Бір параққа бірнеше бет басып шығаруға болады. Бұл мүмкіндік жоба беттерін басып шығарудың тиімді жолын ұсынады.

1. Қолданбаны ашып, **File** мәзірінің ішінен **Print** пәрменін таңдаңыз.
2. **Orientation** мәзіріндегі ашылмалы тізімнің **Layout** тармағын таңдаңыз. **Pages per Sheet** ашылмалы тізімінен бір парақта басылып шығатын бет санын таңдаңыз.




3. Қолданылатын басқа опцияларды таңдаңыз.
4. **Print** түймесін басыңыз. Құрылғы таңдалған беттерді бір параққа басып шығарады.

Linux жүйесінде басып шығару

Қолданбалардан басып шығару

Linux қолданбаларының көбі CUPS (Common UNIX Printing System) жүйесі көмегімен басып шығаруға мүмкіндік береді. Осы қолданбалардың кез келгені арқылы осы құрылғыдан басып шығаруға болады.

1. Қолданбаны ашып, **File** мәзірінің ішінен **Print** пәрменін таңдаңыз.
2. Тікелей жылдам басып шығару құрылғысын пайдаланып, **Print** пәрменін таңдаңыз.
3. LPR GUI терезесінде, принтерлер тізімінен құрылғы үлгісінің атын таңдап, **Properties** түймесін басыңыз.



4. Терезенің жоғарғы жағында көрсетілген келесі төрт қойындыны пайдаланып, баспа тапсырмасының сипаттарын өзгертіңіз.
 - **General:** Бұл опция қағаздың өлшемін, түрін және құжаттың бағыт үлгісін таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, осы опция арқылы екі жақты басып шығару мүмкіндігін қосады, бас және аяқ тақырыптарын қосады және бір параққа басылып шығатын бет санын өзгертеді.
 - **Text:** Бұл опция беттің шеттерін белгілеуге және бос жол немесе бағандар тәрізді мәтіннің параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.
 - **Graphics:** Бұл опция түс параметрлері, сурет өлшемі немесе орналасуы тәрізді сурет файлдары басылғанда пайдаланылатын суреттің параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.
 - **Advanced:** Бұл опция баспа ажыратымдылығын, қағазды, баспа көзін және арнайы мүмкіндіктерін орнатуға мүмкіндік береді.
5. Егер опция көмескіленген болса, сол опцияға қолдау жоқ.
5. Өзгертулерді қолданып, **Properties** терезесін жабу үшін, **Apply** түймесін басыңыз.
6. Басып шығаруды бастау үшін, **LPR GUI** терезесінде **OK** түймесін басыңыз.
7. Басып шығару тапсырмасын бақылауға мүмкіндік беретін баспа терезесі көрсетіледі. Орындалып жатқан тапсырманы тоқтату үшін, **Cancel** түймесін басыңыз.

Файлдарды басып шығару

CUPS әдісімен тікелей пәрмен жолынан көптеген файл түрлерін басып шығаруға болады. Ол үшін CUPS жүйесінің жылдам басып шығару утилитасы қолданылады. Алайда, драйверлер бумасы стандартты жылдам басып шығару құралын ыңғайлы LPR GUI бағдарламасымен ауыстырады.


Кез келген құжат файлын басып шығару үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Linux пайдаланушы интерфейсінің пәрмен жолына `lpr <file_name>` енгізіп, **Enter** пәрменін таңдаңыз. **LPR GUI** терезесі көрсетіледі. «lpr» ғана теріліп, **Enter** пәрмені таңдалса, алдымен **Select file(s) to print** терезесі шығады. Басылатын кез келген файлды таңдап, **Open** түймесін басыңыз.
2. **LPR GUI** терезесіндегі тізімнен құрылғыңызды таңдап, баспа тапсырмасының сипаттарын өзгертіңіз.
3. Басып шығаруды бастау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Принтер сипаттарының параметрлерін реттеу

Printers configuration ішіндегі **Printer Properties** терезесін пайдаланып, құрылғының принтер функцияларының түрлі сипаттарын өзгертуге болады.

1. **Unified Driver Configurator** қойындысын ашыңыз.
Қажет болса, **Printers configuration** қойындысына ауысыңыз.
2. Бар болған принтерлер тізімінен құрылғыңызды таңдап, **Properties** түймесін басыңыз.
3. **Printer Properties** терезесі көрсетіледі.



Терезенің жоғарғы жағында келесі бес қойынды көрсетіледі:

- **General:** Бұл опция принтердің орналасуын және атын өзгертуге мүмкіндік береді. Осы қойындыда енгізілген атау **Printers configuration** ішіндегі принтерлер тізімінде көрсетіледі.
- **Connection:** Бұл опция басқа портты көруге немесе таңдауға мүмкіндік береді. Егер пайдаланып жатқан кезде құрылғы портын USB портынан параллель портқа немесе керісінше ауыстырса, құрылғы портының параметрлерін осы қойынды арқылы қайта реттеу керек болады.
- **Driver:** Бұл опция басқа құрылғы драйверін көруге немесе таңдауға мүмкіндік береді. **Options** түймесін басып, құрылғының әдепкі параметрлерін орнатуға болады.
- **Jobs:** Бұл опция баспа тапсырмаларының тізімін көрсетеді. Таңдалған тапсырманы тоқтату үшін, **Cancel job** түймесін басыңыз, ал тапсырмалар тізімінде алдыңғы тапсырмаларды көру үшін, **Show completed jobs** ұясына құсбелгі қойыңыз.
- **Classes:** Бұл опция құрылғының класын көрсетеді. Құрылғыны арнайы класқа қосу үшін, **Add to Class** түймесін басыңыз, ал таңдалған кластан өшіру үшін, **Remove from Class** түймесін басыңыз.


4. Өзгертулерді қолданып, **Printer Properties** терезесін жабу үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Көшірме жасау

Бұл тарауда құжаттың көшірмесін жасау нұсқаулары әр қадам бойынша түсіндіріледі.

Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Көшірме жасаудың негізгі қадамдары
- Әр көшірменің параметрлерін өзгерту
- Әдепкі көшірме жасау параметрлерін өзгерту

 Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Құрылғы үлгісінің атын тексеріңіз.
(25-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" қараңыз).

Көшірме жасаудың негізгі қадамдары


Бұл түпнұсқалардың көшірмесін жасаудың негізгі және қалыпты процедуралары.

1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Сканер шынысында" немесе 49-беттегі "Құжат бергіште" қараңыз).
3. Егер қажет болса, әр көшірменің **Масштабировать, Яркость, Тип оригинала** және т.б. осы тәрізді параметрлерін реттеңіз (65-беттегі "Әр көшірменің параметрлерін өзгерту" бөлімін қараңыз).
4. Керек болған жағдайда, көрсеткі немесе санды пернетақтаны пайдаланып көшірме санын енгізіңіз.
5. Көшірмені бастау үшін, басқару тақтасындағы **Старт** түймесін басыңыз.

 Ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін, басқару тақтасындағы **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.


Әр көшірменің параметрлерін өзгерту

Жабдықта көшірмені жылдам әрі оңай жасауға мүмкіндік беретін әдепкі зауыттық параметрлері орнатылған. Алайда, әр көшірменің параметрін өзгерту керек болса, басқару тақтасындағы көшірме жасау функциясының түймелерін пайдаланыңыз.

 Көшірме жасау параметрлерін орнату кезінде **Стоп/Сброс** түймесін бассаңыз, орындалып жатқан көшірмені жасап болғаннан кейін ағымдағы көшірме жасау тапсырмасына орнатқан барлық параметрлер өшіріліп, әдепкі зауыттық параметрлеріне қайтады.

Ашықтығын өзгерту


Егер түпнұсқада тым анық емес белгілер немесе күңгірт суреттер болса, көшірме оңай оқылу үшін оның түсін реттеуге болады.

1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Яркость** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.

- Арнайы көшірме жасау мүмкіндіктерін пайдалану
 - Көшірменің басып шығу түрін іріктеу
 - Көшірме жасауды бастау уақытын орнату
5. Керекті контраст режимі пайда болғанша, сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
 - **Светлое:** күңгірт құжаттарды басып шығаруға арналған.
 - **Самый светлый:** қою қара кескіндерге арналған.
 - **Стандартное:** қалыпты терілген немесе басып шығарылған түпнұсқаларға арналған.
 - **Темное:** ашық кескіндерге арналған.
 - **Самый темный:** өте ашық кескіндер немесе өңсіз қаламмен жазылған белгілерге арналған.
 6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Түпнұсқалардың түрін таңдау


Түпнұсқа түрі параметрі ағымдағы көшірме жасау тапсырмасы үшін құжаттың түрін таңдау арқылы көшірменің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Тип оригинала** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Керекті кескін режимі пайда болғанша, сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
 - **Текст:** негізінен мәтіннен тұратын түпнұсқалар үшін пайдаланыңыз.
 - **Текст/Фото:** мәтін және фотосуреттерден тұратын түпнұсқалар үшін пайдаланыңыз.
 - **Фото:** түпнұсқа фотосурет болған кезде пайдаланыңыз.
6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Көшірме өлшемін кішірейту немесе үлкейту


Түпнұсқа құжаттардың көшірмесін сканерлеу әйнегі арқылы жасағанда оның өлшемін 25-400 % аралығында, ала құжат бергіші арқылы жасағанда 25-100 % аралығында қысқартуға немесе үлкейтуге болады.


Алдын ала орнатылған көшірме өлшемін таңдау үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Масштабировать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Керекті өлшем параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткі түймесін басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.

6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.


Көшірмені масштаб өлшемдерін тікелей енгізу арқылы масштабтау.


1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Масштабировать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Нестандартный** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Керекті көшірме өлшемін енгізу үшін, сол жақ/оң жақ көрсеткі түймені немесе санды пернетақтаны басыңыз. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймені басып тұру керекті санға жылдам айналдыруға мүмкіндік береді.
7. Таңдалған параметрді сақтау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.
8. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

 Көшірме өлшемін қысқартқан кезде, көшірменің төменгі бөлігінде қара сызықтар пайда болуы мүмкін.

Әдепкі көшірме жасау параметрлерін өзгерту

Ашықтық, түпнұсқа түрі, көшірме өлшемі, салғастыруы және саны тәрізді көшірме жасау параметрлері үшін жиі қолданылатын мәндерді орнатуға болады. Құжаттың көшірмесін жасаған кезде, басқару тақтасындағы сәйкес түймелер арқылы өзгертілмегенше, әдепкі зауыттық параметрлер пайдаланылады.

1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. **Настр. копии** пайда болғанша Сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Измен. умолч.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Керекті орнату параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткі түймесін басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Керекті параметр пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Қажет болған жағдайда, 5 және 6-қадамдарды қайталаңыз.
8. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

 Көшірме жасау параметрін орнату кезінде **Стоп/Сброс** түймесі басылса, өзгертілген параметрлер өшіріліп, әдепкі зауыттық параметрлер қайтарылады.


Арнайы көшірме жасау мүмкіндіктерін пайдалану


Төмендегі көшірме жасау мүмкіндіктерін пайдалануға болады:

Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау


Құрылғыда 2-жақты құжатты А4, Letter, Legal, Folio, Executive, B5, A5, немесе А6 өлшеміндегі қағазда басып шығаруға болады.

Құрылғы түпнұсқаның өлшемін кішірейтпестен, сол құжаттың бір жағын қағаздың жоғарғы жағына, ал екінші жағын төменгі жағына басып шығарады. Бұл мүмкіндік бизнестік карта секілді өлшемі кішкентай құжаттардың көшірмесін жасау үшін пайдалы.




-  Бұл көшірме мүмкіндігін түпнұсқаларды сканерлеу әйнегіне қойып жасаған кезде ғана пайдалануға болады.
- 2-жақты құжаттың өлшемі А5 өлшемінен кіші болуы керек. Әйтпесе оның кейбір бөліктері көшірілмеуі мүмкін.


1. Басқару тақтасындағы **Копия удостовер.** түймесін басыңыз.
2. Дисплейде **Помест. лиц стор и нажм. [Старт]** хабары көрсетіледі.
3. Түпнұсқаны бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне көрсеткілердің бағыты бойынша қойып, сканердің қақпағын жабыңыз.



4. Басқару тақтасындағы **ОК** түймесін басыңыз. Жабдық алдыңғы бетті сканерлеуді бастап, **Помест. обр.стор и нажм. [Старт]** хабарын көрсетеді.
5. Түпнұсқаны аударып, сканерлеу әйнегіне көрсеткілердің бағыты бойынша қойып, сканердің қақпағын жабыңыз.





6. Көшірмені бастау үшін, басқару тақтасындағы **ОК** түймесін басыңыз.


-  Егер түпнұсқа басып шығару аймағынан үлкенірек болса, оның кейбір бөліктері басылмауы мүмкін.
- Егер **ОК** түймесін баспасаңыз, құжаттың тек алдыңғы беті көшіріледі.
- Егер **Стоп/Сброс** түймесін баспасаңыз, құрылғы көшірме жасау тапсырмасынан бас тартып, дайын режиміне қайтады.

Бір бетке 2 немесе 4 беттің көшірмесін жасау (N-up)

Жабдық түпнұсқа кескіндерінің өлшемін қысқартып, бір парақ қағазға 2 немесе 4 бет басып шығарады.




1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Макет** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **2 копия/стр.** немесе **4 копия/стр.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Дисплейде **Да** көрсетілгенде, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Көшірмені бастау үшін, басқару тақтасындағы **Старт** түймесін басыңыз.

 **Неск.копий/стр** функциясы үшін, көшірме өлшемін **Масштабировать** арқылы реттеу мүмкін емес.


Постердің көшірмесін жасау

Түпнұсқа құжат 9 бөлікке бөлінеді. Басып шығарылған беттерді бірге қойып, бір постер көлеміндегі құжат жасауға болады.

Бұл көшірме мүмкіндігін түпнұсқаларды сканерлеу әйнегіне қойып жасаған кезде ғана пайдалануға болады.



1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Макет** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копия плаката** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.
7. Көшірмені бастау үшін, басқару тақтасындағы **Старт** түймесін басыңыз.


 Түпнұсқа құжат 9 бөлікке бөлінеді. Әр бөлік біртіндеп, төмендегідей ретте сканерленіп, басып шығарылады.


1	2	3
4	5	6
7	8	9


Клондық көшірме жасау

Жабдық бірнеше түпнұсқа кескіндерді бір бетте басып шығарады. Кескіндердің саны автоматты түрде кескін түпнұсқасының және беттің өлшемімен анықталады.

Бұл көшірме мүмкіндігін түпнұсқаларды сканерлеу әйнегіне қойып жасаған кезде ғана пайдалануға болады.




1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Макет** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Клонирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Дисплейде **Да** көрсетілгенде, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Көшірмені бастау үшін, басқару тақтасындағы **Старт** түймесін басыңыз.

 **Клонирование** функциясы үшін, көшірме өлшемін **Масштабировать** арқылы реттеу мүмкін емес.

Өңдегі кескіндерді өшіру

Бұл мүмкіндік газеттер немесе каталогтар тәрізді өңі түрлі-түсті түпнұсқалардың көшірмесін жасау үшін пайдалы.


1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Копирование** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Настройка фона** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін керекті брошюралау параметрі көрсетілгенше басыңыз.
 - **Выкл.** функцияны өшіреді.
 - **Авто:** өңді оңтайландырады.
 - **Улучшить:** мән жоғары болған сайын, өң жарығырақ болады.
 - **Удалить:** мән жоғары болған сайын, өң ашығырақ болады.
6. Таңдалған параметрді сақтау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Көшірменің басып шығу түрін іріктеу


Құрылғыны көшірме тапсырмасын сұрыптайтын етіп реттеуге болады. Мысалы, егер 3 бетті түпнұсқаның 2 көшірмесін жасау керек болса, бір толық 3 бетті құжаттан соң екінші толық құжат басып шығарылады.

1. Басқару тақтасындағы  (Көшіру) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке салыңыз. Немесе түпнұсқаның бір бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне қойып, сканердің қақпағын жауып қолдануға болады.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін немесе санды пернетақтаны пайдаланып, көшірме санын енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
5. **Настр. копии** пайда болғанша Сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Измен. умолч.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Сортировка** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
8. **Вкл.** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.

- **Вкл.:** көшірмені түпнұсқалардың реті бойынша басып шығарады.



- **Выкл.:** көшірмені жеке беттер бумасы бойынша іріктеп басып шығарады.



9. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

10. Көшіруді бастау үшін, **Старт** түймесін басыңыз.

Бір толық құжат бумасынан соң екінші толық құжат бумасы басып шығарылады.

Көшірме жасауды бастау уақытын орнату

Көшірме жасау параметрлерін басқару тақтасынан өзгерткен соң оларды әдепкі зауыттық қалпына қайтарғанша, құрылғыда көшірме жасауды күту уақытын орнатуға болады.

1. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
2. **Настр. сист.** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. **Настройка** параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Время ожидания** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін керекті уақыт параметрі көрсетілгенше басыңыз.

Выкл. параметрі таңдалса, құрылғы көшірмені бастау үшін **Старт** түймесі, ал көшіруден бас тарту үшін **Стоп/Сброс** түймесі басылмағанша, әдепкі зауыттық параметрлерді қалпына келтірмейді.


6. Таңдалған параметрді сақтау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.


Сканерлеу

Құрылғымен сканерлеу суреттер мен мәтінді компьютерде сақтай алу үшін сандық файлдарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Негізгі сканерлеу әдісі
- Бастапқы нұсқаларды сканерлеу және компьютерге жіберу (Сканир. на ПК)
- Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын пайдалану

 Ең үлкен ажыратылымдылыққа түрлі жайттарға, оның ішінде компьютер жылдамдығына, қол жетімді дискінің орнына, жадына, сканерленіп жатқан сурет өлшеміне және бит тереңдік параметріне қарай жетуге болады. Сондықтан, жүйеге және нені сканерлеп жатқандығыңызға байланысты белгілі бір ажыратылымдықтарда, әсіресе кеңейтілген ажыратылымдықта сканерлеу мүмкін болмайды.

 Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Құрылғы үлгісінің атын тексеріңіз.
(25-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Негізгі сканерлеу әдісі

Бастапқы нұсқаларын USB кабелі немесе желі арқылы сканерлеуге болады.

- **Диспетчер сканирования Samsung:** Бастапқы нұсқаларды басқару тақтасынан сканерлеңіз. Одан, сканерленген деректер қосылған компьютерлердің **Менің құжаттарым** қалтасына сақталады. Берілген ықшам дискідегі барлық бағдарламалық құралдарды орнатқанда, Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасы да автоматты түрде компьютерге орнатылады. Бұл мүмкіндікті жергілікті байланыс немесе желі байланысы арқылы қолдануға болады (70-беттегі "Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **TWAIN:** TWAIN - суретті алдын ала орнату бағдарламаларының бірі. Суретті сканерлеу таңдалған бағдарламаны іске қосып, сканерлеу үрдісін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті жергілікті байланыс немесе желі байланысы арқылы қолдануға болады (71-беттегі "TWAIN қосылған бағдарламалық құралмен сканерлеу" қараңыз).
- **SmarThru:** Бұл бағдарламада құрылғыға арналған бағдарламалық құрал бар. Бұл бағдарламаны суреттерді немесе құжаттарды сканерлеу үшін пайдалануға болады. Бұл мүмкіндікті жергілікті байланыс немесе желі байланысы арқылы қолдануға болады (93-беттегі "Smarthru" қараңыз).
- **WIA:** WIA қысқартуы Windows кескін алу қызметі дегенді білдіреді. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін компьютер құрылғымен тікелей USB кабелі арқылы қосылуы қажет (71-беттегі "WIA драйверін пайдалану арқылы сканерлеу" қараңыз).

- TWAIN қосылған бағдарламалық құралмен сканерлеу
- WIA драйверін пайдалану арқылы сканерлеу
- Macintosh сканерлеуі
- Linux сканерлеуі

Бастапқы нұсқаларды сканерлеу және компьютерге жіберу (Сканир. на ПК)

Суретті құрылғыға желілік компьютерде орнатылған Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасы арқылы сканерлеуге болады.


USB қосылған құрылғы үшін

Бұл USB қосылған құрылғыға арналған негізгі сканерлеу әдісі.

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).


3. Басқару тақтасындағы  (Сканерлеу) түймесін басыңыз.

4. Сол/оң жақ көрсеткіні **Сканир. на ПК** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол/оң жақ көрсеткіні **Локальный ПК** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.

 **Недоступно** хабарын көрсеніз, порт қосылымын тексеріңіз.


6. Көрсеткінің сол/оң жағын қажетті бағдарлама пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.

Әдепкі параметр — **Менің құжаттарым** қалтасы.

 Сканерленген файл сақталған қалтаны қосу немесе жою үшін, **Диспетчер сканирования Samsung > Свойства > Настройки сканирования** тармағының амалдық жүйе бағдарламасын қосыңыз немесе жойыңыз .

7. Керекті параметр пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.

- **Разрешение:** Сурет ажыратымдылығын орнатады.
- **Цвет сканир.:** Түс күйін орнатады.
- **Формат сканир.:** Сурет сақталатын файл пішімін орнатады.
- **Размер сканир.:** Сурет өлшемін орнатады.

 • **Формат сканир.** параметері сканерді тағайындауды **Менің құжаттарым** қалтасына таңдағанда ғана пайда болады.

- Егер әдепкі параметрден сканерлеу қажет болса, **Старт** түймесін басыңыз.


8. Сканерлеу басталады.

 • Сканерленген сурет **Менің құжаттарым > Менің суреттерім > Samsung** қалтасына сақталады.

- TWAIN драйверін **Диспетчер сканирования Samsung** бағдарламасында жылдам сканерлеу үшін пайдалануға болады.
- Сонымен қатар, Window's жүйесінің **Бастау > Басқару тақтасы > Диспетчер сканирования Samsung > Быстрое сканирование** тармағын басыңыз.


Желі қосылған құрылғы үшін

Принтер драйвері бағдарламалық құралының ықшам дискісін пайдалану арқылы компьютерге орнатылғанын тексеріңіз, себебі принтер драйверінде сканерлеу бағдарламасы болады (40-беттегі "Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).


1. Құрылғы мен компьютер желіге қосылғанын және Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасы компьютерге орнатылған тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу өйнегіне салыңыз.
3. Басқару тақтасындағы  (Сканерлеу) түймесін басыңыз.
4. Сол/оң жақ көрсеткіні **Сканир. на ПК** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Көрсеткінің сол/оң жағын **Сетевой ПК** параметрі пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.

 **Недоступно** хабарын көрсеңіз, порт қосылымын тексеріңіз.

6. Компьютердің тіркелген **ИД** параметрін таңдап, қажет болса, **Пароль** енгізіңіз.
 - **ИД - Идентификатор компьютера** бағдарламасына арналған тіркелген **Диспетчер сканирования Samsung** секілді бірдей идентификатор.
 - **Пароль - Диспетчер сканирования Samsung** бағдарламасына арналған **Пароль** параметрінде тіркелген 4 сандық сан.
7. Көрсеткінің сол/оң жағын қажетті бағдарлама пайда болғанша басып, **ОК** түймесін басыңыз.
Әдепкі параметр — **Менің құжаттарым** қалтасы.


 Сканерленген файл сақталған қалтаны қосу немесе жою үшін, **Диспетчер сканирования Samsung > Свойства > Настройки сканирования** тармағының амалдық жүйе бағдарламасын қосыңыз немесе жойыңыз .

8. Керекті параметр пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
 - **Разрешение:** Сурет ажыратымдылығын орнатады.
 - **Цвет сканир.:** Түс күйін орнатады.
 - **Формат сканир.:** Сурет сақталатын файл пішімін орнатады.
 - **Размер сканир.:** Сурет өлшемін орнатады.

 • **Формат сканир.** параметрі сканерді тағайындауды **Менің құжаттарым** қалтасына таңдағанда ғана пайда болады.

• Егер әдепкі параметрден сканерлеу қажет болса, **Старт** түймесін басыңыз.

9. Сканерлеу басталады.


 • Сканерленген сурет **Менің құжаттарым > Менің суреттерім > Samsung** қалтасына сақталады.

• TWAIN драйверін **Диспетчер сканирования Samsung** бағдарламасында жылдам сканерлеу үшін пайдалануға болады.


- Сонымен қатар, Window's жүйесінің **Бастау > Басқару тақтасы > Диспетчер сканирования Samsung > Быстрое сканирование** тармағын басыңыз.

Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын пайдалану

Басып шығарғыш драйверін орнатқан болсаңыз, Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасы да орнатылған болады. Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын осы бағдарлама туралы мәлімет пен орнатылған сканерлеу драйверінің жағдайы туралы білу үшін іске қосыңыз. Осы бағдарлама арқылы сканерлеу параметрлерін өзгертуге және компьютердегі құжаттар сақталған қалталарды қосуға немесе жоюға болады.


 Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын тек Windows және Mac OS жүйесінде ғана пайдалануға болады. Macintosh жүйесін пайдаланатын болсаңыз, 73-беттегі "Сканерлеу мәліметтерін Scan Manager бағдарламасында орнату" бөлімін қараңыз.

1. **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы > Диспетчер сканирования Samsung** параметрін таңдаңыз.

 Диспетчер сканирования Samsung бағдарламасын Windows тапсырмалар жолағындағы Smart Panel белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, Scan Manager бағдарламасын таңдау арқылы ашуға болады.

2. Қажетті құрылғыны Диспетчер сканирования Samsung терезесінен таңдаңыз.
3. **Свойства** түймесін басыңыз.
4. **Настройки сканирования** қойындысы сақтау нысанын және сканерлеу параметрлерін өзгертуге және қолданбалы бағдарламасын және пішім файлдарын қосу және жоюға болады. Сканерлеу құрылғысын **Изменить порт** қойындысын (Жергілікті немесе желі) пайдалану арқылы өзгертуге болады.
5. Параметр орнатылған соң, **ОК** түймесін басыңыз.

Настройки сканирования қойындысы




Приложения для сканирования

- **Сканирование: доступные приложения:** ЖК тізбесінің ішіндегі сканерленген суреттерге қазір байланысып тұрған бағдарламалар тізімін көрсетеді. Пайдаланатын бағдарламаны таңдаңыз және оң жаққа қараған көрсеткіні басып, **Лицевая панель: приложения** тармағына қосыңыз.
- **Лицевая панель: приложения:** Сканерленген суреттің бағдарламалар тізімін көрсетеді.
- **Добавить приложение:** Пайдаланылатын бағдарламаны **Сканирование: доступные приложения** параметріне қосуға мүмкіндік береді.
- **Удалить приложение:** **Сканирование: доступные приложения** тармағына пайдаланушы қосқан элементті жоюға мүмкіндік береді.
- **Формат файла:** Сақталатын сканерленген деректердің пішінін таңдауға мүмкіндік береді. **BMP, JPEG, PDF** және **TIFF** жүйелерінен таңдауға болады.

Параметры сканирования

- **Идентификатор компьютера:** Компьютердің идентификаторын көрсетеді.
- **Папка для сохранения:** Әдепкі сақтау қалтасының орнын таңдауға мүмкіндік береді.
- **Разрешение:** Сканерлеу ажыратылымдылығын таңдауға мүмкіндік береді.
- **Цветность сканирования:** Сканерлеу түсін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Размер области сканирования:** Сканерлеу өлшемін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Дуплексный автоподатчик:** Автоматты түрде екі жағында сканерлейді. Құрылғы үлгісі бұл параметрді қолдамаса, сұрланады.
- **Предварительный просмотр:** Бұл жолақты тексеру қолданған сканерлеу параметрлерін алдын ала қарауға мүмкіндік береді. Параметрлерді сканерлеу алдында өзгертуге болады.
- **По умолчанию:** Әдепкі опцияларға кері қайтуға мүмкіндік береді.

Изменить порт қойындысы



Локальный сканер

Құрылғының USB немесе LPT порты арқылы жалғанатын уақытын таңдаңыз.

Сетевой сканер

Құрылғының желі порты арқылы жалғанатын уақытын таңдаңыз.

- **Автоматическое определение в сети:** Құрылғыны автоматты түрде табады.
- **IP-адрес:** Құрылғыны табу үшін, құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.

TWAIN қосылған бағдарламалық құралмен сканерлеу


Құжаттарды басқа бағдарламалық құралды пайдалану арқылы сканерлеу қажет болса, Adobe Photoshop секілді TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құрал пайдалану қажет болады.

TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралмен сканерлеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
3. Adobe Photoshop секілді бағдарламаны ашыңыз.
4. TWAIN терезесін ашыңыз және сканерлеу параметрлерін орнатыңыз.
5. Суретті сканерлеп, сақтаңыз.

WIA драйверін пайдалану арқылы сканерлеу

Құрылғы суреттерді сканерлеу үшін Windows кесін алу қызметінің (WIA) драйверін де қолдайды. WIA - Microsoft Windows XP жүйесі беретін стандартты құрамдастардың бірі және сандық камералар және сканерлермен жұмыс істейді. TWAIN драйверіне қарағанда, WIA драйвері суреттерді қосымша бағдарламалық құралды пайдаланбастан сканерлеуге және оңай дұрыстауға мүмкіндік береді.

 WIA драйвері USB портымен XP/Vista жүйесінде ғана жұмыс істейді.

Windows XP

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
3. **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы > Сканерлер мен камералар** тармағын таңдаңыз.
4. Сканер драйверінің белгішесін екі рет басыңыз. **Сканер мен камера шебері** параметрі пайда болады.
5. **Келесі** түймесін басыңыз.
6. Параметрді **Сканерлеу теңшелімдерін таңдау** терезесінде орнатып, параметрлер суретке қалай әсер ететінін қарау үшін, **Алдын ала қарау** пәрменін таңдаңыз.
7. **Келесі** түймесін басыңыз.
8. Сурет атауын енгізіп, файл пішімін және суретті сақтау үшін жеткізілім орнын таңдаңыз.

9. Сурет компьютерге сәтті көшірілді. Бейнебеттегі параметрлердің бірін таңдаңыз.
10. **Келесі** түймесін басыңыз.
11. **Дайын** тармағын таңдаңыз.

Windows Vista

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
3. **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Сканерлер мен камералар** тармағын таңдаңыз.
4. **Құжатты немесе суретті сканерлеу** параметрін екі рет басыңыз. **Windows факс жіберу және сканерлеу мүмкіндігі** бағдарламасы пайда болады.



- Сканерлерді қарау үшін, **Сканерлер мен камераларды қарап шығу** параметрін таңдаңыз.
- **Құжатты немесе суретті сканерлеу** тармағы жоқ болса, MS бояу бағдарламасын **Файл** тармағын ашып, **Сканерден немесе камерадан...** түймесін басыңыз.

5. **Жаңа сканерлеу** түймесін басыңыз. Сканерлеу драйвері пайда болады.
6. Сканерлеу мүмкіндіктерін таңдап, мүмкіндіктердің суретке әсер ету жолын көру үшін, **Алдын ала қарау** пәрменін таңдаңыз.
7. **Сканерлеу** түймесін басыңыз.



Сканерлеу тапсырмасынан бас тартсаңыз, **Сканер мен камера шебері** тармағындағы **Болдырмау** түймесін басыңыз.

Windows 7

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Бастапқы нұсқалардың бет жағын құжаттарды беру құрылғысына жоғары қаратып салыңыз немесе бір бастапқы нұсқанының бет жағын сканер шынысына төмен қаратып қойыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
3. **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Құрылғылар және басып шығарғыштар** тармағын таңдаңыз.
4. **Басып шығарғыштар мен факстер > Сканерлеуді бастау** тармағындағы құрылғы драйверінің белгішесінің үстінен тінтуірдің оң жақ түймесін басыңыз. **Жаңа сканерлеу** бағдарламасы пайда болады.
5. Сканерлеу мүмкіндіктерін таңдап, мүмкіндіктердің суретке әсер ету жолын көру үшін, **Алдын ала қарау** пәрменін таңдаңыз.
6. **Сканерлеу** түймесін басыңыз.

Macintosh сканерлеуі

Құжаттарды **Image Capture** бағдарламасын пайдалану арқылы сканерлеуге болады. Mac OS жүйесі **Image Capture** бағдарламасын ұсынады.

USB -мен сканерлеу

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
3. **Applications** бағдрламасын іске қосып, **Image Capture** тармағын басыңыз.



No Image Capture device connected хабары пайда болса, USB кабелін ажыратып, оны қайта қосыңыз. Ақаулық жалғаса берсе, **Image Capture** анықтамасын қараңыз.


4. Сканерлеу параметрлерін осы бағдарламаға орнатыңыз.
5. Суретті сканерлеп, сақтаңыз.



- **Image Capture** бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Image Capture** бағдарламасының анықтамасын қараңыз.
- TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралды қосымша сканерлеу параметрлерін қолдану үшін пайдалануға болады.
- Сонымен қатар, Adobe Photoshop секілді TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралды пайдалану арқылы сканерлеуге болады.
- Сканерлеу үрдісі TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралға байланысты әртүрлі болады. Бағдарламалық құралдың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Сканерлеу **Image Capture** бағдарламасында жұмыс істемесе, Mac OS жүйесін соңғы нұсқасына жаңартыңыз. **Image Capture** бағдарламасы Mac OS жүйесінің X 10.3.9 нұсқасында немесе одан жоғары нұсқасында немесе Mac OS жүйесінің X 10.4.7 нұсқасында не одан жоғары нұсқасында жұмыс істейді.

Желімен сканерлеу

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
3. **Applications** бағдрламасын іске қосып, **Image Capture** тармағын басыңыз.
4. Mac OS X 10.4-10.5 жүйесі үшін **Devices** және **Browse Devices** тармақтарын таңдаңыз. Mac OS X 10.6 жүйесі үшін **SHARED** параметрі астындағы құрылғыны таңдаңыз. 7-ші қадамға өтіңіз.
5. Mac OS X 10.4 үшін Құрылғыны TWAIN құрылғылар параметрінен таңдаңыз. **Use TWAIN software** құсбелгі көзі тексерілгенін көз жеткізіңіз және **Connect** пәрменін таңдаңыз.
 - Ескерту хабары пайда болса, портты таңдау үшін **Change Port..** пәрменін таңдаңыз.
 - TWAIN UI пайда болса, **Preference** қойындысынан **Change Port..** пәрменін портты таңдау үшін таңдаңыз.


-  **Change port..** пәрменін пайдалану үшін сканерлеу басқарушысын қараңыз (73-беттегі "Сканерлеу мәліметтерін Scan Manager бағдарламасында орнату" қараңыз).

Mac OS X 10.5 үшін

Connected бағдарламасындағы құрылғы қатарында тұрған **Bonjour Devices** құсбелгі көзін тексергендігіңізге көз жеткізіңіз.

TWAIN пайдалану арқылы сканерлеу қажет болса, Mac OS жүйесінің X 10.4 жоғарыдағы қадамдарын қараңыз.

6. Сканерлеу параметрлерін осы бағдарламаға орнатыңыз.
7. Суретті сканерлеп, сақтаңыз.

- 
- Mac OS X 10.3 жүйесі үшін TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралды пайдаланыңыз.
 - **Image Capture** бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Image Capture** бағдарламасының анықтамасын қараңыз.
 - TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралды қосымша сканерлеу параметрлерін қолдану үшін пайдалануға болады.
 - Сонымен қатар, Adobe Photoshop секілді TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралды пайдалану арқылы сканерлеуге болады.
 - Сканерлеу үрдісі TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралға байланысты әртүрлі болады. Бағдарламалық құралдың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
 - Сканерлеу **Image Capture** бағдарламасында жұмыс істемесе, Mac OS жүйесін соңғы нұсқасына жаңартыңыз. **Image Capture** бағдарламасы Mac OS X 10.4.7 нұсқасында немесе одан жоғары нұсқасында жақсы жұмыс істейді.

Сканерлеу мәліметтерін Scan Manager бағдарламасында орнату


Scan Manager бағдарламасы туралы мәліметтерді білу үшін, орнатылған сканерлеу драйверінің жағдайын тексеру үшін, сканерлеу параметрлерін өзгерту үшін және Scan Manager бағдарламасында сақталған компьютерге сканерленген құжаттар бар қалталарды қосу немесе жою үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:


1. Күй жолағындағы Smart Panel мәзірінен Scan Manager бағдарламасын таңдаңыз.
2. Сканерлеу басқарушысынан қажетті құрылғыны таңдаңыз.
3. **Свойства** түймесін басыңыз.
4. **Настройка сканирования** түймесін файл тағайындауын және сканерлеу параметрлерін өзгерту үшін, қолданба бағдарламаларды қосу немесе жою үшін және файлдарды пішімдеу үшін пайдаланыңыз. Сканерлеу құрылғысын **Изменить порт** (Жергілікті немесе желілік) параметрін пайдалану арқылы өзгертуге болады.
5. Орындалғанда, **OK** түймесін басыңыз.

Linux сканерлеуі

Құжатты Unified Driver Configurator терезесін пайдалану арқылы сканерлеуге болады.

Сканерлеу


1. Жұмыс үстеліндегі **Unified Driver Configurator** белгішесін екі рет басыңыз.
2.  түймесін Scanners configuration бағдарламасына ауысу үшін басыңыз.
3. Сканерді тізімнен таңдаңыз.



Тек қана бір құрылғыны пайдаланатын болсаңыз және ол компьютерге жалғанып, қосылған болса, сканер тізімде пайда болып, автоматты түрде таңдалады.

Компьютерге қосылған екі немесе одан да көп сканерлер бар болса, кез келген сканерді кез келген уақытта жұмыс істеу үшін таңдауға болады. Мысалы, алу бірінші сканерде орындалып жатқанда, екінші сканерді таңдауға, құрылғы параметрлерін орнатуға және суретті алуды бір уақытта бастауға болады.

4. **Properties** параметрін таңдаңыз.
5. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз).
6. **Scanner Properties** терезесінен **Preview** пәрменін таңдаңыз. Құжат сканерленген және суретті алдын ала қарау **Preview Pane** параметрінде пайда болады.



7. Сурет аймағын **Preview Pane** параметрінде сканерлеуге орнату үшін меңзерді апарыңыз.
 8. **Image Quality** және **Scan Area** бөлімдерінен сканерлеу параметрлерін өзгертіңіз.
 - **Image Quality:** Бұл параметр түс үйлесімділігін және суретке сканерлеу ажыратымдылығын таңдауға мүмкіндік береді.
 - **Scan Area:** Бұл параметр бет өлшемін таңдауға мүмкіндік береді. **Advanced** түймесі беті өлшемін қолмен орнатуға мүмкіндік береді.
- Алдын ала орнатылған сканерлеу опциясы параметрлерінің бірін пайдалану қажет болса, **Job Type** ашылмалы тізімінен параметрді таңдаңыз (74-беттегі "Job Type параметрлерін сақтау" қараңыз).
- Default** пәрменін әдепкі параметрді сканерлеу опцияларына арнап қалпына келтіру үшін таңдаңыз.
9. Аяқтаған кезде, **Scan** пәрменін сканерлеруді бастау үшін таңдаңыз. Күй жолағы терезенің төменгі сол жағында сканерлеудің орындалу барысын көрсету үшін пайда болады. Сканерлеуден бас тарту үшін, **Cancel** пәрменін таңдаңыз.
 10. Сканерленген сурет пайда болады. Сканерленген суретті өңдеу үшін құралдар тақтасын пайдаланыңыз (74-беттегі "Image Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
 11. Аяқтаған кезде, құралдар тақтасындағы **Save** пәрменін таңдаңыз.
 12. Суретті сақтайтын және файл атауын енгізетін файл каталогын таңдаңыз.
 13. **Save** түймесін басыңыз.

Job Type параметрлерін сақтау

Сканерлеу опция параметрлерін кейін пайдалану үшін сақтауға болады.

Жаңа Job Type параметрін сақтау үшін

1. Параметрлерді «Сканер сипаттары» терезесінен өзгертіңіз.
2. **Save As** пәрменін таңдаңыз.
3. Параметрге атау енгізіңіз.
4. **OK** түймесін басыңыз.

Параметр **Saved Settings** ашылмалы тізіміне қосылады.

Job Type параметрін келесі сканерлеу жұмысына арнап сақтау үшін

1. **Job Type** ашылмалы тізімінен пайдаланатын параметрді таңдаңыз.
2. **Scanner Properties** терезесін келесі жолы ашқанда, сақталған параметр автоматты түрде сканерлеу жұмысына арналып таңдалады.


Job Type параметрін жою үшін

1. Жойылатын параметрді **Job Type** ашылмалы тізімнен таңдаңыз.
2. **Delete** түймесін басыңыз.

Параметр тізімнен жойылған

Image Manager бағдарламасын пайдалану

Image Manager бағдарламасы сканерленген суретті өңдеу үшін мәзір пәрмендері мен құралдарымен қамтамасыз етеді.



Суретті өңдеу үшін төмендегі құралдарды пайдаланыңыз:

Құралдар	Аты	Функция
	Save	Суретті сақтайды.
	Undo	Соңғы әрекеттен бас тартады.
	Redo	Бас тартылған әрекетті қалпына келтіреді.
	Scroll	Суреттің бойымен жылжып жүруге мүмкіндік береді.
	Crop	Бөлектелген сурет аймағын қиып тастайды.
	Zoom Out	Суретті кішірейтеді.
	Zoom In	Суретті ұлғайтады.
	Scale	Сурет өлшемін кеңейтуге мүмкіндік береді. Өлшемді қолмен енгізуге немесе көрсеткішті пропорционалды, тігінен, көлденеңінен кеңейту үшін орнатуға болады.
	Rotate	Суретті бұруға мүмкіндік береді. Ашылмалы тізімнен дәрежелер санын таңдауға болады.
	Flip	Суретті төңкеруге немесе солдан оңға аударуға мүмкіндік береді
	Effect	Суреттің жарықтығын немесе контрастын дұрыстауға немесе суретті теріс айналдыруға мүмкіндік береді.
	Properties	Сурет сипаттарын көрсетеді.


Image Manager бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алу үшін бейнебет анықтамасын қараңыз.


Факспен жұмыс істеу

Осы тарауда құрылғыны факс аппараты ретінде пайдалану туралы ақпарат беріледі.


Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Факс жіберуге дайындау
- Факсті компьютермен пайдалану
- Факсті құрылғыдан жіберу
- Факсті құрылғыдан қабылдау

-  • Бұл құрылғыны факс ретінде интернет телефоны арқылы пайдалану мүмкін емес. Қосымша ақпаратты Интернет провайдеріңізден алыңыз.
- Факсты қолдану үшін телефон желілерін қосқан кезде, дәстүрлі аналогтық телефон қызметін (PSTN: ортақ пайдаланылатын телефон желілері) пайдалануды ұсынамыз. Басқа интернет қызметтерін (DSL, ISDN, VoIP) пайдаланғанда, шағын сүзгін пайдаланып, байланыс сапасын жақсартуға болады. Шағын сүзгі қажетсіз шу сигналдарын жойып, байланыс сапасын немесе Интернет сапасын жақсартады. DSL шағын сүзгісі құрылғымен бірге берілмейтіндіктен, осы сүзгіні пайдалану үшін Интернет провайдеріне хабарласыңыз.



- 1 Желілік порт
- 2 Шағын сүзгі
- 3 DSL модемі / телефон желісі

-  Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Құрылғы үлгісінің атын тексеріңіз.
(25-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" қараңыз).

Факс жіберуге дайындау

Факс жіберу немесе қабылдау алдында, берілген желі сымын қабырға розеткасына қосыңыз. Қосылу әдістері туралы білу үшін, Орнату жөніндегі қысқаша нұсқаулықты қараңыз. Телефон байланысын орнату әдістері елге қарай әртүрлі болады.

Факсті компьютермен пайдалану


Факсті құрылғыға бармай-ақ, компьютер арқылы жіберуге немесе қабылдауға болады.

Факс жіберу

Компьютер арқылы факс жіберу үшін, **Samsung Network PC Fax** бағдарламасын орнату керек. Бұл бағдарлама принтер драйверін орнатқан кезде орнатылады.

- Құжат параметрлерін реттеу
- Факсті басқа бағытқа қайта жіберу
- Мекенжай кітапшасын орнату
- Факстің жіберілуі туралы есепті автоматты түрде басып шығару


1. Жіберілетін құжатты ашыңыз.
2. **Файл** мәзірінен **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі көрсетіледі. Қолданба нұсқасына қарай бұл терезе сәл өзгеше болуы мүмкін.
3. **Басып шығару** терезесінен **Samsung Network PC Fax** тармағын таңдаңыз.
4. **Басып шығару** немесе **Жарайды** түймесін басыңыз.
5. Алушылардың нөмірлерін енгізіп, опцияны таңдаңыз.



Мұқабә бетті пайдалану керек болса, **Использовать титульную страницу** ұясына құсбелгі қойыңыз.

Факс алушыларға жеткен кезде ескертілу үшін, **Сообщать о доставке** ұясына құсбелгі қойыңыз.

6. **Отправить** түймесін басыңыз.

-  **Samsung Network PC Fax** бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Справка** түймесін басыңыз.


Жіберілген факстер тізімін тексеру


Компьютерден жіберілген факстер тізімін тексеруге болады.

Бастау мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар** > **Samsung Printers** > **Network PC Fax** > **Журнал факса** тармағын таңдаңыз. Содан соң, жіберілген факстер тізімі бар **Журнал факса** журналы көрсетіледі.


Факс қабылдау

Егер принтер драйверін орнатқан болсаңыз, Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung бағдарламасы да қоса орнатылады. Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung бағдарламасын іске қосып, осы бағдарлама туралы ақпарат алыңыз және орнатылған драйвердің күйін тексеріңіз. Осы бағдарлама арқылы факстің параметрлерін өзгертуге және компьютердегі факс құжаттары сақталған қалталар қосуға немесе оларды жоюға болады.

 Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung бағдарламасын тек Windows және Macintosh жүйелерімен пайдалануға болады. Компьютерге факс жіберу параметрі **Вкл.** режимінде тұрғанын тексеріңіз:


- a) Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
 - b) Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
 - c) Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
 - d) Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Передать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
 - e) Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **РС** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
1. Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung бағдарламасын ашыңыз.
 - Windows амалдық жүйесінде **Бастау** мәзірінің **Басқару тақтасы** > **Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung** тармағын таңдаңыз. Немесе, осы бағдарлама бағдарламасын Windows жүйесінің тапсырмалар жолағынан Smart Panel белгішесін басып, **Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung** тармағын таңдау арқылы ашуға болады.
 - Macintosh амалдық жүйесінде, күй жолағындағы Smart Panel мәзірінен Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung түймесін басыңыз.
 2. Диспетчер сканирования и работы с факсимильными сообщениями Samsung терезесінен керекті құрылғыны таңдаңыз.
 3. **Свойства** тармағын таңдаңыз.
 4. Факс параметрлерін өзгерту үшін, **Настроить прием факсов** қойындысын пайдаланыңыз.
 5. Параметр орнатылған соң, **ОК** түймесін басыңыз.

Настроить прием факсов қойындысы



- **Включить прием факсов:** пайдалану не пайдаланбау керектігін таңдауға болады.
- **Формат файла:** қабылданған файлдың пішінін PDF немесе TIFF пішініне ауыстыруға болады.
- **Папка для сохранения:** пішіні ауыстырылған факстерді сақтау орны таңдалады.
- **Префикс:** файл немесе қалта схемасын префикс түрінде таңдайды.
- **Печать принятых факсов:** факс қабылданғаннан кейін, осы факсті басып шығарады.
- **Сообщать о получении факса:** факс келгенде қалқымалы терезе арқылы ескерту жасалады.

Изменить порт қойындысы



Локальный сканер

Құрылғының USB немесе LPT порты арқылы жалғанатын уақытын таңдаңыз.


Сетевой сканер

Құрылғының желі порты арқылы жалғанатын уақытын таңдаңыз.

- **Автоматическое определение в сети:** Құрылғыны автоматты түрде табады.
- **IP-адрес:** Құрылғыны табу үшін, құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.

Факсті құрылғыдан жіберу

Бұл бөлімде факс жіберу жолдары және тасымалдаудың арнайы әдістері түсіндіріледі.


 Түпнұсқаларды қою үшін, құжат бергішті немесе сканерлеу әйнегін пайдалануға болады (48-беттегі "Түпнұсқалы құжаттарды салу" қараңыз). Егер түпнұсқа құжаттар құжат бергіш және сканерлеу әйнегі екеуіне де қойылса, құрылғы алдымен құжат бергіштегі құжаттарды оқиды. Себебі ол сканерлеуге қарағанда басымдыққа ие.


Факстің тақырыбын орнату

Кейбір елдерде, заң бойынша, барлық жіберілген факстерде факс нөмірін жазу талап етіледі.

1. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
2. **Настр. сист.** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. **Настройка** параметрі пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **ИД устр-ва** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Санды пернетақтаны пайдаланып, өзіңіздің немесе компанияңыздың атын теріңіз. Санды пернетақта арқылы әріптік-сандық таңбаларды енгізі, арнайы таңбаларды 1 түймесі арқылы қосуға болады. Әріптік-сандық таңбаларды енгізу туралы қосымша ақпаратты 45-беттегі "Таңбаларды сандық пернетақта арқылы енгізу" қараңыз.
6. Идентификаторды сақтау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Ном.факса устр** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
8. Санды пернетақта арқылы факс нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
9. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Факс жіберу


1. Басқару тақтасында  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз. (48-беттегі "Сканер шынысында" немесе 49-беттегі "Құжат бергіште" қараңыз).
3. Ажыратымдылығы мен ашықтығын қажетті деңгейге келтіріңіз (82-беттегі "Құжат параметрлерін реттеу" қараңыз).
4. Алушы факс жабдығының нөмірін теріңіз. Жылдам теру немесе топтық теру нөмірлерін пайдалануға болады. Нөмірді сақтау және іздеу туралы қосымша ақпаратты 83-беттегі "Мекенжай кітапшасын орнату" қараңыз.
5. Басқару тақтасындағы **Старт** түймесін басыңыз. Жабдық сканерлеуді бастап, факсті бағыты бойынша жібереді.

-  • Егер факсті тікелей компьютер арқылы жіберу керек болса, **Samsung Network PC Fax** бағдарламасын пайдаланыңыз (76-беттегі "Факс жіберу" қараңыз).
- Факс тапсырмасынан бас тарту үшін, құрылғы тасымалдауды бастамас бұрын **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.
 - Егер сканерлеу әйнегін пайдаланған болсаңыз, құрылғы келесі бетті қоюды сұрау хабарын көрсетеді.

Факсті қолмен жіберу

Бұл факсті басқару тақтасындағы **Набор без снятия трубки** түймесі арқылы жіберу әдісі.

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз.
3. Ажыратымдылығы мен ашықтығын қажетті деңгейге келтіріңіз (82-беттегі "Құжат параметрлерін реттеу" қараңыз).
4. Басқару тақтасындағы **Набор без снятия трубки** түймесін басыңыз немесе телефон тұтқасын көтеріңіз.
5. Факс нөмірін басқару тақтасындағы санды пернетақтаны басып теріңіз.
6. Қашықтағы факс жабдығынан дыбысы деңгейі жоғары факс сигналы естілгенде, **Старт** түймесін басыңыз.

 Факс тапсырмасынан бас тарту үшін, жіберу барысында кез келген уақытта **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Тасымалдауды растау

Түпнұсқаның соңғы беті сәтті жіберілгенде, құрылғы дыбыстық сигнал беріп, дайын режиміне өтеді.

Факс жіберу кезінде қате пайда болса, дисплейде қате туралы хабар көрсетіледі. Қате туралы хабарлардың тізімін және олардың мағынасын білу үшін, 104-беттегі "Қате туралы хабарламаларды түсіну" қараңыз. Егер қате туралы хабар көрсетілсе, хабарды жою үшін **Стоп/Сброс** түймесін басып, факсті қайтадан жіберіп көріңіз.

Әрдайым, факсті жіберу аяқталған кезде растау есебін басып шығару параметрін орнатуға болады. Қосымша мәліметтерді мына жерден қараңыз: 84-беттегі "Факстің жіберілуі туралы есепті автоматты түрде басып шығару".

Автоматты түрде қайта теру

Факс жіберген кезде терілген нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, әдепкі зауыттық параметрлер бойынша, құрылғы автоматты түрде сол нөмірді әр үш минут сайын жеті рет тереді.

Дисплейде **Повторить набор?** көрсетілгенде, қайта теру үшін, **ОК** түймесін басыңыз. Автоматты түрде қайта теруден бас тарту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Қайта терулер арасындағы уақытты немесе қайта теру әрекетінің санын өзгерту үшін, 85-беттегі "Факс параметрлерін өзгерту" қараңыз.


Соңғы нөмірді қайта теру

Соңғы рет терілген нөмірді қайта теру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы **Повторный набор/Пауза** түймесін басыңыз.
2. Түпнұсқа құжат бергішке салынған кезде, құрылғы автоматты түрде жіберуін бастайды. Түпнұсқа сканерлеу әйнегіне қойылса, тағы бет қосу үшін, **Да** түймесін басыңыз. Басқа түпнұсқаны салып, **ОК** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде, **Следующая стр.?** ұсынысын **Нет** түймесін басып бас тартыңыз.


Факсті бірнеше бағытқа жіберу

«Бірнеше нөмірге жіберу» функциясы факсті бірнеше орынға жіберуге мүмкіндік береді. Түпнұсқалар автоматты түрде жадта сақталып, қашықтағы терминалға жіберіледі Тасымалданғаннан кейін, түпнұсқалар автоматты түрде жадтан өшіріледі. Бұл функцияны пайдаланып, түрлі түсті факс жіберу мүмкін емес.

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз.
3. Ажыратымдылығы мен ашықтығын қажетті деңгейге келтіріңіз (82-беттегі "Құжат параметрлерін реттеу" қараңыз).
4. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Отпр.несколько.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Бірінші алушы факсінің нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.

Адресная книга түймесін пайдаланып жылдам теру немесе топтық теру нөмірлерін енгізуге болады. Қосымша мәліметтерді 83-беттегі "Мекенжай кітапшасын орнату" қараңыз.


8. Екінші алушы факсінің нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз. Дисплейде құжатты жіберу үшін, келесі факс нөмірін енгізу сұралады.
9. Тағы факс нөмірлерін енгізу үшін, дисплейде **Да** көрсетілгенде, **ОК** түймесін басып, 7 және 8-қадамдарды қайталаңыз. Құжатты ең көбі 10 бағытқа жіберуге болады.
10. Сканерленген түпнұсқа деректерін жадқа сақтауды бастау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.

 Топтық теру нөмірлерін бір рет енгізгеннен кейін, басқа топтық теру нөмірлерін енгізу мүмкін емес.

11. Факс нөмірлерін енгізуді аяқтағаннан кейін, **Другой номер?** ұсынысынан бас тарту үшін, сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Нет** көрсетілгенше басып, содан соң **ОК** түймесін басыңыз.
12. Түпнұсқа сканерлеу әйнегіне қойылса, тағы беттер қосу үшін, **Да** түймесін басыңыз. Басқа түпнұсқаны салып, **ОК** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде, **Следующая стр.?** ұсынысын **Нет** түймесін басып бас тартыңыз. Жабдық факсті енгізілген нөмірлерге сіз енгізген рет бойынша жібере бастайды.


Факстің тасымалдануын кідірту

Жабдыққа факсті кейінірек, сіз болмаған кезде жіберу параметрін орнатуға болады. Бұл функцияны пайдаланып, түрлі түсті факс жіберу мүмкін емес.


1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз.
3. Ажыратымдылығы мен ашықтығын қажетті деңгейге келтіріңіз (82-беттегі "Құжат параметрлерін реттеу" қараңыз).
4. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Отлож. отправ.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Алушы факсінің нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.

Адресная книга түймесін пайдаланып жылдам теру немесе топтық теру нөмірлерін енгізуге болады. Қосымша мәліметтерді 83-беттегі "Мекенжай кітапшасын орнату" қараңыз.

8. Дисплейде құжатты жіберу үшін, келесі факс нөмірін енгізу сұралады.
9. Тағы факс нөмірлерін енгізу үшін, дисплейде **Да** көрсетілгенде, **ОК** түймесін басып, 7-қадамды қайталаңыз. Құжатты ең көбі 10 бағытқа жіберуге болады.

 Топтық теру нөмірлерін бір рет енгізгеннен кейін, басқа топтық теру нөмірлерін енгізу мүмкін емес.

10. Факс нөмірлерін енгізуді аяқтағаннан кейін, **Другой номер?** ұсынысынан бас тарту үшін, сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Нет** көрсетілгенше басып, содан соң **ОК** түймесін басыңыз.
11. Орындалу керек тапсырманың атын енгізіп, «ОК» түймесін басыңыз. Әріптік-сандық таңбаларды енгізу туралы қосымша ақпаратты 45-беттегі "Таңбаларды сандық пернетақта арқылы енгізу" қараңыз. Егер ат тағайындағыңыз келмесе, қадамды елемей өтіп кетіңіз.
12. Санды пернетақта арқылы уақытты енгізіп, «ОК» түймесін басыңыз.

 Егер тапсырмаға ағымдағы уақыттан ерте уақытты белгілесеніз, факс келесі күні сол уақытта жіберіледі.

Түпнұсқа тасымалданбас бұрын, жадқа сканерленеді.

13. Түпнұсқа сканерлеу әйнегіне қойылса, тағы беттер қосу үшін, **Да** түймесін басыңыз. Басқа түпнұсқаны салып, **ОК** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде, **Следующая стр.?** ұсынысын **Нет** түймесін басып бас тартыңыз. Жабдық дайын режиміне өтеді. Дисплейде құрылғының дайын режиміне ауысқаны және кідірілген факс орнатылғаны туралы ескерту көрсетіледі.

Тапсырыс жасалған кідірілген факс тапсырмасына құжаттар қосу

Жадта сақталған кідірілген факс тапсырмасына қосымша құжаттар қосуға болады.

1. Қосу керек түпнұсқаларды салып, құжат параметрлерін реттеңіз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Добавить стр.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Керекті факс тапсырмасы пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде, **Следующая стр.?** ұсынысын **Нет** түймесін басып бас тартыңыз. Жабдық түпнұсқаны жадқа сақтайды.
6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Тапсырыс жасалған кідірілген факс тапсырмасын болдырмау

Жадта сақталған кідірілген факс тапсырмасын болдырмауға болады.

1. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
2. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Отмена задания** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Керекті факс тапсырмасы пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткіні басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.

5. Дисплейде **Да** көрсетілгенде, **ОК** түймесін басыңыз. Таңдалған факс тапсырмасы жадтан өшіріледі.
6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Басымдылыққа ие факсті жіберу

Бұл функция жоғары басымдылыққа ие факсті тапсырыс жасалған жұмыстардан бұрын жіберу үшін пайдаланылады. Түпнұсқа жадқа сканерленеді және ағымдағы жұмыс орындалғаннан кейін дереу жіберіледі. Сонымен қатар, басымдылыққа ие факсті жіберу функциясы терминалдар арасында бірнеше бағытқа жіберу функциясын (мысалы, А терминалына жіберу аяқталғаннан кейін, Б терминалына жіберу басталмай тұрып) немесе қайта теру әрекеттерін бөлуі мүмкін.


1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Түпнұсқаларды бетін жоғары қаратып, құжат бергішке немесе бір түпнұсқаның бетін төмен қаратып, сканерлеу әйнегіне салыңыз.
3. Ажыратымдылығы мен ашықтығын қажетті деңгейге келтіріңіз (82-беттегі "Құжат параметрлерін реттеу" қараңыз).
4. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Приор. отправ.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Алушы факсінің нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
Адресная книга түймесін пайдаланып жылдам теру немесе топтық теру нөмірлерін енгізуге болады. Қосымша мәліметтерді 83-беттегі "Мекенжай кітапшасын орнату" қараңыз.
8. Орындалу керек тапсырманың атын енгізіп, «ОК» түймесін басыңыз.
Түпнұсқа тасымалданбас бұрын, жадқа сканерленеді.
9. Түпнұсқа сканерлеу әйнегіне қойылса, тағы беттер қосу үшін, **Да** түймесін басыңыз. Басқа түпнұсқаны салып, **ОК** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде, **Следующая стр.?** ұсынысын **Нет** түймесін басып бас тартыңыз.
Жабдық сканерлеуді бастап, факсті бағыты бойынша жібереді.

Факсті құрылғыдан қабылдау

Бұл бөлімде факс қабылдау жолдары және қабылдаудың арнайы әдістері түсіндіріледі.

Қабылдау режимдерін өзгерту

Жабдыққа зауыттан алдын ала **Факс:** режимі орнатылған. Факс келген кезде, құрылғы орнатылған қоңырау санынан кейін қоңырауға жауап беріп, автоматты түрде факсті қабылдайды. Егер «Fax» режимін басқа режимге ауыстырғыңыз келсе, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. **Настр. факса** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Прием** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Режим приема** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Керекті факсті қабылдау режимі көрсетілгенше сол жақ/оң жақ көрсеткі түймесін басып тұрыңыз.
 - **Факс:::** факстің кіріс қоңырауына жауап беріп, бірден факсті қабылдау режиміне өтеді.

- **Телефон:::** факсті **Набор без снятия трубки**, содан соң **Старт** түймесін басқаннан кейін қабылдайды. Егер құрылғының телефоны болса, факсті телефон тұтқасын көтеріп қабылдауға болады.
 - **Автоотв/факс:::** жауап беру құрылғысы сіздің жабдығыңызға жалғанғанда қолданылады. Жабдығыңыз кіріс қоңырауына жауап беріп, қоңырау шалушы жауап беру құрылғысында хабар қалдыра алады. Егер құрылғы желіде факс үнін сезінсе, ол автоматты түрде «Fax» режиміне ауысып, факсті қабылдай бастайды.
 - **DRPD:** қоңырауды шартты қоңырауды автоматты түрде тану функциясын пайдаланып қабылдауға болады. Шартты қоңырау - бұл телефон компаниясы ұсынатын бір телефон желісі арқылы бірнеше телефон нөмірлерін пайдаланып қоңырауға жауап беруге мүмкіндік беретін қызмет. Қосымша мәліметтерді мына жерден қараңыз: 81-беттегі "Факсті DRPD режимі арқылы қабылдау".
7. Таңдалған режимді сақтау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.
 8. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.



- **Автоотв/факс** режимін пайдалану үшін, жауап беруші құрылғыны құрылғының артындағы «EXT» ұясына қосыңыз.
- Егер қабылданған құжаттарыңызды бөтен адамдар көрмесін десеңіз, қауіпсіз қабылдау режимін таңдауға болады. Бұл режимде барлық қабылданған факстер жадта сақталады. Қосымша мәліметтерді мына жерден қараңыз: 81-беттегі "Қауіпсіз қабылдау режимін қабылдау".

Факстерді «Телефон» режимінде қолмен қабылдау

Факс қоңырауын **Набор без снятия трубки** түймесін, содан соң қашықтағы құрылғыдан факс үні естілген кезде **Старт** түймесін басып қабылдауға болады. Бұл режимде барлық қабылданған факстер жадта жабдығыңызда a handset болса, қоңырауға телефон арқылы жауап беруге болады.

Қоңырау санын өзгерту үшін, 85-беттегі "Факс параметрлерін өзгерту" қараңыз.

Жабдыққа/Факске жауап беру режимінде автоматты түрде қабылдау

Осы режимді пайдалану үшін, жауап беруші құрылғыны құрылғының артындағы «EXT» ұясына қосыңыз (27-беттегі "Артқы көрінісі" қараңыз). Егер қоңырау шалушы хабар қалдырса, жауап беруші құрылғы әдетте хабарды сақтап қояды. Егер құрылғы желіде факс үнін анықтаса, автоматты түрде факсті қабылдай бастайды.



- Егер құрылғыда осы режим орнатылып, жауап беруші құрылғы өшірілген немесе «EXT» ұясына жалғанған болса, алдын ала орнатылған қоңыраулар санынан кейін құрылғы автоматты түрде Факс режиміне өтеді.
- Егер жауап беруші құрылғыда қоңырау санын пайдаланушы өзі таңдау мүмкін болса, құрылғыны кіріс қоңырауына 1 қоңыраудан кейін жауап беру параметріне орнатыңыз.
- Жауап беруші құрылғы құрылғыға қосулы болғанда Телефон режимі орнатылса, жауап беруші құрылғыны өшіру керек. Әйтпесе, жауап беруші қоңыраудан шығатын хабар телефон байланысын үзеді.

Қосымша телефонды пайдаланып, факсті қолмен қабылдау

Бұл функция жабдығыңыздың артындағы «ЕХТ» ұясына жалғанған қосымша телефонды пайдалану үшін өте ыңғайлы. Қосымша телефон арқылы байланысып жатқан адамнан факс жабдығына бармай-ақ, факс қабылдауға болады.

Қосымша телефоннан қоңырау алып факс үнін естіңіз, қосымша телефондағы *9* түймелерін басыңыз. Жабдық факс қабылдайды.

Түймелерді жайлап кезегімен басыңыз. Қашықтағы құрылғыдан әлі де факс үні шығып тұрса, *9* түймелерін қайтадан басып көріңіз.

9 зауытта алдын ала орнатылған қашықтан қабылдау коды. Бірінші және соңғы жұлдызша бекітілген, ал ортасындағы санды қалауыңыз бойынша өзгертуге болады. Кодты өзгерту туралы қосымша ақпаратты 85-беттегі "Факс параметрлерін өзгерту" қараңыз.


Факсті DRPD режимі арқылы қабылдау

Шартты қоңырау - бұл телефон компаниясы ұсынатын бір телефон желісі арқылы бірнеше телефон нөмірлерін пайдаланып қоңырауға жауап беруге мүмкіндік беретін қызмет. Қоңырау жасалған нөмір түрлі ұзақ және қысқа қоңыраулар тіркесімінен тұратын шартты сигналмен анықталады. Бұл функция әдетте, қоңырауға тиісті түрде жауап беру үшін, осы қоңырау қай нөмірге жасалғанын білу керек көптеген клиенттермен жұмыс істейтін қызметтерде пайдаланылады.

Шартты қоңырауды автоматты түрде тану (DRPD) функциясын пайдаланып, факс жабдығыңыз факске жасалған шартты сигналды анықтай алады. Оны өзгерткенше, құрылғы осы шартты сигналды факске жасалған қоңырау ретінде анықтап, басқа барлық қоңырауларды «ЕХТ» ұясына жалғанған қосымша телефонға немесе жауап беруші құрылғыға жіберіп тұрады. DRPD режимін кез келген уақытта өшіруге немесе қайта орнатуға болады.

DRPD функциясын пайдаланбас бұрын, телефон компаниясы желіңізде Шартты қоңырау қызметін орнатуы керек. DRPD функциясын орнату үшін, тағы бір телефон желісі немесе сіздің факс нөміріңізді сырттан теру мүмкіндігі бар адам керек.

DRPD режимін орнату үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. **Настр. факса** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Прием** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Режим приема** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **DRPD** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.

Дисплейде **Ожидание звонка** хабары көрсетіледі.

7. Факс нөміріңізге басқа телефоннан қоңырау соғыңыз. Қоңырауды факс жабдығынан жасау міндетті емес.

8. Жабдыққа қоңырау келгенде, оған жауап бермеңіз. Шартты сигналды есте сақтау үшін құрылғыға бірнеше қоңырау жасалуы керек.

Жабдық сигналды есте сақтағаннан кейін, дисплейде **Настройка DRPD завершена** хабары көрсетіледі. DRPD функциясын орнату жүзеге аспаса, **Ошибка звонка DRPD** хабары көрсетіледі.

«DRPD» хабары көрсетілгенде «ОК» түймесін басып, 6-қадамнан бастап әрекетті қайталаңыз.





- Факстің нөмірі өзгертілсе немесе құрылғы басқа желіге қосылса, DRPD функциясын қайтадан орнату керек болады.

- DRPD функциясы орнатылғаннан кейін, сигналды факске жасалған қоңырау ретінде қабылдайтынын тексеру үшін, құрылғы нөміріне қайтадан қоңырау соғыңыз. Содан соң, қоңырау «ЕХТ» ұясына жалғанған қосымша телефон немесе жауап беруші құрылғыға жіберілетінін тексеру үшін, дәл осы желідегі басқа нөмірге қоңырау соғыңыз.

Қауіпсіз қабылдау режимін қабылдау

Қабылданған факстерді рұқсаты жоқ адамдардың оқуын болдырмау керек болуы мүмкін. Жабдық бақылаусыз қалғанда қабылданған факстердің басылып шығуын болдырмау үшін, қауіпсіз қабылдау режимін қосуға болады. Қауіпсіз қабылдау режимінде барлық алынған факстер жадқа жіберіледі. Режим өшірілген кезде, барлық сақтаулы факстер басып шығарылады.

Қауіпсіз қабылдау режимін қосу

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Безопас. прием** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. **Вкл.** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Қалаған төрт санды кілт сөзді енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
 Қауіпсіз қабылдау режимін кілтсөзсіз қосуға болады, алайда бұл жағдайда факстеріңіз қорғалмайды.
7. Растау үшін, кілтсөзді қайтадан теріп, **ОК** түймесін басыңыз.
8. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.
Факс қауіпсіз қабылдау режимінде тұрғанда қабылданса, құрылғы оларды жадқа сақтап, қабылданған факс бар екенін **Безопас. прием** хабары арқылы білдіреді.

Қабылданған факстерді басып шығару

1. «Қауіпсіз қабылдау режимін қосу» бөліміндегі 1-4 аралығындағы қадамдарды орындап, **Безопас. прием** мәзірін ашыңыз.
2. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Печать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Төрт санды кілтсөзді енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
Жабдық жадта сақталған барлық факстерді басып шығарады.

Қауіпсіз қабылдау режимін өшіру

1. «Қауіпсіз қабылдау режимін қосу» бөліміндегі 1-4 аралығындағы қадамдарды орындап, **Безопас. прием** мәзірін ашыңыз.
2. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Выкл.** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Төрт санды кілтсөзді енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
Режим өшіріліп, құрылғы жадта сақталған барлық факстерді басып шығарады.
4. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

Жадтағы факстерді қабылдау


Бұл құрылғы көп функциялы құрылғы болғандықтан, ол көшірме жасау немесе басып шығару кезінде факс қабылдай алады. Көшірме жасау немесе басып шығару кезінде факс қабылдасаңыз, құрылғы келген факсті жадында сақтайды. Содан соң, көшірме жасау немесе басып шығару аяқталғаннан кейін құрылғы автоматты түрде факсті басып шығарады.

Құжат параметрлерін реттеу


Факсті жіберуді немесе қабылдауды бастамас бұрын, сапаны жақсарту үшін, келесі параметрлерді түпнұсқа күйіне сәйкес өзгертіңіз.


Разрешение

Құжаттың әдепкі орнатылған параметрлері қалыпты мәтінге негізделген түпнұсқалар қолданылған кезде жақсы нәтиже береді. Алайда, сапасы нашар немесе суреттері бар түпнұсқа жіберсеңіз, жоғары сапалы факс жасау үшін, олардың ажыратымдылығын өзгертуге болады.

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Разрешение** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Керекті функция пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткі түймесін басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.


Түрлі түпнұсқа құжаттарына ұсынылатын ажыратымдылық параметрлері төмендегі кестеде көрсетілген:


Режим	Ұсынылатын түпнұсқа түрі
Стандартное	қалыпты өлшемді таңбалары бар түпнұсқалар.
Четкое	таңбалары кішкентай, жіңішке сызықтары бар немесе матрицалық принтерде басып шығарылған түпнұсқаларға арналған.
Очень четкое	өте кішкентай бөлшектері бар түпнұсқалар үшін. Очень четкое режимі қабылдаушы компьютерде «Жоғары айқындылық» ажыратымдылығына қолдау бар болса ғана қосылады.  <ul style="list-style-type: none">• Жад жіберу үшін Очень четкое режимін пайдалану мүмкін емес. Ажыратымдылық параметрі автоматты түрде Четкое режиміне ауысады• Құрылғы Очень четкое ажыратымдылығына орнатылғанда және байланысып отырған факс құрылғысы Очень четкое ажыратымдылығын қолдамағанда, құрылғы екінші факс құрылғысы қолдайтын ең жоғарғы ажыратымдылықта жібереді.
Фотография	сұр реңктері немесе фотосуреттері бар түпнұсқа құжаттар.
Цветной	түрлі түсті түпнұсқа құжаттар. Түрлі түсті факсты жіберу байланысып отырған құрылғы түрлі түсті факс қабылдаған жағдайда және факс қолмен жіберілгенде ғана мүмкін болады. Бұл режимде жадты жіберу мүмкін емес.

 Ажыратымдылық параметрі ағымдағы факс тапсырмасына қолданылады. Әдепкі зауыттық параметрді өзгерту үшін, 87-беттегі "Әдепкі параметрді өзгерту" қараңыз.

Яркость

Түпнұсқа құжаттың ашықтық деңгейін таңдауға болады.

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Яркость** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Керекті функция пайда болғанша сол жоқ/оң жақ көрсеткі түймесін басып тұрып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.

 Ашықтық параметрі ағымдағы факс тапсырмасына қолданылады. Әдепкі зауыттық параметрді өзгерту үшін, 87-беттегі "Әдепкі параметрді өзгерту" қараңыз.

Факсті басқа бағытқа қайта жіберу

Жабдықтың қабылданған немесе жіберілген факсті факс арқылы басқа бағытқа жіберу функциясын қосуға болады. Бұл функция кеңседен тыс болып, бірақ факс алуыңыз керек болған кезде өте пайдалы.


Жіберілген факсті басқа бағытқа қайта жіберу

Жабдықта әр жіберілген факсті басқа бағытқа қайта жіберу параметрін орнатуға болады.

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Передать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Переслать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. **Вкл.** параметрі пайда болғанша сол жақ/оң жақ көрсеткіні басып, **ОК** түймесін басыңыз.
8. Факстер қайта жіберілетін факс жабдығының нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
9. Дайын режимге қайту үшін, **Стоп/Сброс** түймесін басыңыз.
Барлық келесі жіберілген факстер көрсетілген факс жабдығына қайта жіберіліп тұрады.

Қабылданған факсті басқа бағытқа қайта жіберу


Бұл функцияның көмегімен әр қабылданған факсті басқа бағытқа қайта жіберуге болады. Құрылғыға факс түскен кезде, ол құрылғының жадына сақталып, содан соң сіз орнатқан бағытқа жіберіледі.

1. Басқару тақтасындағы  (Факс) белгішесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы **Меню** түймесін басыңыз.
3. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
4. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Передать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
5. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Факс** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.

6. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Перенаправить** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
7. Сол жақ/оң жақ көрсеткі түймелерін **Передать** көрсетілгенше басып, **ОК** түймесін басыңыз.
Факсті қайта жіберу орындалған соң, құрылғыда факстің басып шығарылуын орнату үшін, **Пересл.и печ.** тармағын таңдаңыз.
8. Факстер қайта жіберілетін факс жабдығының нөмірін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
 - Тонер картриджінің астыңғы жағындағы жасыл бетті ұстауға болмайды. Ол үшін, картриджді тұтқасынан ұстаңыз.
3. Құрғақ, талшықсыз шүберекпен тонер картриджінің айналасындағы шаңды және төгілген тонерді сүртіңіз.



Құрылғының ішкі жағын тазалау барысында, тасымалдау ролигін және басқа ішкі бөлшектерді зақымдаудан сақ болыңыз. Тазалау үшін, бензин немесе еріткішті қолданбаңыз. Баспа сапасы төмендеуі және құрылғы істен шығуы мүмкін.

4. Картридж бөлімінің ішкі жоғарғы жағында ұзын шыны сызықты (лазермен сканерлеу блогі) тауып, шыныны мақтамен абайлап сүртіңіз.




5. Тонер картриджін орнына салып, алдыңғы есікті жабыңыз.
6. Қуат сымын розеткаға жалғап, құрылғыны қосыңыз.

Сканерлеу блогын тазалау

Сканерлеу блогын таза ұстау жоғары сапалы көшірмелер жасауға көмектеседі. Жұмысты бастамас бұрын және қажет болса, күні бойы сканерлеу блогын тазалауды ұсынамыз.

1. Талшықсыз жұмсақ шүберекті немесе қағаз майлықты аздап сулаңыз.
2. Сканер қақпағын ашыңыз.
3. Сканер шынысы мен құжат бергіш шынысының үстін сүртіп, құрғатыңыз.



- 1 Сканер қақпағы
- 2 Сканер шынысы
- 3 Құжат бергіштің шынысы
- 4 Ақ жолақ

4. Сканер қақпағының астын және ақ жолақты сүртіп, құрғатыңыз.
5. Сканер қақпағын жабыңыз.

Тонер картриджін сақтау

Тонер картриджінің кейбір бөлшектері жарыққа, температураға және ылғалға сезімтал болады. Жұмысты, сапаны жақсарту және Samsung тонер картриджінің жұмыс мерзімін ұлғайту үшін, Samsung компаниясы пайдаланушыларға берілген кеңесті орындауды ұсынады.

Картриджді принтер қолданылатын ортада (температурасы және ылғалдылық деңгейі бақыланатын орта болуы тиіс) сақтаңыз.

Орнатылғанға дейін, тонер картриджі ашылмаған, түпнұсқа қорабында сақталуы тиіс. Егер түпнұсқа қорабы жоқ болса, картридждің жоғарғы саңылауын қағазбен жауып, қараңғы жерде сақтаңыз.

Картриджің қорабын қолданысқа дейін ашу оның сақтау және жұмыс мерзімін едәуір қысқартады. Картриджді жерде сақтамаңыз.

Принтерден шығарып алған жағдайда, тонер картриджін мына жолмен сақтау керек:

- түпнұсқа қорабындағы қорғау дорбасының ішінде;
- тегіс жерге жатқызып (тік күйінде сақтамаңыз), құрылғыға орнатылғандай тиісті жағын жоғары қаратып сақтау керек;
- жұмсалатын бөлшектерді мына шарттарда сақтауға болмайды:
 - температура 40 °C-ден жоғары болғанда;
 - ылғалдылық 20-80 % арасында болғанда;
 - ылғалдылығы мен температурасы қатты өзгеретін ортада;
 - күн немесе бөлме жарығы тікелей түскенде;
 - шаңды жерде;
 - ұзақ уақыт бойы автокөлікте;
 - тотықтырғыш газ бар ортада;
 - тұзды ауа ортасында.

Қолдану нұсқаулары

- Картридждегі фотосезімтал барабанның бетіне қолды тигізбеңіз.
- Картриджді соққы немесе вибрация әсерінен сақтаңыз.
- Барабанды қолмен айналдырмаңыз, әсіресе кері бағытта, бұл ішкі зақымға және тонердің төгілуіне әкелуі мүмкін.

Samsung компаниясы өндірімеген және қайта толтырылған картридждерді қолдану

Samsung Electronics компаниясы принтерде Samsung картриджінен басқа картридждерді, соның ішінде жалпы және сауда желісінің маркасына, қайта толтырылған немесе қайта өндірілген тонер картридждерін қолдануды ұсынбайды және қолдамайды.



Қайта толтырылған, қайта өндірілген немесе Samsung өндірімеген картридждерді қолданудан туындаған зақымдар Samsung принтерінің кепілдігіне кірмейді.

Картридждің болжанған жұмыс мерзімі

Картридждің болжанған жұмыс мерзімі (тонер картриджін пайдалану мерзімі) баспа тапсырмасына қажетті тонердің көлеміне байланысты болады. Басылып шығатын беттердің саны баспа жасалатын беттердің баспа тығыздығына, жұмыс ортасына, басу аралығына, баспа деректерінің түріне және/немесе оның өлшеміне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, графикалық бейнелерді көп басып шығарғанда, тонер көп жұмсалады, сондықтан картриджді жиі ауыстыру керек болуы мүмкін.

Құрылғыны тасымалдау және сақтау кеңестері

- Құрылғыны тасымалдағанда, оны еңкейтпеңіз немесе төңкермеңіз. Әйтпесе, тонер құрылғының ішіне төгіліп, құрылғының зақымдануына немесе баспа сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны кемінде екі адам ұстап, тасымалдауы керек.

Ақаулықтарды жою

Бұл тарауда қатеге тап болған кезде қандай әрекет қолданылатыны туралы пайдалы ақпарат беріледі.

Бұл тарауда мына тақырыптар талқыланады:

- Тонерді қайта тарату
- Түпнұсқалы құжат кептелулерін жою
- Қағаздың иілуіне жол бермеуге арналған кеңестер
- Қағаздың кептеліп қалуына жол бермеуге арналған кеңестер


Тонерді қайта тарату

Тонер картриджінің жұмыс мерзімі аяқталуға жақындағанда:


- Ақ сызықтар немесе ашық түсті басып шығару орын алуы мүмкін.
- Дисплейде **Подготовьте новый картридж** көрсетіледі.
- **Состояние** ЖД қызыл түспен жыпылықтайды.



Бұл орын алса, картриджде қалған тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша жақсартуға болады. Кейбір кездерде, тонерді қайта таратқаннан кейін де ақ сызықтар немесе ашық түспен басып шығару орын алуы мүмкін.

1. Алдыңғы есікті ашыңыз.
2. Тонер картриджін шығарып алыңыз.




3. Тонерді картридж ішінде бір қалыпты тарату үшін картриджді бес немесе алты рет жақсылап айналдырыңыз.



-  Тонер киімге жұғып қалса, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алып, киімді суық суда жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.
-  Тонер картриджінің астыңғы жағындағы жасыл бөлігіне тиімеңіз. Ол үшін, картриджді тұтқасынан ұстаңыз.

- Қағаз кептелулерін жою
- Қате туралы хабарламаларды түсіну
- Басқа мәселелерді шешу



4. Тонер картриджін тұтқасынан ұстап құрылғыдағы саңылауға ақырын салыңыз. Картридждің екі жағындағы тілдер және құрылғыдағы тиісті ойықтар картриджді тиісті орнына түсіреді. Картридж орнына түскенде бекітіледі.




5. Алдыңғы есікті жабыңыз. Қақпақ мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.

Түпнұсқалы құжат кептелулерін жою


Түпнұсқалы құжат құжат бергіштен өткен кезде кептеліп қалса, дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.


-  Жыртып алмау үшін кептеліп қалған құжатты ақырын әрі көп күш салмай алыңыз.
-  Құжаттардың кептелуіне жол бермеу үшін қалың, жұқа немесе аралас түрлі түпнұсқалы құжаттар үшін сканер шынысын пайдаланыңыз.

1. Қалған беттерді құжат бергіштен алып тастаңыз.
2. Құжат бергіштің қақпағын ашыңыз.




3. Кептеліп қалған қағазды көп күш салмай құжат бергіштен шығарып алыңыз.




 Бұл аумақта қағаз болмаса, 5-қадамға өтіңіз.

4. Құжат бергіштің қақпағын жабыңыз. Қағаздарды алып тастаған болсаңыз, оларды құжат бергішке қайтадан салыңыз.



5. Сканер қақпағын ашыңыз.

6. Дұрыс берілмеген қағазды ұстап, оны беру аумағынан оң жаққа қарай екі қолмен абайлап тарту арқылы шығарып алыңыз.




1 Сканер қақпағы


7. Сканер қақпағын жабыңыз. Шығарып алған беттерді қайтадан құжат бергішке салыңыз.


Қағаздың иілуіне жол бермеуге арналған кеңестер

1. Артқы есікті ашыңыз.
2. Екі жақтағы қысым тетіктерін төмен тартыңыз.



1 ҚЫСЫМ ТЕТІГІ

-  Басып шығару кезінде артқы қақпақты ашық ұстаңыз. Баспада 20 мм-ден астам иілу болғанда ғана қолданыңыз.



Қағаздың кептеліп қалуына жол бермеуге арналған кеңестер

Дерек тасушыларының дұрыс түрлерін таңдау арқылы қағаз кептелулерінің көбіне жол бермеуге болады. Қағаз кептеліп қалған кезде төмендегі нұсқауларды қараңыз.

- Реттелетін бағыттағыштар дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз (50-беттегі "Науаға қағаз салу" қараңыз).
- Науаға тым көп қағаз салмаңыз. Қағаздың биіктігі науа ішіндегі қағаз сыйымдылығы белгісінен төмен болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы басып шығарып жатқан кезде қағазды науадан алмаңыз.
- Салмас бұрын, қағазды майыстырыңыз, үрлеңіз немесе түзелтіңіз.
- Мыжылған, ылғал немесе тым иілген қағазды пайдаланбаңыз.
- Науада қағаз түрлерін араластырмаңыз.
- Тек ұсынылған баспа деректері тасушыларын қолданыңыз (54-беттегі "Қағаз түрі мен өлшемін орнату" қараңыз).
- Баспа деректері тасушыларының ұсынылған беті науада төмен немесе қолмен беру науасында жоғары қарап тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қағаз кептелулерін жою

Қағаз кептеліп қалған кезде, дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.


Қағаз кептелулерін жойғаннан кейін басып шығаруды жалғастыру үшін алдыңғы есікті ашып жабу керек.

- ⚠ Жыртып алмау үшін кептеліп қалған қағазды ақырын әрі көп күш салмай алыңыз. Кептелуді жою үшін төмендегі бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.


1-науада

- 📄 Кептелуді жою туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.

1. Алдыңғы есікті ашып жабыңыз. Кептеліп қалған қағаз құрылғыдан автоматты түрде шығарылады.
Қағаз шықпаса, келесі қадамға өтіңіз.
2. 1-науаны шығарыңыз.



3. Көп күш салмай, кептеліп қалған қағазды тура тартып шығарыңыз.




Тартқан кезде қағаз қозғалмаса немесе бұл аумақта қағаз жоқ болса, тонер картриджінің айналасындағы балқыту құралының аумағын тексеріңіз (103-беттегі "Құрылғы ішінде" қараңыз).

4. 1-науаны, орнына «тық» етіп отырғанша, қайтадан құрылғыға салыңыз. Басып шығару автоматты түрде жалғасады.

Қолмен беру науасында



- 📄 Кептелуді жою туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.

1. Қағаз дұрыс берілмей жатса, оны құрылғыдан шығарып алыңыз.




2. Басып шығаруды жалғастыру үшін алдыңғы есікті ашып жабыңыз.


Құрылғы ішінде

-  Кептелуді жою туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.
-  Балқыту құралының аумағы ыстық болады. Құрылғыдан қағазды алған кезде абай болыңыз.

1. Алдыңғы есікті ашып, сәл төмен басып тонер картриджін шығарып алыңыз.




2. Көп күш салмай, кептеліп қалған қағазды тура тартып шығарыңыз.




3. Тонер картриджін орнына қойып, алдыңғы есікті жабыңыз. Басып шығару автоматты түрде жалғасады.

Шығару аумағында

-  Кептелуді жою туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.


1. Алдыңғы есікті ашып жабыңыз. Кептеліп қалған қағаз құрылғыдан автоматты түрде шығарылады.
Кептеліп қалған қағазды көрмесеңіз, келесі қадамға өтіңіз.

2. Қағазды шығару науасынан көп күш салмай шығарып алыңыз.



Кептеліп қалған қағаз көрінбесе немесе тартқан кезде кедергі байқалса, тоқтаңыз да, келесі қадамға өтіңіз.


3. Артқы есікті ашыңыз.
4. Қысым тетіктерін төмен қарай тартып, қағазды шығарып алыңыз.




1 Қысым тетігі

Кептеліп қалған қағазды көрмесеңіз, келесі қадамға өтіңіз.

5. Балқыту құралы қақпағының тетіктерін төмен қарай тартып, қағазды шығарып алыңыз.
Балқыту құралы қақпағының тетіктерін бастапқы қалпына келтіріңіз.



-  Балқыту құралының аумағы ыстық болады. Құрылғыдан қағазды алған кезде абай болыңыз.

6. Қысым тетіктерін бастапқы қалпына келтіріңіз.
7. Артқы есікті жабыңыз.
8. Алдыңғы есікті ашып жабыңыз, сонда басып шығару автоматты түрде жалғасады.

Қате туралы хабарламаларды түсіну

Құрылғының күйін немесе қателерін білдіру үшін басқару тақтасының экранында хабарламалар көрсетіледі. Хабарламалар мен олардың мағынасын түсіну және, қажет болса, мәселені шешу үшін төмендегі кестелерді қараңыз.

Экран хабарламаларын тексеру



- Хабарлама кестеде болмаса, құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Егер ақаулық жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Қолдау қызметіне телефон соққан кезде, қолдау қызметінің өкіліне экрандағы хабарламаның мазмұнын беріңіз.
- Параметрлер мен үлгілерге байланысты кейбір хабарламалар экранда көрсетілмеуі мүмкін.
- [қате нөмірі] – қате нөмірін білдіреді.
- [науа түрі] – науа нөмірін білдіреді.
- [дерек тасушыларының түрі] – дерек тасушыларының түрін білдіреді.
- [дерек тасушыларының өлшемі] – дерек тасушыларының өлшемін білдіреді.
- [түс] – тонердің немесе картридждің түсін білдіреді.


Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
[Ошибка связи]	Құрылғыда байланыс мәселесі бар.	Жіберушіден қайтадан әрекет жасауды сұраңыз.
[Несовместим]	Құрылғы қалаусыз деп тіркелген факс алды.	Алынған факс деректері жойылады. Қалаусыз факс орнатуын қайта растаңыз. 50-бетті қараңыз
[Линия занята]	Алушы факс құрылғысы жауап бермеді немесе желі бос емес.	Бірнеше минуттан кейін әрекетті қайталаңыз.
[Ошибка линии]	Құрылғыңыз алушы факс құрылғысына байланыса алмады немесе телефон желісінің ақаулығы себебінен байланыс үзілді.	Әрекетті қайталаңыз. Мәселе шешілмесе, желі босауы үшін шамамен бір сағат күтіп, әрекетті қайталаңыз. Немесе ECM режимін қосыңыз. 50-бетті қараңыз.
[Наж.Остановить]	Әрекетті орындау кезінде Стоп/Сброс түймесі басылды.	Әрекетті қайталаңыз.
Ошибка BOOTP: вкл.авт.IP-адр.	IP мекенжайын тағайындау сәтсіз болды. SyncThru Web Service ішінде BOOTP үшін «Auto IP» параметрі таңдалғанда бұл мәселе орын алады.	IP мекенжайын тағайындау әдісін «DHCP» немесе «Static» параметріне өзгертіңіз. Бұл параметрді өзгертпесеңіз, BOOTP сервері IP мекенжайын тағайындауды сұрап тұра береді.

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Ошибка BOOTP: перенастр. DHCP	IP мекенжайын тағайындау сәтсіз болды. SyncThru Web Service ішінде BOOTP үшін «Auto IP» параметрі таңдалмағанда бұл мәселе орын алады.	IP мекенжайын тағайындау әдісін «DHCP» немесе «Static» параметріне өзгертіңіз. Бұл параметрді өзгертпесеңіз, BOOTP сервері IP мекенжайын тағайындауды сұрап тұра береді.
Ошибка DHCP: вкл.авт.IP-адр.	IP мекенжайын тағайындау сәтсіз болды. SyncThru Web Service ішінде DHCP үшін «Auto IP» параметрі таңдалғанда бұл мәселе орын алады.	IP мекенжайын тағайындау әдісін «BOOTP» немесе «Static» параметріне өзгертіңіз. Бұл параметрді өзгертпесеңіз, DHCP сервері IP мекенжайын тағайындауды сұрап тұра береді.
Ошибка DHCP: перенастр. BOOTP	IP мекенжайын тағайындау сәтсіз болды. SyncThru Web Service ішінде DHCP үшін «Auto IP» параметрі таңдалмағанда бұл мәселе орын алады.	IP мекенжайын тағайындау әдісін «BOOTP» немесе «Static» параметріне өзгертіңіз. Бұл параметрді өзгертпесеңіз, DHCP сервері IP мекенжайын тағайындауды сұрап тұра береді.
Зам. документа. Устр. замятие	Салынған түпнұсқалы құжат автоматты құжат бергіште кептеліп қалды.	Кептелуді жойыңыз (100-беттегі "Түпнұсқалы құжат кептелулерін жою" қараңыз).
Закройте крышку	Алдыңғы қақпақ мықтап жабылмаған.	Қақпақты орнына отыртып жабыңыз.

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Срок служ. истек Замен. картридж	<p>Көрсетілген тонер картриджінің болжанған жұмыс істеу мерзімі аяқталды. Принтер басып шығаруды тоқтатады.</p> <p> Картридждің болжанған жұмыс істеу мерзімі тонер картриджінің күтілген немесе болжанған жұмыс істеу мерзімін білдіреді, ол болса, басылымдардың орташа санын білдіреді және ISO/IEC 19752 стандартына сәйкес жасалған (118-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" қараңыз).</p> <p>Беттер санына жұмыс ортасы, басып шығару аралығы, дерек тасушыларының түрі мен өлшемі әсер етуі мүмкін.</p> <p>Срок служ. истек Замен. картриджхабарламасы көрсетіліп, принтер басып шығаруды тоқтатса да, картриджде біраз мөлшерде тонер қалуы мүмкін.</p>	Тонер картриджін ауыстырыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).
Ошибка [қате нөмірі] Выкл. и вкл.уст.	Жүйелік қате орын алды	Құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Егер ақаулық жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Установите карт.	Тонер картриджі дұрыс орнатылмаған немесе мүлдем жоқ.	Орнына дұрыс отырғанын растау үшін тонер картриджін екі немесе үш рет қайта орнатыңыз. Мәселе шешілмесе, демек тонер картриджі анықталмайды. Қолдау қызметінің өкілдеріне хабарласыңыз.
Загрузите [дерек тасушыларының өлшемі] в [науа нөмірі]	Тиісті науада тиісті қағаз жоқ.	Тиісті қағазды тиісті науаға салыңыз (50-беттегі "Науаға қағаз салу" қараңыз).
Память заполн. Удалите задание	Жад толы.	Отмена немесе Пуск түймесін бөлектеу үшін сол/оң көрсеткісін басып, одан кейін OK түймесін басыңыз. Отмена түймесі таңдалса, құрылғы факс тапсырмасын тоқтатады. Пуск түймесі таңдалса, құрылғы тек факс тапсырмасының сканерленген құжаттарын жібереді.
Ошибка подкл.: Конфликт IP	IP мекенжайын басқа құрылғы қолдануда.	IP мекенжайын тексеріңіз немесе жаңа IP мекенжайын алыңыз.
Нет ответа	Алушы факс құрылғысы бірнеше қайта теру әрекетіне жауап бермеді.	Әрекетті қайталаңыз. Алушы құрылғы жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
Несовместимый карт. с тонером	Тонер картриджі құрылғыңызға сәйкес келмейді.	Шынайы Samsung картриджімен тонер картриджін орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).
Вых. лоток зап. Извлеките бумагу	Шығару науасы толы. Немесе сенсор төмен қарап тұрған жоқ.	Шығару науасынан қағаздарды алыңыз, сонда құрылғы басып шығаруды жалғастырады. Немесе сенсордың төмен қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер ақаулық жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
МЦЛ: нет бумаги в [науа нөмірі]	Көрсетілген науада қағаз жоқ.	Науаға қағаз салыңыз (50-беттегі "Науаға қағаз салу" қараңыз).

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Вставьте кассету [науа нөмірі]	Көрсетілген науа кассетасы салынбаған немесе дұрыс жабылмаған.	Науаны жабу үшін артқы жиегін төмендетіп ұясымен туралаңыз да, принтер ішіне сырғытыңыз.
Замятие в МЦЛ	Қолмен беру науасының аумағында қағаз кептеліп қалды.	Кептелуді жойыңыз (102-беттегі "Қолмен беру науасында" қараңыз).
Замятие в лотке 1	1-науа аумағында қағаз кептеліп қалды.	Кептелуді жойыңыз (102-беттегі "1-науада" қараңыз).
Замятие внутри устр.	Құрылғы ішінде қағаз кептеліп қалды.	Кептелуді жойыңыз (103-беттегі "Құрылғы ішінде" қараңыз).
Замятие в области выхода	Арнайы баспа деректері тасушылары қағаз шығару аумағында кептеліп қалды.	Кептелуді жойыңыз. <ul style="list-style-type: none"> (103-беттегі "Шығару аумағында" қараңыз). (102-беттегі "Қолмен беру науасында" қараңыз).
Подготовьте новый картридж	Көрсетілген картриджде біраз мөлшерде тонер қалды. Тонердің болжанған жұмыс істеу мерзімі жақындады.	Ауыстыру үшін жаңа картриджді дайындаңыз. Тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша жақсартуға болады (100-беттегі "Тонерді қайта тарату" қараңыз).
Удал. защ. ленту и уст.кар.с тон.	Құрылғы тонер картриджін таппады.	Тонер картриджінен бекіту таспасын алып тастаңыз. Орнату жөніндегі қысқаша нұсқаулықты қараңыз.


Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Замените карт.	Көрсетілген тонер картриджінің болжанған жұмыс істеу мерзімі аяқталуға жақын.	<p>Басқару тақтасында көрсетілгендей Остановить немесе Продолжить түймелерінің бірін таңдауға болады. Остановить түймесі таңдалса, принтер басып шығаруды тоқтатады және картридж ауыстырылғанша басып шығару мүмкін болмайды. Продолжить түймесі таңдалса, принтер басып шығаруды жалғастырады, бірақ басып шығару сапасына кепілдік берілмейді.</p> <p>Бұл хабарлама көрсетілгенде, басып шығару сапасының жоғары болуы үшін тонер картриджін ауыстырыңыз. Бұл кезеңнен кейін картриджді пайдалану басып шығару сапасына қатысты мәселелер туындауы мүмкін (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).</p> <p> Samsung компаниясы қайта толтырылған немесе қайта өндірілген сияқты шынайы емес Samsung тонер картридждерін пайдалануға кеңес бермейді. Samsung компаниясы шынайы емес Samsung тонер картридждерінің сапасына кепілдік бермейді. Шынайы емес Samsung тонер картридждерін пайдалану нәтижесінде қажет болған қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын құрылғының кепілдігіне кірмейді.</p>





Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Установите новый термофиксатор	Балқыту құралының жұмыс істеу мерзімі аяқталды.	Балқыту құралын ауыстырыңыз. Қолдау қызметінің өкілдеріне хабарласыңыз.
Идет самодиагн. Подождите	Принтердегі қозғалтқыш байқалған кейбір мәселелерді тексеріп жатыр.	Бірнеше минут күте тұрыңыз.
Слишк. мн.факсов Удалите задание	Тым көп факс алынды.	Алынған факсті құрылғыдан алыңыз.

Басқа мәселелерді шешу

Төмендегі кестеде орын алуы мүмкін кейбір жағдайлар мен ұсынылатын шешімдер келтірілген. Мәселе шешілгенше ұсынылған шешімдерді орынданыз. Егер ақаулық жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қуатқа байланысты мәселелер

 Қуатқа байланысты мәселелер туралы анимацияны ашу үшін осы сілтемені басыңыз.

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғыға қуат берілмейді немесе компьютер мен құрылғы арасындағы байланыс кабелі дұрыс қосылмаған.	<ul style="list-style-type: none"> Қуат кабелін розеткаға тығыңыз да, басқару тақтасындағы  (қуат) түймесін басыңыз.  <ul style="list-style-type: none"> Құрылғы кабелін ағытып қайта қосыңыз. <ul style="list-style-type: none"> Жергілікті түрде басып шығару үшін  Желі арқылы басып шығару үшін (тек network model) 

Қағаз беру мәселелері

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
Басып шығару кезінде қағаз кептеліп қалады.	Қағаз кептелуін жойыңыз (102-беттегі "Қағаз кептелулерін жою" қараңыз).
Қағаздар бір-біріне жабысып қалады.	<ul style="list-style-type: none"> • Науаның қағаз сыйымдылығын тексеріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). • Тиісті қағаз түрін пайдаланып отырғаныңызға көз жеткізіңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). • Қағазды науадан шығарып алып, оны майыстырыңыз немесе үрлеңіз. • Жоғары ылғалдылық жағдайлары кейбір қағаздың бір-біріне жабысып қалуына себеп болуы мүмкін.
Бірнеше парақ берілмейді.	Науаға қағаздардың бірнеше түрі салынған болуы мүмкін. Тек түрі, өлшемі және салмағы бірдей қағаздарды салыңыз.
Қағаз құрылғыға берілмейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Құрылғы ішіндегі кез келген кедергілерді алып тастаңыз. • Қағаз дұрыс салынбаған. Қағазды науадан шығарып алып, оны тиісті түрде қайта салыңыз. • Науаға тым көп қағаз салынған. Артық қағазды науадан алыңыз. • Қағаз тым қалың. Тек құрылғының сипаттамаларына сәйкес келетін қағазды пайдаланыңыз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). • Түпнұсқалы құжат құрылғыға берілмесе, демек құжат бергіштің резеңке жастықшасы ауыстырылуы қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
	<ul style="list-style-type: none"> • Науаға тым көп қағаз салынған. Артық қағазды науадан алыңыз. Арнайы материалдарға басып шығарып жатсаңыз, қолмен беру науасын пайдаланыңыз. • Қағаздың дұрыс емес түрі пайдаланылуда. Тек құрылғының сипаттамаларына сәйкес келетін қағазды пайдаланыңыз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). • Құрылғы ішінде қалдықтар болуы мүмкін. Алдыңғы есікті ашып, қалдықтарды алып тастаңыз. • Түпнұсқалы құжат құрылғыға берілмесе, демек құжат бергіштің резеңке жастықшасы ауыстырылуы қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
Қағаз шығару науасында үлдірлер бір-біріне жабысып қалады.	Тек лазерлік принтерлерде қолданылуға жасалған үлдірлерді пайдаланыңыз. Құрылғыдан шыққан кезде әр үлдірді алып отырыңыз.
Конверттер ығысады немесе дұрыс берілмейді.	Қағаз бағыттауыштары конверттің екі жағына да тірелгеніне көз жеткізіңіз.

Басып шығару мәселелері

Жағдайы	Ықтимал себебі	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	Құрылғыға қуат берілмейді.	Қуат кабелінің қосылуын тексеріңіз.
	Құрылғы әдепкі құрылғы ретінде таңдалмаған.	Windows жүйесінде құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде таңдаңыз.
	Құрылғыда мына жағдайларды тексеріңіз: <ul style="list-style-type: none"> Алдыңғы есік жабылмаған. Алдыңғы есікті жабыңыз. Қағаз кептеліп қалған. Қағаз кептелуін жойыңыз (102-беттегі "Қағаз кептелулерін жою" қараңыз). Қағаз салынбаған. Қағаз салыңыз (50-беттегі "Науаға қағаз салу" қараңыз). Тонер картриджі орнатылмаған. Тонер картриджін орнатыңыз. Жүйелік қате орын алса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.	
	Компьютер мен құрылғы арасындағы байланыс кабелі дұрыс қосылмаған.	Құрылғы кабелін ағытып қайта қосыңыз.
	Компьютер мен құрылғы арасындағы байланыс кабелі ақаулы.	Мүмкін болса, кабельді дұрыс жұмыс істеп тұрған басқа компьютерге қосып, тапсырманы басып шығарыңыз. Сондай-ақ, басқа құрылғы кабелін пайдаланып көруге болады.
	Порт параметрі дұрыс емес.	Windows жүйесінде принтер параметрін тексеріп, басып шығару тапсырмасы тиісті портқа жіберілгеніне көз жеткізіңіз. Компьютерде бірнеше порт болса, құрылғы тиісті портқа қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Құрылғы дұрыс конфигурацияланбағаны мүмкін.	Барлық басып шығару параметрлері дұрыс екенін қамтамасыз ету үшін Басып шығару теңшелімдері тармағын қараңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
	Принтер драйвері дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Құрылғының бағдарламалық құралын түзетіңіз (33-беттегі "USB қосылған құрылғы драйверін орнату", 40-беттегі "Сымды желіні немесе USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).
Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді.	Құрылғыда жүйелік қатенің болуын көру үшін басқару тақтасындағы экран хабарламаларын қараңыз. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.	



Жағдайы	Ықтимал себебі	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	Компьютердің қатты дискіндегі бос орын басып шығару тапсырмасына қол жеткізу үшін жеткіліксіз, себебі құжаттың өлшемі тым үлкен.	Қатты дискіде орын босатып, құжатты қайтадан басып шығарыңыз.
	Шығару науасы толы.	Шығару науасынан қағаздарды алғаннан кейін құрылғы басып шығаруды жалғастырады.
Құрылғы тиісті емес қағаз көзінен басып шығару материалдарын таңдайды.	Басып шығару теңшелімдері тармағында таңдалған қағаз параметрі дұрыс болмауы мүмкін.	Бағдарламалық құралдардың көбінде қағаз көзін таңдау параметрі Басып шығару теңшелімдері тармағындағы «Қағаз» қойындысында болады. Тиісті қағаз көзін таңдаңыз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
		Беттің күрделілігін төмендетіңіз немесе басып шығару сапасының параметрлерін реттеп көріңіз.
Басып шығару тапсырмасы өте баяу.	Тапсырма өте күрделі болуы мүмкін.	Беттің күрделілігін төмендетіңіз немесе басып шығару сапасының параметрлерін реттеп көріңіз.
Беттің жартысы бос.	Бет бағыты параметрі дұрыс болмауы мүмкін.	Бағдарламада бет бағытын ауыстырыңыз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз.
	Қағаз өлшемі мен қағаз өлшемінің параметрлері бір-біріне сәйкес келмейді.	Принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемі науадағы қағазға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Немесе принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемі қолданып отырған бағдарламалық құралдағы параметрлердегі қағаз таңдауына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.





Жағдайы	Ықтимал себебі	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығарады, бірақ мәтін дұрыс емес, бүлінген немесе толық емес.	Құрылғы кабелі босап кеткен немесе ақаулы.	Құрылғы кабелін ағытып қайта қосыңыз. Бұдан бұрын сәтті түрде басып шығарған тапсырманы көріңіз. Мүмкін болса, кабельді дұрыс жұмыс істейтіні белгілі басқа компьютерге қосып, тапсырманы басып шығарыңыз. Әйтпесе, басқа құрылғы кабелін қолданып көріңіз.
	Дұрыс емес принтер драйвері таңдалған.	Құрылғыңыз таңдалғанына көз жеткізу үшін бағдарламаның принтерді таңдау мәзірін қараңыз.
	Бағдарламалық құрал дұрыс жұмыс істемейді.	Басқа бағдарламадан тапсырманы басып шығарып көріңіз.
	Амалдық жүйе дұрыс жұмыс істемейді.	Windows жүйесінен шығып, компьютерді қайта іске қосыңыз. Құрылғыны өшіріп қайта қосыңыз.
Беттер басылып шығады, бірақ олар бос.	Тонер картриджі ақаулы немесе тонер таусылды.	Қажет болса, тонерді қайта таратыңыз. Қажет болса, тонер картриджін ауыстырыңыз.
	Файлда бос беттер болуы мүмкін.	Бос беттері жоқ екеніне көз жеткізу үшін файлды тексеріңіз.
	Контроллер немесе тақта сияқты кейбір бөлшектер ақаулы болуы мүмкін.	Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
Құрылғы PDF файлын дұрыс басып шығармайды. Сызба, мәтін немесе суреттердің кейбір бөліктері жоқ.	PDF файлы мен Acrobat өнімдерінің арасындағы үйлесімсіздік.	PDF файлын сурет ретінде басып шығару файлды басып шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Acrobat бағдарламасындағы басып шығару параметрлерінен Сурет ретінде басып шығару параметрін қосыңыз.  PDF файлын сурет ретінде басып шығаруға көбірек уақыт жұмсалады.




Жағдайы	Ықтимал себебі	Ұсынылатын шешімдер
Фотосуреттердің басып шығару сапасы төмен. Суреттер анық емес.	Фотосуреттің ажыратымдылығы өте төмен.	Фотосурет өлшемін азайтыңыз. Фотосурет өлшемін бағдарламалық құралда үлкейтсеңіз, ажыратымдылық төмендейді.
Басып шығарудан бұрын, құрылғы шығару науасының жанынан бу шығарады.	Ылғал қағаз қолданылғанда басып шығару кезінде бу шығуы мүмкін.	Бұл мәселе емес. Басып шығаруды жалғастыра беріңіз.
Құрылғы есепшот қағазы сияқты өлшемі ерекше қағазды басып шығармайды.	Қағаз өлшемі мен қағаз өлшемінің параметрі бір-біріне сәйкес келмейді.	Тиісті қағаз өлшемін Параметры нестандартного размера бумаги параметрінде Бумага қойындысында Басып шығару теңшелімдері тармағында орнатыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).






Басып шығару сапасына байланысты мәселелер





Құрылғының іші кір немесе қағаз дұрыс салынбаған болса, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Мәселені шешу үшін төмендегі кестегі қараңыз.


Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Басып шығару түсі ашық немесе оңып кеткен</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Бетте тігінен ақ сызық немесе түсі оңып кеткен аумақ пайда болса, демек тонер аз беріледі. Тонер картриджінің жұмыс істеу мерзімін уақытша созуға болады (100-беттегі "Тонерді қайта тарату" қараңыз). Мұның нәтижесінде басып шығару сапасы жақсармаса, жаңа тонер картриджін орнатыңыз. Қағаз сипаттамаларға сәйкес келмеуі мүмкін; мысалы, қағаз тым ылғал немесе бұдыр болуы мүмкін (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Бет толығымен ашық түсті болса, демек басып шығарудың ажыратымдылық параметрі тым төмен немесе тонерді үнемдеу режимі қосылған. Басып шығару ажыратымдылығын реттеңіз және тонерді үнемдеу режимін өшіріңіз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз. Түсі оңып кеткен немесе көмескі ақаулықтардың бірге байқалуы тонер картриджі тазалануы қажет екенін білдіруі мүмкін (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз). Құрылғы ішіндегі LSU бөлігінің беті кір болуы мүмкін (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз).
<p>Тонер түйіршіктері</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Қағаз сипаттамаларға сәйкес келмеуі мүмкін; мысалы, қағаз тым ылғал немесе бұдыр болуы мүмкін (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Тасымалдау ролигі кір болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз. Қағаз жолын тазалау қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Басылмаған аумақтар</p> 	<p>Әдетте домалақ болатын түсі оңған аумақтар кездейсоқ түрде бетте байқалса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Парақ ақаулы болуы мүмкін. Тапсырманы қайта басып шығарып көріңіз. Қағаздың құрамындағы ылғалдылық бір қалыпты тарамаған немесе қағаздың бетінде ылғал жерлер бар. Басқа маркалы қағазды қолданып көріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Қағаз топтамасы нашар. Өндіру процестері тонерді қабылдамауға әкелуі мүмкін. Қағаздың басқа түрін немесе маркасын қолданып көріңіз. Принтер параметрін өзгертіп, әрекетті қайталаңыз. Басып шығару теңшелімдері тармағына өтіп, Бумага қойындысын таңдаңыз да, түрін плотная бумага параметріне қойыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз). Бұл қадамдардың нәтижесінде мәселе шешілмесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<p>Ақ түсті жерлер</p> 	<p>Бетте ақ түсті жерлер пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Қағаз тым бұдыр және құрылғының ішкі жабдықтарына қағаздан кір түседі, сондықтан тасымалдау ролигі кір болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз). Қағаз жолын тазалау қажет болуы мүмкін (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз).
<p>Тік сызықтар</p> 	<p>Бетте тік қара сызықтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Құрылғы ішіндегі тонер картриджінің беті (барабан бөлігі) сызылған болуы мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз). <p>Бетте тік ақ сызықтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Құрылғы ішіндегі LSU бөлігінің беті кір болуы мүмкін (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз).
<p>Өң – қара</p> 	<p>Өң көлеңкесі жарамсыз дәрежеге жетсе:</p> <ul style="list-style-type: none"> Салмағы төменірек қағазға ауысыңыз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Қоршаған орта жағдайларын тексеріңіз: өте құрғақ жағдайлар немесе жоғары ылғалдылық деңгейі (80 % салыстырмалы ылғалдылықтан жоғары) өң көлеңкесінің мөлшерін арттыруы мүмкін. Ескі тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).


Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Тонер жағылады</p> 	<p>Тонер бетке жағылса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Құрылғының ішін тазалаңыз (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз). Қағаз түрі мен сапасын тексеріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).
<p>Қайталанатын тік ақаулықтар</p> 	<p>Беттің басып шығарылатын жағында бір қалыпты аралықтарда дақтар қайталанып пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Тонер картриджі зақымдалған болуы мүмкін. Өлі де сол мәселе шешілмесе, тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз). Құрылғының бөлшектерінде тонер болуы мүмкін. Ақаулықтар беттің артқы жағында болса, демек мәселе бірнеше беттен кейін өзі шешіледі. Балқыту құралы зақымдалған болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<p>Өңдік шашылу</p> 	<p>Өңдік шашылу басып шығарылған бетте тонердің кездейсоқ түрде таралуынан пайда болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> Қағаз тым ылғал болуы мүмкін. Қағаздың басқа топтамасымен басып шығарып көріңіз. Қағаз тым көп ылғалды сорып алмауы үшін орамаларды қажетсіз ашпаңыз. Өңдік шашылу конвертте орын алса, артқы жағында бір-біріне қиылысқан түйісу жерлері бар аумақтарда басып шығармау үшін басып шығару орналасуын өзгертіңіз. Түйісу жерлеріне басып шығарған кезде мәселелер туындауы мүмкін. Өңдік шашылу басып шығарылған беттің барлық жерінде болса, бағдарламалық құрал арқылы немесе Басып шығару теңшелімдері тармағында басып шығару ажыратымдылығын реттеңіз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Таңбалардың пішіні дұрыс емес</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Таңбалардың пішіні дұрыс болмаса және іші бос болса, қағаз бумасы тым тегіс болуы мүмкін. Басқа қағазды қолданып көріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Таңбалардың пішіні дұрыс болмаса және толқын сияқты болып көрінсе, сканер құрылғысына қызмет көрсету қажет болуы мүмкін (98-беттегі "Сканерлеу блогын тазалау" қараңыз).
<p>Беттің ығысуы</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Қағаз дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Қағаз түрі мен сапасын тексеріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Бағыттауыштар қағаз бумасын тым қатты немесе тым бос ұстап тұрмағанына көз жеткізіңіз.
<p>Иілу немесе толқын</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Қағаз дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Қағаз түрі мен сапасын тексеріңіз. Жоғары температура мен ылғалдылық қағаздың иілуіне себеп болуы мүмкін (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Науадағы қағаз бумасын аударыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.
<p>Қыртыстар немесе мыжылған жерлер</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Қағаз дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Қағаз түрі мен сапасын тексеріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Науадағы қағаз бумасын аударыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.
<p>Басылымдардың артқы жағы кір</p> 	<p>Картриджден түскен тонерді іздеңіз. Құрылғының ішін тазалаңыз (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз).</p>

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Бір түспен толық боялған немесе қара беттер</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Тонер картриджі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. Картриджді шығарып қайтадан салыңыз. Тонер картриджі ақаулы болуы мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз). Құрылғыны жөндеу қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<p>Тонер дұрыс жабыспайды</p> 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғының ішін тазалаңыз (98-беттегі "Құрылғының ішін тазалау" қараңыз). Қағаз түрі мен сапасын тексеріңіз (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз). Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз). Мәселе шешілмесе, демек құрылғыны жөндеу қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<p>Таңбадағы бос жерлер</p> 	<p>Таңбадағы бос жерлер – толығымен қара болуы тиіс таңбалардың бөліктеріндегі ақ аумақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Үлдірлерді пайдаланып отырған болсаңыз, басқа түрін қолданып көріңіз. Үлдірлердің құрамына байланысты таңдалардың кейбір жерлері бос болуы қалыпты жағдай болып табылады. Қағаздың теріс бетінде басып шығарған болуыңыз мүмкін. Қағазды алып, оны аударыңыз. Қағаз сипаттамаларға сәйкес келмеуі мүмкін (123-беттегі "Басып шығару материалының сипаттамалары" қараңыз).
<p>Көлденең жолақтар</p> 	<p>Егер көлденең орналасқан сызықтар немесе көмескі жерлері пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> Тонер картриджі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. Картриджді шығарып қайтадан салыңыз. Тонер картриджі ақаулы болуы мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз). Мәселе шешілмесе, демек құрылғыны жөндеу қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Иілу</p> 	<p>Басып шығарылған қағаз иілген болса немесе қағаз құрылғыға берілмесе:</p> <ul style="list-style-type: none"> Науадағы қағаз бумасын аударыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз. Принтер параметрін өзгертіп, әрекетті қайталаңыз. Басып шығару теңшелімдері тармағына өтіп, Бумага қойындысын таңдаңыз да, түрін тонкая бумага параметріне қойыңыз (57-беттегі "Басып шығару басымдықтарын ашу" қараңыз).
<p>Белгісіз бір сурет қайталанып бірнеше парақта пайда болады не тонер дұрыс жабыспайды, басылым түсі ашық немесе кірлену орын алады.</p>	<p>Құрылғыны 1 000 м-де немесе одан жоғары орналасқан жерде пайдаланып отырған боларсыз. Биіктік басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін, мысалы тонер дұрыс жабыспауы немесе басылымның түсі ашық болуы мүмкін. Құрылғыңызда тиісті биіктік параметрін өзгертіңіз (44-беттегі "Биіктігін реттеу" қараңыз).</p>

Көшіру мәселелері

Жағдайы	Ұсынылатын шешім
Көшірмелердің түсі тым ашық немесе тым қою.	Көшірмелердің өңінің түсін ашу немесе қоюлату үшін Копирование функциясындағы Яркость параметрін пайдаланыңыз (65-беттегі "Ашықтығын өзгерту" бөлімін қараңыз).
Көмескі жерлер, сызықтар, дақтар немесе нүктелер көшірмелерде пайда болады.	<ul style="list-style-type: none"> Ақаулықтар түпнұсқалы құжатта болса, көшірмелердің өңінің түсін ашу үшін Копирование функциясындағы Яркость параметрін пайдаланыңыз (65-беттегі "Ашықтығын өзгерту" бөлімін қараңыз). Түпнұсқалы құжатта ақаулықтар болмаса, сканерлеу құрылғысын тазалаңыз (98-беттегі "Сканерлеу блогын тазалау" қараңыз).
	
Көшірме суреті ығысқан.	<ul style="list-style-type: none"> Түпнұсқалы құжат сканер шынысында төмен немесе құжат бергіште жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Көшірме қағазы тиісті түрде салынғанын тексеріңіз.
Көшірмелер бос болып басып шығарылады.	Түпнұсқалы құжат сканер шынысында төмен немесе құжат бергіште жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
Сурет көшірмеден оңай ажырайды.	<ul style="list-style-type: none"> Науадағы қағазды жаңа орамадан алынған қағазбен алмастырыңыз. Ылғалдылығы жоғары аумақтарда қағазды құрылғыда ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.
Көшіру қағазы жиі кептеліп қалады.	<ul style="list-style-type: none"> Қағаз бумасын үрлеңіз, одан кейін оны науаға аударып салыңыз. Науадағы қағазды жаңа жабдықпен алмастырыңыз. Қажет болса, қағаз бағыттауыштарын тексеріңіз немесе реттеңіз. Қағаздың салмағы тиісті екенін қамтамасыз етіңіз. Қағаздың кептелуі жойылғаннан кейін құрылғыда қалып қою мүмкін көшірме қағазын немесе оның бөліктерін іздеңіз.
Тонер картриджі тонері таусылғанша күтілгеннен аз көшірме жасайды.	<ul style="list-style-type: none"> Түпнұсқалы құжаттарда суреттер, толығымен боялған аумақтар немесе қалың сызықтар болуы мүмкін. Мысалы, тонерді көбірек пайдаланатын пішіндерді, жаршыларды, кітаптарды немесе басқа құжаттарды түпнұсқалы құжаттар ретінде қолдануыңыз мүмкін. Көшірме жасалған сканер қақпағы ашық ұстаған болуыңыз мүмкін. Құрылғыны өшіріп қайта қосыңыз.

Сканерлеу мәселелері

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
Сканер жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> Түпнұсқалы құжат сканер шынысында төмен немесе құжат бергіште жоғары қаратылып орналастырылғанына көз жеткізіңіз. Сканерлеу келетін құжатты сыйдыратын бос жад болмауы мүмкін. Просмотр функциясын қолданып көріңіз. Сканерлеу ажыратымдылығын төмендетіп көріңіз. Құрылғы кабелі тиісті түрде қосылғанын тексеріңіз. Құрылғы кабелінің ақаулы болмағанына көз жеткізіңіз. Кабельді жұмыс істейтін белгілі басқа кабельмен ауыстырыңыз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз. Сканер дұрыс конфигурацияланғанын тексеріңіз. Сканерлеу тапсырмасы тиісті портқа (мысалы, USB001) жіберілетініне көз жеткізу үшін SmartThru немесе пайдаланылатын басқа бағдарламада сканерлеу параметрін тексеріңіз.
Құрылғы тым баяу сканерлейді.	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы алынған деректерді басып шығарып жатпағанын тексеріңіз. Олай болса, алынған деректер басып шығарылғаннан кейін құжатты сканерлеңіз. Сызбалар мәтінмен салыстырғанда баяу сканерленеді. Сканерленген суретті талдау және қайта жасау үшін көп мөлшерде жад қажет болатындықтан сканерлеу режимінде хабарласу жылдамдығы төмендейді. BIOS параметрі арқылы компьютерді ECP принтер режиміне орнатыңыз. Бұл жылдамдықты арттыруға көмектеседі. BIOS параметрлерін орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютердің нұсқаулығын қараңыз.
Компьютер экранында хабарлама көрсетіледі:	<ul style="list-style-type: none"> Көшіру немесе басып шығару тапсырмасы орындалып жатқан болуы мүмкін. Сол тапсырма аяқталғаннан кейін тапсырмаңызды қайта орындап көріңіз. Таңдалған порт қазіргі уақытта қолданылуда. Компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайталаңыз. Құрылғы кабелі дұрыс қосылмаған немесе құрылғы өшірілген болуы мүмкін. Сканер драйвері немесе жұмыс ортасы дұрыс орнатылмаған. Құрылғы дұрыс қосылғанына және қосулы болғанына көз жеткізіңіз де, компьютерді қайта іске қосыңыз. USB кабелі дұрыс қосылмаған немесе құрылғы өшірілген болуы мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> Құрылғыны қажетті Н/В күйіне орнату мүмкін емес. Портты басқа бағдарлама пайдалануда. Порт ажыратылған. Деректерді алуға немесе басып шығаруға байланысты сканер бос емес. Ағымдағы тапсырма аяқталғаннан кейін әрекетті қайталаңыз. Дұрыс емес таңбалауыш. Сканерлеу орындалмады. 	

Факс мәселелері

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы жұмыс істемейді, экран сөніп тұр немесе түймелер жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> Қуат кабелін ағытып, оны қайта қосыңыз. Розеткада ток бар екендігіне көз жеткізіңіз.
Теру үні естілмейді.	<ul style="list-style-type: none"> Телефон кабелі тиісті түрде қосылғанын тексеріңіз. Басқа телефонды жалғау арқылы телефон розеткасы жұмыс істейтінін тексеріңіз.
Жадта сақталған нөмірлер тұрыс терілмейді.	Нөмірлер жадта дұрыс сақталғанына көз жеткізіңіз. Адресная книга тізімін басып шығарыңыз (83-беттегі "Мекенжай кітапшасын орнату" бөлімін қараңыз).
Түпнұсқалы құжат құрылғыға берілмейді.	<ul style="list-style-type: none"> Қағаз қыртыспағанына және дұрыс салынып жатқанына көз жеткізіңіз. Түпнұсқалы құжаттың өлшемі тиісті екенін, тым қалың немесе жұқа емес екенін тексеріңіз. Құжат бергіш мықты жабылғанына көз жеткізіңіз. Құжат бергіштің резеңке жастықшасын ауыстыру қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
Факстар автоматты түрде алынбайды.	<ul style="list-style-type: none"> Алу режимін факсқа қою керек. Науада қағаздың бар екеніне көз жеткізіңіз. Экранда кез келген қате туралы хабарлама көрсетілмегенін тексеріңіз. Көрсетілген болса, мәселені шешіңіз.
Құрылғы жібермейді.	<ul style="list-style-type: none"> Түпнұсқалы құжат құжат бергішке немесе сканер шынысына салынғанына көз жеткізіңіз. Факс жіберіп жатқан факс құрылғысын тексеріп, ол факс қабылдай алатынын көріңіз.
Кіріс факста бос орындар бар немесе оның сапасы төмен.	<ul style="list-style-type: none"> Факсты жіберген факс құрылғысы ақаулы болуы мүмкін. Телефон желісіндегі шуылдар желі қателерін туғызуы мүмкін. Көшірме жасау арқылы құрылғыңызды тексеріңіз. Көрсетілген тонер картриджінің болжанған жұмыс істеу мерзімі аяқталды. Тонер картриджін ауыстырыңыз (119-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).
Кіріс факсындағы кейбір сөздер созылған.	Факсты жіберген факс құрылғысында уақытша құжат кептелуі болды.
Сіз жіберген түпнұсқалы құжатта сызықтар бар.	Сканерлеу құрылғысында дақтардың болуын тексеріп, оны тазалаңыз (98-беттегі "Сканерлеу блогын тазалау" қараңыз).


Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
	Басқа факс құрылғысы өшірілген болуы мүмкін немесе ол кіріс қоңырауларға жауап бере алмайды. Басқа құрылғының операторымен сөйлесіп, одан мәселені шешуді сұраңыз.
Факстар жадта сақталмайды.	Факсты сақтау үшін жадта жеткілікті орын болмауы мүмкін. Жад күйін білдіретін экран көрсетілсе, қажет болмаған факстарды жадтан жойып, факсты сақтау әрекетін қайталаңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Әрбір немесе екі беттің бірінің төменгі жағында, үстіңгі жағында кіші мәтін жолағы бар, бос аумақтар пайда болады	Пайдаланушы параметрлерінде дұрыс емес қағаз параметрлерін таңдаған болуыңыз мүмкін. Қағаз параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін 54-беттегі "Қағаз түрі мен өлшемін орнату" қараңыз.

Диспетчер сканирования Samsung мәселесі

Жағдайы	Ұсынылатын шешім
Диспетчер сканирования Samsung жұмыс істемейді.	Жүйелік талаптарды тексеріңіз. Диспетчер сканирования Samsung Windows және Mac OS жүйелерінде жұмыс істейді (32-беттегі "Жүйе талаптары" қараңыз).

Windows жүйесінде жиі кездесетін мәселелер

Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
«Файл қолданыста» хабарламасы орнату кезінде көрсетіледі.	Барлық бағдарламалық құралдардан шығыңыз. Принтердің іске қосу тобынан барлық бағдарламалық құралды жойыңыз да, одан кейін Windows жүйесін қайта іске қосыңыз. Принтер драйверін қайтадан орнатыңыз.
«Жалпы қорғау қатесі», «ОЕ қиыс жағдайы», «32-кезек» немесе «Рұқсатсыз әрекет» хабарламалары көрсетіледі.	Басқа барлық бағдарламаларды жауып, Windows жүйесін қайта іске қосыңыз да, басып шығару әрекетін қайталаңыз.
«Fail To Print», «A printer timeout error occurred» хабарламалары көрсетіледі.	Бұл хабарламалар басып шығару кезінде көрсетілуі мүмкін. Құрылғы басып шығаруды аяқтағанша күте тұрыңыз. Хабарлама күту режимінде немесе басып шығару аяқталғаннан кейін көрсетілсе, байланысты және/немесе қате орын алғанын не орын алмағанын тексеріңіз.

 Windows жүйесінің қате туралы хабарламалары бойынша қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге берілген Microsoft Windows нұсқаулығын қараңыз.


Linux жүйесінде жиі кездесетін мәселелер


Жағдайы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Құрылғы басып шығармайды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Принтер драйвері жүйеде орнатылғанын тексеріңіз. Unified Driver Configurator ашыңыз да, Printers қойындысына Printers configuration терезесінде өтіп, бар құрылғылар тізімін қараңыз. Тізімде құрылғыңыз көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Көрсетілмесе, құрылғыны орнату үшін Add new printer wizard ашыңыз. • Құрылғы іске қосылғанын тексеріңіз. Printers configuration ашып, құрылғыны принтерлер тізімінен таңдаңыз. Selected printer аумағындағы сипаттаманы қараңыз. Оның күйінде Stopped жолы болса, Start түймесін басыңыз. Одан кейін құрылғының қалыпты түрде жұмыс істеуі қалпына келуі тиіс. Басып шығару кезінде кейбір мәселелер туындаса, «Тоқтатылған» күйі қосылуы мүмкін. Мысалы, портты сканерлеу бағдарламасы қолданған кезде құжатты басып шығаруға әрекет жасалғанда орын алуы мүмкін. • Порт бос болғанына көз жеткізіңіз. Құрылғының функционалдың құрамдас бөліктері (принтер мен сканер) бір енгізу/шығару интерфейсі (портын) қолданатындықтан бірнеше пайдаланушы бағдарламаларының бір портқа қол жеткізу жағдайы мүмкін. Қайшылықтарға жол бермеу үшін олардың біреуіне ғана құрылғыны басқаруға рұқсат беріледі. Басқа пайдаланушыға «құрылғы бос емес» жауабы беріледі. Порттар конфигурациясын ашып, құрылғыға тағайындалған портты таңдауыңыз керек. Selected port аумағында портты басқа бір бағдарлама қолданып отырғанын көруге болады. Қолданып отырған болса, ағымдағы тапсырманың аяқталуын күту немесе, ағымдағы бағдарлама дұрыс жұмыс істемей тұрғанына сенімді болсаңыз, Release port түймесін басу керек. • Бағдарламада «-ogaw» сияқты арнайы басып шығару параметрінің болуын тексеріңіз. Пәрмен жолының параметрінде «-ogaw» көрсетілген болса, дұрыс басып шығару үшін оны жойыңыз. Gimp бағдарламасында, «print» -> «Setup printer» пәрмендерін таңдап, пәрмен элементінде пәрмен жолының параметрін өңдеңіз. • SuSE Linux 9.2 (cups-1.1.21) жүйесімен бірге таратылатын CUPS (Жалпы Unix басып шығару жүйесі) нұсқасында ipr (Интернет арқылы басып шығару протоколы) көмегімен басып шығаруға байланысты мәселе бар. ipr орнына ұя арқылы басып шығаруды пайдаланыңыз немесе CUPS жүйесінің кейінгі нұсқасын (cups-1.1.22 немесе одан кейінгі) орнатыңыз.
<p>Құрылғы беттерді тұтас басып шығармайды және беттің жартысы басып шығарылады.</p>	<p>64 биттік Linux амалдық жүйесінде Ghostscript бағдарламасының 8.51 немесе одан бұрынғы нұсқаларында түрлі-түсті құрылғы қолданылғанда орын алатын белгілі мәселе. Ол 688252 нөмірлі Ghostscript қатесі ретінде «bugs.ghostscript.com» сайтына хабарланған. Мәселе AFPL Ghostscript бағдарламасының 8.52 немесе одан кейінгі нұсқаларында шешілген. Бұл мәселені шешу үшін «http://sourceforge.net/projects/ghostscript/» сайтынан AFPL Ghostscript бағдарламасының соңғы нұсқасын жүктеңіз.</p>
<p>Gimp бағдарламасы арқылы сканерлеу мүмкін емес.</p>	<p>Gimp бағдарламасында Xsane қондырмасының болуын тексеріңіз: Device dialog. Acquire мәзірінде. Ол жоқ болса, компьютерге Gimp үшін Xsane қондырмасын орнатуыңыз керек. Gimp бағдарламасына арналған Xsane қондырмасын Linux жүйесінің дискінде немесе Gimp бағдарламасының өзіндік бетінде табуға болады. Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін Linux жүйесінің дискінің немесе Gimp бағдарламасының анықтамасын қараңыз.</p> <p>Сканерлеу бағдарламасының басқа түрін қолданғыңыз келсе, бағдарламаның анықтамасын қараңыз.</p>
